

# ҰЛАҒАТ

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.*

ҚАРАША

6

НОЯБРЬ

ЖЕЛТОҚСАН

2011

ДЕКАБРЬ

*Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.*

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА, Мұзафар*

*ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДІМАНОВ, Шәмша*

*БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ, Ергали*

*ДАЙРАБАЕВ, Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Сергазы ҚАЛИЕВ,*

*Жұмағали НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ,*

*Жәмила НАМАЗБАЕВА, Сақынжамал ҰЗАҚБАЕВА.*

# МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

## *Ғылым ғаламында*

Рақымжан ТҰРЫСБЕК.	Ұлттың ұлы байлығы.....	3
Нартай ЕСКЕНДІРОВ.	Қазақ режиссурасындағы ізденістер.....	12

## *Педагог пайымы*

Күлән КӨПЕШ.	Мемлекеттік тілді оқыту арқылы тілдік тұлға қалыптастыру мәселелері.....	21
Қалимаш ЕЛШІБАЕВА.	Тіл тірегі – жастар.....	30

## *Психолог пайымы*

Шолпан СМАҒҰЛОВА.	Мінезінде ауытқушылығы бар балалармен жұмыс жүргізудегі психологиялық-педагогикалық қызметтің рөлі.....	35
-------------------	--	----

## *Тәуелсіздіктің 20 жылдығы*

Жұмабақыт РАХМЕТОВА.	Тәуелсіздік – ел тәубәсі.....	47
Гүлшат МЫРЗАХАТОВА.	Тәуелсіздік толғауы.....	52

## *Өнер өлкесінде*

Кәрім АЙНАБЕКОВ.	Өрелі өлең өрнектері.....	58
------------------	---------------------------	----

## *Әдеби кеш*

Зоя МАТАН.	Қазақ поэзиясының Хантәңірі.....	68
------------	----------------------------------	----

## *Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе*

Ұлдана МЕЛДЕБЕКОВА.	Балада қиялдың дамуы.....	74
Карима МҮРСӘЛІМБАЕВА.	Халық әндерінің ерекшеліктері.....	79
Гүлнар КЕНДІРБЕКҚЫЗЫ.	Баубек Бұлқышұлы. «Ана».....	84

## *Балабақша бағында*

Дәмеш ТОҒАЙБАЕВА.	Тәуелсіз Қазақстан – елім.....	90
-------------------	--------------------------------	----

## *Білім ордасы: таным және тәрбие*

П.АХМЕТОВА, Ғ.БИЖАНОВА.	Ыбырай Алтынсариннің тұлғасы, ісі, ізі.....	94
----------------------------	--	----

## *Оқырман ой қозғайды*

Мендібай ӘБІЛҰЛЫ.	«Біз де сіздей өмір сүрдік керемет».....	112
-------------------	---	-----

## *Жас ғалымдар отауы*

Бектас БОСТАНОВ, Жасұлан ОРАЗБЕКОВ.	Joomla-ны электрондық оқулықтарды жасауға қолданудың өзіндік ерекшеліктері.....	117
--	---	-----

## *Сыныптан тыс сабақ*

Роза ҒАЙСАҚЫЗЫ.	«Сөзіңді сақтармын, ата тәрбиенді ақтармын».....	127
-----------------	---	-----

## *Мерейтой – 80*

Ерлан ІБІТАНОВ.	Шекарашылар ұстаханасы.....	133
-----------------	-----------------------------	-----

## *В мире педагогики*

А.ДУШАНБАЕВА.	Структура и содержание, умение самообразовательной деятельности студентов.....	138
---------------	--	-----

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор.

## ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ БАЙЛЫҒЫ

Тіл – тіршілік тынысы. Өлшеулі өмірдің бастапқы және соңғы сәттерін еске алсақ, тіл – тіршілік тамырының бәрі-баршасында: адам мұратын, өмір нәрін, еңбек мәнін, ақыл-парасат нұрын, білім-ғылым жүйесін, тәлім-тәрбие құралын, ой-сөз сәулесін барлығы қырынан жарқырата көрсететін ұлы мақсаттарды жүзеге асырады. Ұлттық мұрат-мүддеге қызмет етеді. Елдік-қоғамдық істерге қатысты мәртебелі міндеттерді орындай алатын атқарады. Адам мұраты, арман-аңсарлары жүзеге келтіріледі. Қоғамдық құбылыстар, еңбек әрекеттері, уақыт өтуінің тынысы – тіл-құрал арқылы көрініс табады. Демек, тіл – қоғамның барша саласын қамтиды. Адам мұраты, өмірі мен еңбегі, тұрмыс-тіршілігі – тіл мұраты мен өмірінің оның терең қайнарларынан бастау алады.

Тіл – тіршілік нәрі, өмір сүрудің басты факторы. Адам мұратының өмірдегі мәні, уақыт бедеріндегі нәрі, тіл байланыс-қатынастың қайнар көзі.

Халықты алыс-жақынға танытатын белгі – ерекшеліктердің //мысалы, ел, жер, тарих, дәстүр, дін, т.т.// бел ортасында: ұлттың ұлы байлығы – Тіл тұр!

Ұлттық тілдің де тарихы, тағдыры, тағылымы бар.

Тіл тарихы – халық өмірімен тығыз байланысып келе жатыр. Атап өтер жайт: Қазіргі Қазақстан тарихы арғы-бергі кезеңдердегі талайлы-тағдырлы тайғақ кешулер тұсында, Ресейлік отарлау мен әкімшіл-әміршіл жүйе

кезінде – қазақ тілінің қолданыс аясының тарылғанын бүкпесіз баяндайды.

Тіл тағдыры – ел дамуының бел-белестерінен көрінеді. Мемлекеттілікке қатысты қаулы-құжаттар мазмұнынан орын алды. Арғы-бергі кезеңдегі қоғам. Үлкен мемлекет қайраткерлерінің, танымал тұлғалардың, ақын-жырау, әнші-өнерпаздардың қолтаңбасынан да кең көлемде танылады. Оқып көрелік: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» //А.Байтұрсынов//, «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі //М.Әуезов//, «Тілін білмеген түбін білмейді» //Ғ.Мүсірепов//, т.т.

Бұдан ұлт тілінің табиғаты мен тағылымы терең танылады. Мән-маңызы, сыр-сипаттары айқындалады. Ұлттық мәні, тарихи сипаты, қоғамдық негізі, танымдық-ғибраттық қырлары кеңінен көрініс береді. Тіл қуаты, сөз сыры бар қырынан жарқырай көрінеді.

Бұдан басқа, атап айтқанда, әл-Фарабиден – Абайға, М.Әуезовтен – М.Шахановқа дейін ұлттық тілдің тарихы мен тағылымы, тағдыр-талайы әр қырынан сөз етілді. Астана мен ауыл арасында, орта және жоғары мектепте, алқалы жиын, кеш-кездесулерде – Ұлт тілі туралы армансыз-ақ айтылды. БАҚ жүйесі де мемлекеттік. Үлкен ресми тілдің бағыт-арнасын, артық-кем тұстарын ашылы-тұщылы етіп жалпақ жұртқа жеткізіп жатты. Ауызекі әңгіменің де жалауын желбіретіп, желкенін көтерді.

Тілдер күні аталып өтті. Тіл апталығы, онкүндіктер де қызылды-жасылды сипат алды. Басқа ұлт өкілдері арасында да байқау, жиындар өткізілді. Бірер сөз жаттап, амандық-саулық сипатындағы әрекет-қимыл көрсеткендерге қол соғылды. Сый-сияпат үлестірілді.

Қызметі өсіп, еңбекақылары көтерілді.

БАҚ жүйесінің басым бөлігі, билік тұтқасы – ресми тілде сөйледі. Үштаған тірек – отбасы, балабақша, мектеп жүйесі бұл бағыт-арнаны әр тараптан байытып, жүйелі түрде дамыта түсті. Нәтижесі белгілі, қоғамның басым бөлігі – ресми тілде байланысқа шығып, осы бағытты мақсатты түрде ұстанып, қал-қадерлерінше жүзеге асырып келеді. Қоғам қолдап, билік жақтады. Уақытқа үн қосты. Билік ұстанымын, саясат сырын «терең» таныды. Мемлекеттік тіл мен ресми тіл арасындағы текетірес өзге ұлттардың да «төрге шығуына», «еркін тыныстауына» мол мүмкіндіктер берді. Алайда мемлекеттік тілді оқып-үйренуге, сол тілдің //елдің// белгі-ерекшеліктерін, қуат-күшін танып-түстеуге, қолдап-құрметтеуге құлықсыз Іәм асығар емес.

Ұлттық тіл туралы әр кезеңде-ақ айтылып, тиісті құжат, қаулылар да қабылданды. Олардың арасында – 1918 жылдың 31 қазанында – Халық Ағарту Комиссариаты: «Аз ұлттар мектептері туралы» құжат қабылдады. РКП /б/ VIII съезінде ана тілінде оқыту арқылы біртұтас еңбек мектебін құру туралы қаулысы болды. РКП /б/ X съезінде //1921 ж.// барлық халықтар үшін ана тілін әкімшілік-шаруашылық, т.т. енгізу жөніндегі ұлттық саясат туралы резолюциясы қалың көпке кедергісіз жетті. 1921 жылдың 2 ақпанында Қазақ АССР Халық Атқару Комиссарлар кеңесі «Республикалық мемлекеттік мекемелерде қазақ және орыс тілдерін қолдану туралы» қаулы қабылдады. Бұдан кейін ресми тіл, оқып-үйренуге қатысты құжаттар да болды //мысалы, 1923 жылдың 23 қарашасында Мемлекеттік мекемелерде қостілділік жүйені жүзеге асыру бағыты айқындалды; 1930-40 жылдары Қазақстанда –

Әліпби реформасы, яғни, арап әрібінен латынға көшу кезеңі орын алды; 1938 жылдың 24 қаңтарында БК б/п ОК «Ұлттық мектептерді қайта құру туралы» қаулысы шықты; 1938 жылдың 4 шілдесінде ҚКСР ХКК «Ұлттық мектептердің орыс тілі пәні мұғалімін қайта даярлау курсының ұйымдастыру туралы» қаулы қабылданды; 1939 жылдың 13 желтоқсанында Жаңа қазақ алфавиті жөніндегі Комитеттің «Жаңа алфавитке көшуді дайындау туралы» қаулысы көпшілікке жетті; 1948 жылы ҚК б/п ОК «Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту туралы» қаулы қабылдады...//.

«Күдіретті Колбин» кезінде – ҚКП мен ҚССР Министрлер Кеңесі «Республикада қазақ тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» және «Республикада орыс тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» бірінен-бірі аумаған Һәм қостілділікті қуаттап-қолдаған, «пәрменекпіні күшті» қаулылар қабылданды //1989 жыл//.

1989 жылдың 22 қыркүйегінде ҚССР «Тіл туралы» Заңы қабылданды.

1990 жылдың шілдесінде «Қазақ тілін және ҚССР-де басқа ұлт тілдерін дамытудың - 2000 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

1996 жылдың 4 қарашасында ҚР Президенті «ҚР Тіл саясаты тұжырымдамасын» бекітті.

1997 жылдың 11 шілдесінде «ҚР Тілдер туралы» Заң қабылданды.

1999 жылдың 9 қазанында «Республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығы» мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны ашылды. Мемлекеттік тілді оқыту орталықтары еліміздің барлық облыс орталықтарында жүйелі түрде жұмыс істеп келеді.

Қысқасы, елімізде мемлекеттік тіл және ресми тіл сипаттары - ҚР Ата Заңында айқындалды //1995, 30 тамыз//...

Кейінгі кезеңде – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Тіл комитеті ауқым-көлемі көз қарып, қолды талдыратын әр алуан бағыттағы салалық сөздіктерді жарыққа шығарды //мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі» /50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі орын алған/. - Жалпы редакциясын басқарған – Т.Жанұзақов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008.- 968 бет; «Қазақша-орысша сөздік» - «Казахско-русский словарь» /50 мыңға жуық сөз – около 50 тысяч слов/. - Редакциясын басқарған – Р.Ғ.Сыздықова, К.Ш.Хұсайын.- Алматы: Дайк-Пресс, 2008.- стр.962; «Орфоэпиялық сөздік /Жауапты шығарушы - Ғ.Әнес/.- Алматы: Арыс, 2007.- 800 бет; «Синонимдер сөздігі» /С.Бизақов/.- Алматы: Арыс, 2007.- 640 бет; «Экономикалық орысша-қазақша сөздік» /100 мыңға жуық терминдер мен терминологиялық сөз тіркестері орын алған/. Жалпы редакциясын басқарған, академик А.Қошанов/.- Алматы: Дайк-Пресс, 2008.- 1.164 бет; «Орысша-қазақша-ағылшынша экономикалық сөздік» /10 мыңнан астам термин қамтылған/.- Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2009.- 240 бет т.т. //.

Тіл комитетінің Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы жанынан жарық көрген - «Орысша-қазақша тілашарлар» топтамасы: 10 түрлі кәсіби сала мамандарына арналған екен. 2 тіл, 10 кітапшадан //«Білім», «Мәдениет», «Денсаулық», «Дастархан», «Кәсіп», «Қызмет», «Сауда», «Спорт», «Саяхат», «Шаңырақ»// тұратын тақырыптық сөздіктер көркем безендірілімінен өзге тыңдауға, қолдануға,

тіпті, қалтаға салып жүруге де қолайлылығымен маңыз-мәні ерекше деуге болады. Асылы, қайсыбір тақырыптардағы сөздіктер бағыт-саласын кең қамтып, оны қолданушы һәм пайдаланатын әрбір тұтынушының қажет талаптарын өтеген болса, одан кітап та, оқырман да ұтады. Осы реттен келгенде, қазақ һәм орыс тілін оқып-үйренуге, анықтамалық қызмет алуға, сөздер мен сөз тіркестерін, айтылуы мен дыбысталу сыр-сипаттарын тыңдап, қайталап естуге де болатындықтан, оған деген құштарлығы мен қызығушылығы басым қалың көпшілікке көмегі де, берері де мол. Бұл бағытта құрастырушылар //А.Төрениязова, А.Тұрлыбекова, Ұ.Каюпова// ізденісі мен еңбектері арнайы атап өтуге тұрарлық.

Біздіңше, «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында ұлы байлық – қазақ тілінің ғасырлар қойнауынан сыны мен сипатын жоғалтпаған, жүрекке жылы, көңілге қонымды, сөз киесі мен ой жүйесі бұзылмаған қазыналы қайнарларын оқып-үйренуге, жақсарту мен дамытуға қатысты көзқарасымызды бір мысқал да төмендетпей, ұрпақтан-ұрпаққа жүйелі жеткізу, мұра-мирас ретінде әр кез-ақ насихаттау, жауапкершілік пен жанашырлық таныту – кәделі іс, сауапты қадамдарымыз болып қала бермек. Ұлт байлығы - Тіл десек, оны ұштаған: отбасы, балабақша, мектеп жүйесінде басты арқауы мен түпкі негізін берік қалап, одан кейінгі кезеңдерде – кітап-қазынамен байытып-толықтырып, БАҚ арқылы дамыта түссек, қоғамда һәм өмір-тұрмыста байланыс-сабақтастық тұрғысынан дамытсақ, ана тілі кең арна алады. Жаңа өріске шығады. Ұрпақтар байланысы, дәстүрлер құндылығы жүйелі жалғасын табады.

Өмір шындығы да, уақыт талаптары да осы.



Бұған қосарымыз, М.Құл-Мұхаммед айтқандай: «... Биыл алғаш рет қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігі жарық көреді. 10 томдық түсіндірме сөздігі осыдан 30 жыл бұрын шыққан. Ал 15 томдық қазақ тілінің әдеби сөздігінде 150 мың сөз қамтылған. 150 мың сөзі бар әлемде қандай тіл бар? Пушкин заманындағы академиялық сөздікте 46 мың сөз болған ...» //«Дала мен Қала», 2011, 19 қыркүйек//.

Ал, әлемде - 7 миллиард халық бар деп есептесек, Құранда – 114 сүре, 6.236 аят бар. Абай әлемінде – 6.293 сөз, 46.596 мәтін бар. Демек, Сөз патшалығы – Ұлы Сөз бағысты арна, кең өрісті көкжиегімен ұлт руханиятын жан-жақты байытып, қарышты қарқынмен дами түсері хақ.

Ұлт бар жерде ұлы байлық, қымбат қазына – тіл тұғыры биіктей береді.

Сөз жоқ, бағыт дұрыс, көңіл-ниет түзу. Ұлттық мұрат алға шыққан. Адамдық қарыз-парыз жан-жақты ескерілген. Қоғамдық Һәм өмір, уақыт талаптары жанашырлық пен жауапкершілік тұрғысынан да жүзеге асқаны анық. Ал, енді осынау байтақ мұра, қымбат қазынаның қоғамда, өмір-тұрмыстағы қолданыс аясы неге тар? Бұқаралық бағытта кең өріс алмауының себеп-сыры неде?

Жинақтап айтқанда, аталмыш қаулы, құжаттар ұлт тілі мен ресми тіл, оны оқып-үйрену төңірегінде қалың көпке жетіп жатты. Қоғамдық өмірдің барша саласын қамтыған – қостілділік үдеріс кең өріс алды. Қазіргі кезеңде бұл бағыт уақыт тынысына сәйкестендіріліп, ол – Үш тұғырлы тіл аясында арнасын кеңітіп, қоғамнан Һәм алыс-жақыннан қолдау да тауып үлгерді.

XX ғасырдың 30-жылдары пролетариат қаламгері М.Горький орыс тілінің тазалығы жолында ерен еңбек

етті. Басты бағыттарының бірінде: «Тіл – әдебиеттің бірінші элементі» деп жазды. Академик В.Виноградов: «Король жоқ болса, ойын да жүрмейді. Тіл жоқ болса, жазушы да жоқ» деді.

Ұлттық тіл – ұлы байлық екенін ескерсек, оның қазыналы қайнарлары халық даналықтарынан да танылады:

*Адам көңілден азады, Тілінен жазады. Аз сөйлеген – даналық, Көп сөйлеген – надандық. Аталар сөзі – ақылдың көзі. Барлығы да – тілден, Тіл – бал, тіл – ажал. Ділмардың сөзі, Ұстаның бізінен өткір. Жеті жұрттың тілін біл. Жақсы сөз – жанның жарығы. Жылы сөз – жүректен шығады...*

Жыр жампозы Жамбылдан жеткен қос жолда мән де, сыр да бар: *Жақсы сөзді ел жаттар, Ел жаттар сөзде салмақ бар.*

Академик-жазушы Ғ.Мүсірепов: «Ана тілін анамыздай ардақтайық», - дегенді анық айтты. Ақын-сатирик Ш.Смаханұлы «Ана тілін ұмытқанға» деген шағын шымшымасында:

*«Қомсынып өз тіліңді, Өзге тілде сарнапсың. Шырқайтын өз үнінде Торғай ғұрлы болмапсың», -* дегенді ашынып та, өкініп те жеткізді. Күйініп Һәм қорланып та еске алды. Бас шайқап, бармақ тістеп, іштен тынғаны да айқын аңғарылады.

Ақиқатында, қазіргі Қазақстанда: ел байлығы бар, ол – тарих, дәстүр, дін, тіл, білім, ғылым, жаңа технология; жер кеңдігі бар, ол – әлемде 9-орын болып бедерлі белгіленді; кен қазынасы бар, ол – алтын, күміс, көмір, мырыш, газ, мұнай; рух асқақтығы бар, ол – отаншылдық, патриотизм, бірлік, туыстық; сөз патшалығы бар, ол – ақыл-парасат, білім-білік, ой, сөз, тіл...

**Ақиқатын айтсақ, Ұлы мәртебелі сөз:** ататарихпен мәдениет куәларын; балбал тастар мен ондағы өлең-жыр, дастандарды; бедерлі бейнелі еңселі ескерткіштерді; хандар ұстанымы мен саясатын; бишешендердің берік бітімін, өрнекті ойларын; ақын-жыраулардың өлең-толғауларын кешеден бүгінге жеткізген.

Толғауы тоқсан қызыл тіл: ежелгі жәдігерлерді, мәдени мұраларды, халық әдебиеті үлгілерін, Қорқыттың сарынын, Әл-Фарабидің сазын, Иассауи хикметтерін, Баласағұн білігін, Қашғари сөздігін, Дулат толғауларын, Махамбеттің мұң-шерін, Ақтамбердінің асқақ ойларын, Абайдың асылдарын, Жамбылдың жауһар жырларын, Өуезовтың әсемдік әлемін жүйелі жеткізді...

Алайда, Ұлттық тіл төңірегінде түйткілді тұстар, жинақталып-қордаланып қалған көкейкесті мәселелер де жеткілікті.

---

---

## САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ

Қаншама ұлт байлығынан тоналды,  
Қаншама ұлт жер бетінен жоғалды.  
Үстем елдің Айға азуын білеген  
Бірде-бірі ойлаған жоқ обалды.

Ең алдымен басып алды кең жерін,  
Озбырлықпен жұтты өңеші мол кенін.  
Салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын таптады,  
Содан кейін көрдік тілі өлгенін...

Нартай ЕСКЕНДІРОВ,  
Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясының  
докторанты, аға оқытушы.

## ҚАЗАҚ РЕЖИССУРАСЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары Қазақстандағы барлық театрлар шығармашылық еркіндікке ие болып, өз репертуарларына әртүрлі тақырыптағы пьесаларды енгізіп отырды. Өнеріміздің қара шаңырағы атанған М.Әуезов атындағы Академиялық драма театрының репертуары да әр алуан шығармалардан тұрады. Соның ішінде классикалық комедиялармен қатар, бүгінгі заманның өткір мәселелерін тілге тиек еткен сан жанрлы комедияларға да орын берілген. Театр сахнасынан әр жылдарда жарық көрген Т.Нұрмағанбетовтың «Бес бойдаққа – бір той» (1993), С.Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» (1998), Б.Майлиннің «Сабатаж!» (1999), Р.Белецкийдің «Желіккен жастар» (2000), Ф.Буляковтың «Отыз ұлың болғанша» (2001), М.Задорновтың «Күйеуіңізді сатыңызшы» (2002), Б.Мұқайдың «Сергелдең болған серілер» (2003), Е.Уахитовтың «Құдалар» (2005), тағы да басқа драматургтердің пьесаларын бөліп айту парыз. Себебі, аталған шығармаларда бүгінгі қоғамдық өмірдің әлеуметтік жағдайларына байланысты, мәдени-эстетикалық дәстүрлерге сәйкес комедияның негізгі жанрлық ерекшеліктері сақталып жазылған. Бұлардың ішінде лирикалық, отбасылық-тұрмыстық, сатиралық комедиялар да бар. Театр сахнасынан көрермендер

әртүрлі кейіпкерлермен жолығысты. Олардың бірі аңқау да аңғал ауыл адамы болса, енді бірі қаланың жылпос қуы, тағы бірі тұрмыс тауқыметін тартқан қыз-жігіттер, тағы осы сияқты жандар. Драматургтердің жазу стильдері де өзгеше. Бірі өмірдегі күлкілі жәйтерді тез аңғарып, сәтті бейнелесе, екіншісі қоғам дамуына кедергі келтіріп жатқан мәселелерді өткір қозғаған.

Әрине, эпос материалдары негізінде жазылған пьесалар қаншалықты көркем, тартымды болғанымен, қазіргі жұртшылықтың көкейінде жүрген өзекті мәселерге жауап іздеуі, сахнадан замандасын көргісі келуі – заңды талап. Дәл осыны театр ұжымы орындай алмағандықтан, ескерген. Сондықтан күлкінің үшкір найзасына ілінген замандастар өмірінен жазылған әрқилы комедияны көпшілік алдына тартуын жөн деп есептеген дұрыс. Жоғарыда аталған комедиялардың өмірлік материалы, тартылыс табиғаты, кейіпкерлер болмысы жөнінен келгенде бір-бірімен сарындас шығармалар. Бұл туындылардағы комедиялық ситуация үйлену машақатынан, отбасылық ырың-жырыңнан, әртүрлі моральдық кикілжіңнен тұтанып, сол кездегі қақтығыстар тартыс шығарма оқиғасын құрайды. Бірқатар комедияларда еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы жаңа қоғамның қалыптасуына кедергі келтіріп, бөгет болар тосқауыл атаулының баршасын найзасымен түйреледі, әлеуметтік сарыны күшті, айтар идеясы анық болған кейбір комедиялардың мезгіл талабына жауап беріп, уақыттың эстетикалық – көркемдік қажеттілігін өтеуге көмегі тиді деп айта аламыз.

Театр репертуарынан берік орын алған Т.Нұрмағанбетовтың «Бес бойдаққа –

бір той» комедиясы күні бүгінге дейін сахнада жүріп жатыр. Режиссер Ә.Рахимов көрермендер сүйсініп тамашалайтын қойылым тудырды. Спектакль оқиғасы әке мен балалары арасындағы жарасымды қарым-қатынасқа құрылған. Балалары өздері жақсы көретін сүйген адамдарымен бас қосуға талпынады. Әкесі оларға қарсылық көрсетпейді. Бірақ, күлкі тудыратын жағдай ғашықтардың жолығысуы. Әкелерінен тығылып кездесуге уәделескен жастардың үстінен әкелері кездейсоқ түсіп, немесе оларды бұзық балалар екен деп қуа жөнеледі.

Режиссер комедия жанрын аша түсетіндей қанық бояулар тапқан. Көңіл жадыратар музыка ырғағымен барлығының билеуі пьеса мазмұнын аша түседі. Спектакльдегі Гүлбарам рөлін ойнаған Нүкетай Мышбаеваның шеберлігіне көрермендер қошаметпен қол соғып отырады. Орындаушы жалғыздықтан шаршаған кейіпкердің шал өміріне қызыға қарап, іштей қатты күйзеліске түскенін аңғартады. Үн-түнсіз ойға батып, кенет серпіле жөнеледі. Кемпір ақжарқын, әзілкеш, ән десе ән айтады, би десе би билейді. Жалғыздығын білдірмеуге тырысады. Шалмен екеуінің әңгімесі жарасып, сол үйде қалып қояды.

Спектакль финалында шалдың төрт баласымен өзі шаңырақ көтеріп, үлкен той жасайды. Қойылымда отбасы мүшелерінің бір-біріне деген ыстық ықыластары, қамқорлықтары, адамгершіліктері терең көрініс тапқан. Отбасы шын мәнісінде – алтын ұя, құтты мекен деген ой айтылған. Спектакльге қатысушы актерлердің барлығы да Барбол – Б.Қаптағаев, Нарбол – А.Боранбаев, Күйкетай – М.Омарова, Шүйкетай – Ш.Жанысбекова, Жарбол – Ж.Маханов, Марат – Ғ.Құлжанов, Кико – Б.Қожа, Маро – Б.Көпжасарова,

жанр табиғатына сай әрекет жасады. Жарасымды әзіл, көңілді ән-би қалың көрермендерді серпілтіп, олардың спектакльге деген қызығушылықтарын арттыра түсті.

М.Задорновтың «Күйеуіңізді сатыңызшы» пьесасын сахнаға шығарған режиссер Оразхан Кенебаев бүгінгі замандастарымыздың өмірінен сыр шертетін қойылым түзді. Сахнадағы оқиға көрермендерді бірден баурап әкетеді. Бірін-бірі шын жақсы көріп қалған Оксана - Н. Қарабалина мен Андрей - Б.Қожа екеуінің арасындағы әңгіме әдемі өрбиді. Жас бойжеткеннің әлі ақыл тоқтатпағаны, барлығына жеңіл қарайтын албырттығын актриса сенімді көрсетті.

Спектакль режиссері Оразхан Кенебаев автордың айтпақойын көрермендерге жеткізе алды. Қойылымдағы ең басты мәселе – отбасының беріктігін уағыздау. Андрей мен Оксана тәрізді терең ойланбай қате іс-әрекеттер жасайтын адамдарды комедиялық жағдайда бейнелей отырып, өзгелерге сабақ болатындай ойға жетелеген.

Театр сахнасында қойылған келесі бір пьеса – белгілі драматург Б.Мұқайдың «Сергелдең болған серілер» комедиясы. Мұнда бүгінгі күннің өткір мәселесі айқын көтерілген. Шығармада әдеп, мораль, адамдық ара-қатынастар желісі уытты күлкі, ащы әжуа арқылы нанымды өріліп, актерлердің ойындарынан шынайылық тапқан.

Спектакльде комедияға лайықты ситуация мен мінез-құлық иірімдері режиссер тарапынан дұрыс табылған. Бар-жоғы алты кейіпкер қатысатын бұл қойылым серпінді басталып, қарқынды дамиды. Спектакльге қатысқан актерлер Сайра – М.Омар, Айжан – Г.Тұтова, Жан – Б.Қаптағаев, Байбол – А.Сейтметов, Нұрбай – Б.Тұрыс, Икс – А.Сұрапбаев комедияның

оқиға бояуларын барынша әрлеп, құлпыртып жіберген. Олар өз кейіпкерлерінің мінез ерекшеліктерін дәл тауып, қайталанбас бейнелер сомдады.

Көрермендер жігіттердің тартымсыздығына, қуыс кеуде пендешіліктеріне, адамдықтан гөрі, арамдықты жолдас етіп кеткен түрлеріне күлді. Бүгінде көп замандастарымыздың ұсақталып кеткенін актерлер сездіре алды. Орындаушылар комедиялық диалогты психологиялық мінез-құлықпен ұштастыра, сөздің астарына сатиралық бояу тауып ойнады.

Бүгінгі өмірде белең алып бара жатқан күрделі мәселенің бірі – адамдардың бір-біріне деген жан жылуының азаюы. Қазақ халқының сан ғасырлардан бері дәріптеп, мақтан тұтып келген салт-дәстүрінің шайқала бастауы көңілде алаңдатушылық тудырады. Ата-бабаларымыз шыр етіп дүниеге келген сәбиге сол сәттен бастап, үлкен мән беріп, тәрбие мәселесін жіті қадағалаған. Ананың әлдиі мен атаның қамқорлығына бөленген жас баланың жүрегі мейірімге толы болған.

Қазіргі кезде қазақ қоғамында дендеп бара жатқан үлкен дерттің бірі – туған баласын жетімдер үйіне тастап кету мен қартайған ата-анасын қарттар үйіне өткізу. Мұндай сұмдықтың жыл өткен сайын көбейіп, індетке айналып бара жатқанын газет-журналдар беттерінен жиі оқимыз. Қазақ елінің қалам ұстаған зиялылары аталмыш мәселені алқалы жиындарда үнемі қозғап, осыны тию жолын қарастырып келе жатыр. М.Әуезов атындағы Академиялық драма театры да ел ішінде жайлап бара жатқан әлеуметтік мәселелерді көрермендермен бөлісуге зор мән берген. Башқұртстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ресей мемлекеттік сыйлығының лауреаты Флорид Буляковтың «Отыз ұлың болғанша» деген мұңлы комедиясын



сахналаған режиссер Ә.Рахымов шын мәнісінде жұртшылықты терең ойға жетелейтін қойылым тудырды. Спектакль кейіпкерлерінің тағдыры көрермендерді ерекше сезімге бөлейді. Ақылды, көрген-түйгендері бар аналардың осылайша қасірет тартып, неліктен қарттар үйіне түскеніне жауап жоқ. Ол кімдердің қатесі? Жұмысбасты болып, балаларына аналық мейірлерін көрсете алмады ма? Солай болған күннің өзінде, соның бәрі балалар үшін емес пе? Туған ата-ананды тағдыр талқысына тастау жөн бе? Міне, спектакльден жұртшылық осындай оймен қайтады. Режиссер Әубәкір Рахымов шығарма табиғатын терең ұққан. Ол комедияны психологиялық тұрғыда шешкен. Мұнда кейіпкерлердің мінезінен туындайтын әрекеттер күлкі тудырады. Актерлер сөздің өзін ойнатып, астарын терең ашып береді.

Егер қазақ комедиясының өткен тарихына сәл көз жүгіртер болсақ, онда адам мінезіндегі отбасы, ошақ қасындағы, қоғам бойындағы әлеуметтік дерттерді сынайтын сатиралық комедиялар да аз емес. Әсіресе, қазақ комедиясының «атасына» айналған Бейімбет Майлиннің сатиралық комедияларының орны ерекше. Драматург бұл жанрда гипербола, гротеск тәрізді тәсілдерді барынша еркін қолданған. Б.Майлин адам санасына ой салып, көкірегін ашуға комедия жанрын шебер пайдаланған. Ол жұртты күлдіре отырып, олардың зердесіне ой сала білген. Кейінен Б.Майлин салған дәстүрді жалғастырған драматургтер қатарына Шахмет Құсайыновты, Әбділдә Тәжібаевты, Қалтай Мұхамеджановты қоса аламыз. Аталған драматургтер өз ортасының келеңсіз құбылыстарын бүкпесіз суреттеді.

1980-90 жылдар аралығында қазақ драмасының өрістеуіне, соның ішінде комедия жанрында өнімді еңбек еткен драматургтердің бірі – Сұлтанәлі Балғабаев. Оның 1990 жылдардың соңында жарық көрген «Тойдан қайтқан қазақтар» сатиралық комедиясы халық қамын ойлағансып жүгіріп жүрген, кейбір ел басқарып отырған билік басындағы адамдардың шынайы келбетін танытып берген туындылар қатарында тұр.

Бұл комедия туралы белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай: «Екі бөлімнен тұратын аталған комедияда қара халықтың қамын ойлағансып жүрген бишікештердің шын мәнінде қой терісін жамылған жыртқыш екендіктері әшкереленеді. Қу құлқындарының құлына айналған пенделердің төменгісі жоғарғысының, ал, жоғарғысы одан биікте отырғанының шашбауын көтеріп, ар-намыстарын аяққа басып, мәнсіз жалғанның болмашы арбауына түсіп жағынып жалбарыну арқылы өздері өліп-талып жеткен солқылдақ мінбеде әзер тұрып, «Халық қамын ойлап, қайғырғанда, қабырғаңыз сөгіле жаздайды» деп, билетсіз жолаушы қария айтқандай, аңғал елді түгел сендіргенше «Өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай» етіп сапырады. Істен гөрі көпірме сөзге бауыр басқан желбуаз жандардың миғұла мінездері мен берекесіз болмыстарының жанды жерін тап басқан Сұлтанәлі Балғабаев әжуа-әшкеренің, сайқымазақ сатираның шыңына көтерілгендей» [Ә.Сығай. «Театр тағылымы». А., «Парасат», 2003, 120-бет.], - деп комедия ерекшелігін тура ашып көрсеткен. Бұл комедияны сахнаға қойған Әубәкір Рахымов комедияның сатиралық бояуының қаймағын бұзбай нақты бейнеледі.

Спектакль оқиғасы дәл пьесадағыдай шағын темір жол вокзалының перронында, сосын купелі

вагонның дәлізінде өтеді. Ауданға тексеру жүргізіп әрі баяндама жасау үшін жауапты қызметкер Мәлис Әлібаевич - Жұмабай Медетбаевпен тарих ғалымы Асай Мүсеевич-М.Нұрасілов келеді. Оларды аудан әкімшілігінің қызметкері Қошқарбай – Б.Әділманов қарсы алады. «Қадірменді» қонақтарды қошеметпен сыйлаған қонақ күту арақ ішудің мерекесіне айналып кетеді. Режиссер асқан шеберлікпен ел мен жердің тағдырын ойлағансып жүрген адамдардың шын бет-бейнесін ашып берді. Актерлерде режиссер трактовокасын дұрыс ұғып, спектакльді шабытпен ойнады. Арақ ішіп отырған Мәлис – Ж.Медетбаев пен Асай – М.Нұрасілов және Қошқарбай – Б.Әділманов үшеуінің ішкі есептерін айқын аңғарта алды. Біреуі қалтасын қалыңдатуды ойласа, енді бірі оңтайлы сәтті пайдаланып, өз лауазымын көтеруді көксейді. Үш актердің ойыны да шынайылықпен астасқан. Бірінен бірі өтеді. Асты – үстілеріне түсіп жылпыңдағанда шын көңілімен жасалып жатқандай әсер тудырады. Бірақ олардың әрқайсысы қызмет пен тақтың құлы екенін жасырмайды. Дүниенің төрт бұрышын қолымен тіреп тұрғандай көпіре сөйлеп, кеуделерін қаққанда таяз білімді, азған адамдарды көреміз.

Спектакльдегі қызық сахналардың бірі «құрметті» қонақтарды Алматыға шығарып салатын көрініс. Асай мен Мәлиске Қошқарбайдың «Атамыздың жолы деп» конверт ұсынуы. Екеуі бірдей қызылға ұмтылған бүркіттей шүйлігіп, «алмасақ ренжисің» деп көз ілеспес жылдамдықпен қойын қалталарына тығып үлгереді. Ауыздарынан «ел», «жұрт» деген сөз түспейтін үшеуінің тірлігіне қарап отырып, осындай арам пиғылды адамдардың бар екеніне күйзелесің. Спектакльде бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік мәселелер

өткір қозғалды.

Қазақтарды мойындатпай, артқа тартып отырған құр мақтан, жалған сөз, өтірік уәде, паракорлық, арақ құмарлық тәрізді қоғамдық кеселдер сатиралық тұрғыда көрсетілді. Осындай өмірде кездесетін маскара құбылыстарды драматург ызалы күлкімен күйдіре сынаса, театр ұжымы сол келеңсіздіктерді ащы әжуамен көрсете алды.

Сонымен театр ұжымы өзінің комедиялық жанрдағы спектакльдері арқылы бүгінгі замандастарымыздың тіршілік тынысынан әңгіме қозғап, көрермендерді ойландыра алды. Қоғамда кездесіп жататын олқылықтарды отты сатирамен қоса, әдепке жатпайтын жәйттарды әжуа етіп, адам бойын сол міннен арылтып, тазартуға шақырды. Қоғамдық өмірде кездесетін түрлі кедергілер дер кезінде қозғалып, сахнадан көрсетілді. Театрдың негізгі мақсаты – егемен еліміздің өркендеуіне кедергі болып тұрған олқылықтарды көрсету ғана емес, режиссер мен актер шеберліктерін ұштау.

Комедия жанрында спектакль қою режиссерден қиял көкжиегінің кеңдігін, білім тереңдігін талап етеді. Түрлі ізденістерге баруына жол ашады. Біз қарастырып отырған кезеңде Есмұхан Обаев, Әбубәкір Рахимов, Қайрат Сүгірбеков, Оразхан Кенебаев өз шеберліктерін көрсете алды. Театр актерлері де комедия жанрында ойнау барысында ұштала түсті. Б.Тұрыс, Д.Ақмолда, Ш.Асқарова, т.б. актерлер жаңа қырынан танылды.

Бір сөзбен қорытындылайтын болсақ, театр бүгінгі көрермендердің эстетикалық талғамына жауап бере алатын спектакльдермен көрінді.



# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мемлекет қызметшісіне мемлекеттік тілді оқыту арқылы «мемлекет қызметшісінің тілдік тұлғасын» қалыптастыруға бағытталуы керек. Тілді үйретудегі лингвистикалық мәліметтер «тілдік тұлғаны» тұтас құрылым ретінде тануға негіз жасайды. Сол лингвистикалық деңгейлерге қазақ тілін үйретудің лингводидактикалық деңгейлері сәйкес болғанда ғана «мемлекеттік тілді жеделдете дамыту барысында мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасын» қалыптастыруға болады. Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді жеделдете оқытуда деңгейлік ұстаным сақталып, әрбір деңгейдің іштей тағы да екі деңгейге бөліне қарастырылуы логикасы негізге алынады. Сонда мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасын қалыптастыруда мына деңгейлер анықталып алынған екен [1].

Мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы және оның құрылымы			
Деңгейлер	Лингвистикалық тұрғыдан	Лингводидактикалық тұрғыдан	Еуропалық стандарт деңгейлерімен сәйкестігі тұрғысынан
I деңгей.	Вербалды-семантикалық деңгей.	Қарапайым деңгей: «Бағдар» + «Тілашар».	A-1 – A-2

II деңгей.	Дүниетаным картинасын танытатын тезаурустық деңгей.	Жалғастырушы деңгей: «Тіл дамыту» + «Тіл ұстарту».	B-1 – B-2
III деңгей.	Мотивациялық прагматикалық деңгей.	Жоғары деңгей: «Тіл мәдениеті» + «Тілдік тұлға».	C-1 – C-2

Үш деңгейдің ішкі құрылымындағы компоненттердің атаулары арқылы тіл үйренушінің бастапқы кезеңінен-ақ үлкен мақсатқа – «тілдік тұлға» деңгейіне жоғарылап көтерілетінін мақсат етіп алу керек. Осы желінің ішкі негізгі діңгегі – «қазақ тілін үйрету арқылы мемлекеттік қызметшінің (ересектің, жеке тіл үйренушінің) жоғары өрелік қазақстандық тілдік тұлға дәрежесін қалыптастыру» идеясы тұрады.

Сонда вербалды-семантикалық деңгейде тілдік тұлға белгілі бір мағыналарды айтудың формалды құралдары, яғни, олар грамматикалық, прагматикалық және ассоциативті қатынастармен байланысатын, вербалды желі құратын сөздер. Олар өз кезегінде тілді қалыпты білудің көрсеткіші болып табылады. Ал, дүниетаным картинасын танытатын тезаурустық деңгей тілді тасымалдаушының семантикалық аясымен тілдік әлемдік бейнесін айқындайтын ұғымдар, идеялар болып табылады. Ол кейбір лексикалық бірліктердің мағынасының кеңеюін талап етіп, білімге өтуді қамтамасыз етеді, яғни, ол сөйлеушінің өрелік аясын қоса қарайды. Тілдік тұлғаның мотивациялық, прагматикалық деңгейі мақсат, уәждеме, мүдде, ниет, коммуникативтік қызметтік қажеттеліктерден тұрып, сөйлеу қызметінен шынайы қызметті ұғынумен түсінуге өтуді қамтамасыз етеді. Сонда қарым-қатынас өз бетінше өмір сүріп, өз бетінше іске

аспайды. Ол адамдардың өндірістік қызметтерімен тікелей байланысты болады. Оларда әлеуметтік қарым-қатынастар айқындалып, тұлғалардың әлеуметтік, қызметтік мінез-құлықтарының парадигмасымен шартталып отырады. Сонымен қатар, тұлғалардың мүдделері мен уәждемелері, мақсат, құндылықтары да қамтылады.

Осы аталған үш деңгей мен коммуникативтік қызметтік қажеттіліктердің арасында белгілі бір өзара байланыстарды орнатуға болады. Қажеттіліктердің бірінші тобы адамдар арасындағы қатынастарды орнату мен дамыту міндеттерін шешуге жауапты болып табылады. Қажеттіліктердің мұндай тобы вербалды-семантикалық деңгеймен іске асырылып, тілді қарапайым, күнделікті қолдану арқылы жүзеге асады. Қажеттіліктердің екінші тобы қарым-қатынас жағдаяттарымен түзетіліп, сәйкестендіріліп отырады. Оларда өзіне сәйкес ақпараттар алмасады, тұлғаның тезаурусын қолдана отырып, бірдей өзара қызмет стратегиясы жасалады. Қажеттіліктердің үшінші тобы қарым-қатынас жағдаяттарымен сәйкес келіп, тұлға өзінің серіктесін қабылдау мен түсінуге бағытталады. Тілдік тұлғаның шынайы құрылымында коммуникативтік қызметтік қажеттіліктер қалыптасу деңгейіне қарай нақты көрінбейді, бірақ бұл қажеттіліктер уәждемелік деңгейдің негізгі бірліктері ретінде алынады.

Тілдік тұлғаның лингводидактикалық тұрғыдан әртүрлі қырларын қарастыра отырып, Ю.Караулов тілді оқыту үдерісіндегі қызығушылық тудыратын пән:

- вербалды-семантикалық деңгейде типтік конструкцияларды қолданудың автоматталған дағдысын қалыптастыру;

- когнитивтік деңгейде мәтінді тақырыптар және семантикалық ая бойынша ашу және бастапқы мәтінді проблемалық деңгейге дейін жинақтау;
- прагматикалық деңгейде тілдік құралдардың оларды қолдануында коммуникативтік жағдайларға сәйкестігі алынады [2].

Тілді оқытуда соңғы кездері коммуникативтік бағыт ұстанылып, тұлғаның коммуникативтік қажеттіліктеріне сай тілді сөйлеу тәжірибесінде қолдануға оқыту басымдық танытып отыр. Тілдік тұлғаның дамуы көрсетілген деңгейлердің арасында алмасып тұратын үзіліссіз үдеріс болып табылады. Сонымен қатар, тілдік тұлғаны сипаттаушы тілдік қабілеттің даму деңгейіне қарай олардың сапалық ерекшеліктерінің арасында тәуелділік бар екендігі де айқындалған. Тілдік тұлғаның үш деңгейлік құрылымы тұжырымы коммуникативтік қажеттіліктердің үш типімен сәйкестенеді. Олар:

- қарым-қатынас жасаушы;
- ақпараттық;
- әсер етуші.

Олар өз кезегінде қарым-қатынас үдерісінің үш кырымен де тікелей байланысты. Олар:


- коммуникативтік;
- интерактивті;
- перцептивті.

Тілдік тұлға ана тіліндегі коммуникацияда белгілі бір аяда ғана әлеуметтік және мәдени тәжірибені сақтаушы және таратушы болып табылады. Өзге тілді тілдік тұлғаны дамытуда өзге тіл туралы білім ғана беріліп қоймай, сол тілді тасымалдаушының мәдени тәжірибесі де беріледі. Осының салдарынан қазақ тілін оқытуда мәдениетаралық коммуникацияны дамыту мәселелері өзектеледі.



Тіл адамның рухани өмірінің құбылысы ретінде коммуникация, әлеуметтену, кәсібилену, әлеуметтік бейімделу рөлдерін атқарады. Әлеуметтену тұлғаның әлеуметтік қалыптасу және индивидтің құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін және сөйлеу үлгілерін игеру үдерісі ретінде қарастыра отырып, оларды сөйлеу мен тіл контексінен тыс алып тастауға болмайды. Тілдік тұлғаның атрибутивтік белгісі ол функционалды сауаттылық, деп көрсетеді Р.Ф.Исламшин [3]. Функционалды сауаттылық өз кезегінде көптілді және көпмәдениетті ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктегі шынайы және бар лингвистикалық, коммуникативтік сөйлеу біліктерімен бір жүйеде қарым-қатынас жасаудың ережелер, нормалар, амал-тәсілдері туралы экстарлингвистикалық білімді меңгеруді талап ететін лингвистикалық білімнің деңгейі және де оларды әртүрлі жанрдағы қарым-қатынас тәжірибесінде кешенді қолдану деп анықталады. Соның ішінде тілдік тұлға туралы айтылғанда мәдениетаралық қарым-қатынас туралы айтпай кету мүмкін емес. Ол тілдік тарихи, эстетикалық, этикалық компоненттерді қосады. К.Абишева тілдік тұлға мәдениет үштігін прагматикалық және гуманитарлық лингвистика тұрғысынан тани келе, жалпы лингвистикалық және сөйлеу мағынасы тек қана семантикада, яғни лексика-семантикалық мазмұнға ғана негізделмейтінін, сонымен қатар, сөйлеу бірліктерінің контексінде, сөйлеу жағдаяттарында қолдануға да негізделетінін айтады [4]. Тек контексте ғана сөздің мағынасы ашылып, оның қолданыс мақсаты нақтыланады. Сөздің субъективті мәні контекст аясында ашылады және көрінеді. Адамның мінез-құлқы (вербалды, бейвербалды) адамның ойлауының техникасы сияқты мәдени мағынада әр

түрлі анықталады, яғни, адамның мәдениетіне тікелей байланысты болады. Әрбір халықтың мәдениеті әртүрлі және де олар әртүрлі жағдайда қалыптасады. Осыған байланысты этностардың өзге мәдени ортада болуына байланысты да солардың мәдениетіне бейімделіп қалыптасып жатады. Мәдениеттің типтеріне сай белгілі бір мінез-құлыққа қатысты мәдени мағынаның мазмұны да өзгереді. Сондықтан да әртүрлі мәдениет тұлғаның этникалық, лингвомәдени қауымдастықтарға және ортаға сай әртүрлі мінез-құлық қалыптастырады. Осы жерден тілдің, мәдениеттің, тұлғаның байланыстары көрінеді. Мәдениеттің, тілдің, тұлғаның өзара тығыз байланыстары мен бірін-бірі толықтырушы функцияларын мына сызбадан көруге болады:



Этностың тілдік санасы ұлттық мәдениеттің тұрақты құрылымының көрсеткіші болып табылады. Әрбір ұлтта тұрақты және өзгермелі құрылымда болады. Соның ішінде мәдениеттің тұрақты құрылымына тілдік сана, әлемді тану, этноқұндылық, белгілік құралдар, тіл және әлем бейнесі жатады. Ал әлем бейнесі мәдени қарым-қатынас ретіне материалдық көріністерін тілдік құрылымдарда табады. Мәдениеттің тұрақты элементі – мәдени сана – тіл арқылы ғана көрінеді. Ал оның нәтижесі – этносқа да, индивидқа да тән болып табылатын тілдік сана. Сондықтан индивидтің

сөйлеу қызметінде тілдік сана оның ассоциативті және лингвокреативті қызметінде экспликацияланып, субъективті мазмұнмен толығып, жаңамен кездесетін архетиптік мәдени мән белсендіріледі. Сонымен бірге тіл, мәдениет, тұлғаның байланыстары белгілі бір лингвомәдени қауымдастықтың тілі мен мәдениетінің тұлға тарапынан әлеуметтену үдерісінде көрініс табады. Яғни, тұлғаның әлеуметтік әрекеттері барысында игеріледі [4]. Әлеуметтік әрекеттердің негізгі компоненті сөйлеу қызметі болып табылатындықтан, сөйлеу қызметі барысында мәдениеттің бөлігі болып табылатын тіл меңгеріледі, ал тіл арқылы құндылықтар мен мәдениеттің басқа да құраушылары игеріледі. Әлеуметтену барысында индивид – мінез-құлық моделінің иегері, сөйлеу қызметі барысында ойлау қызметін де дамытады. Қазіргі кездегі тілді оқыту әдістемесінде осыған қатысты көптеген интерактивті оқыту әдістемелері жасалып, қарқынды қолданылуда.

«Тілдік тұлғаны» қалыптастыру Тұжырымдамасының бастау көздері қазақ тілінің ұлттық мұрасындағы барлық ғұламалары мен ғалымдарының еңбектерін талдау арқылы айқындалды. Олардың барлығында тіл мен адамның жеке тұлғасының бірлігі идеясы анық танылды. Бұл жерде «тілдік тұлғаның» дамуы Платонның «санада сұлу бейнелер жасалуы, одан сұлу ойлар өрілуі, сұлу ойлардан сұлу өмір туындауы, сұлу өмірден абсолюттік сұлулыққа, әсемдікке бағдар алуы» деген логикасына сәйкес келуі әдістемелік тұрғыдан оқу материалын дұрыс сұрыптау арқылы қадағаланады [1]. ҚР мемлекеттік қызметшісінің тілдік дүниетаным картинасы осы әлеуметтік старттың кәсіби ерекшелігіне байланысты қалыптасатын болғандықтан, арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстары болашақта көптеп

жүргізілуі тиіс. ҚР мемлекеттік қызметшісінің тілдік тұлғасын қалыптастыруда қазақстандық тілдік ортаның да есепке алынуы керектігі және сол тұрғыдағы лингводидактикалық зерттеулердің де жүргізілуі тиіс проблема екендігі өзінің өзектілігін танытып отыр. Соның ішінде Б.Хасанұлының теориялық еңбектері маңызды орын алмақ [5]. Өйткені қазіргі кездегі Қазақстанда мекен етіп жатқан өзге этностардың қазақ тілін әкеліп, қазақ тілін оқыту үдерісінің ешқандай жаңалықтарды енгізбейтіндей күйде көрсетеді де, тіл үйренушілер үшін сабақтар әшейін ғана сөздер жаттап алынатын үдеріс ретінде қалып қойып отыр. Тілдік ортаны, соның ішінде «табиғи тілдік ортаны» кеңірек зерттеп, оның тілдік тұлға қалыптастырудағы маңызды рөлін айқындау керек деп ойлаймыз. Әсіресе, мемлекеттік тілдің ерекше құбылыс ретінде табиғатын танып берген Б.Хасанұлының теориялық еңбектері негізге алынып, Қазақстанның қазіргі күйі мен болашақ даму жолдарын талдай отырып, соған сай теориялық тұғырлары негізделген дұрыс әдістемелер мен тілдік тұлға қалыптастырудың теориялық негіздерінің жолдары салынуы кезек күттірмейтін мәселе деп ойлаймыз [5]. ҚР мемлекеттік қызметшісінің тілдік тұлғасы тілді оқытудағы жоғары деңгей болып табылады. Ол жоғары деңгейдің өзі екі сатыдан тұратыны айқындалып, олар «Тіл мәдениеті», «Тілдік тұлға болмысы» деп белгіленген. Сонда «Тілдік тұлға болмысы» сатысына көтерілудің «тіл мәдениеті сатысында» тіл үйренушілер қазақ әдеби тілі нормасын түрлі стильдік нормаларда шығармашылықпен қолдануға дағдыланады. Қазақ тілінің стилистикалық ресурстары, функционалдық стилистика, практикалық стилистика, экспрессивтік стилистика, прагматикалық

стилистика мәліметтері тірек лингвистикалық білім болып табылды. Мемлекеттік қызметшіге «Елтанымдық», «Ресми құжаттар» бойынша мәтіндер беріліп, оларды түрлі стильге өзгерту тапсырмалары орындалады. Сонымен қатар, түрлі интерактивті ойындар арқылы да тіл үйренушілердің белсенділігін арттыруға болады. Олар – түрлі деңгейдегі интерактивті ойындар мен сценарийлер. Соның ішінде топтық оқу әрекетін ұйымдастыру үшін оқытушы алдымен ала «Жадынама» әзірлеп әкелуі тиіс. Интерактивті ойындарда тіл үйренуші белсенді қатысушы болуы тиіс. Осындай оқу әрекеттерін игерген және де қазақ тілінің барлық стильдік ерекшеліктерін меңгерген мемлекеттік қызметші жоғары деңгейдің екінші сатысы – Тілдік тұлғаның болмысын» игеруге аяқ басады. Бұл жерде барлық алты сатыдан өткен және осының минимумдерін игерген тіл үйренушінің бойында оларды бекіту мен оның тәжірибеде қолдануына арналған жұмыс түрлері жүргізіледі. Осы жерде тіл үйренушінің толық тілдік тұлғасы қалыптасады. Оның бойында қазақ тіліне деген барлық сый-құрметі орнап, қазақ тілін әлемдік құндылық, адами құндылық деп тану үдерісі толығымен жүріп жатады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н.Ж.Құрман. Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге (ересектерге, тіл үйренуші жеке тұлғаларға) жеделдете оқыту тұжырымдамасы. //«Ересектерге қазақ тілін оқытудың тиімді әдістемелік жүйелері» атты республикалық семинар материалдары// Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008.
2. Ю.Караулов. Русский язык и языковая личность. Москва, 1987.

3. Р.Ф.Исламшин. Языковая личность XXI века. Москва, 2005. с.38.
4. К.Абишева. Основы теории межкультурной коммуникации. Астана, 2008.
5. Б.Хасанұлы. Тілдік қатынас негіздері (оқу құралы). А., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2006. 86-бет.

---

**Қалимаш ЕЛШІБАЕВА,**  
**Қазақ-Британ техникалық**  
**университетінің**  
**гуманитарлық пәндер**  
**кафедрасының оқытушысы.**

## **ТІЛ ТІРЕГІ – ЖАСТАР**

Болашағын ойлаған адам баласы өткеннің тәжірибесінен сабақ алып, бүгінгісіне алаңдайды, ертеңіне негіз қалайды. Осы үш тағанның арасындағы байланыс үзілмей жүріп отырғанда ғана өмірі мағыналы да мәнді болмақ. Еліміз егеменді алғалы бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. Әрбір жыл сайын Елбасы Жарлығымен халқымыздың рухын биіктетер іс-әрекеттермен тарих қойнауына еніп жатыр.

Қазақ қашанда ата мен баланың арасындағы сабақтастықты, көргенді істің көсегесін көгертуді жөн санаған. Атадан алған тағылымын ұрпақ бойынан көруді көксеген. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деуде осындай текті тәрбиенің ізі бар. Ұрпақ сабақтастығы мен бірлігі дегенде біз осы негізді есепке аламыз. Осының бәрінің басты тірегі не дегенде, ойымыз сөз

жоқ барып тілге тіреледі. Кейбіреулер тілді тек қатынас құралы деп қана қарап, оның ұрпақ тәрбиесіндегі орынын бәсеңдетіп алып жүр.

«Тәрбие басы – тіл» деп М.Қашқари тегін айтпаған. Адамның азамат болып қалыптасуында терең тілдің алатын орнын терең түсінген ұлы түрколог «Өнер алды – қызыл тілді» Абайдан аса өнеге еткен дана жоқ. Ол тіл өнерін дертпен теңестіріп, ащылы-тұщылы көргендерін, өмірден түйгендерін арқау етіп, шер көкіректің сырын шерткен. Сонда қазақ сөзінің шексіз мүмкіндігі мен қуатына таң қалмасқа болмайды.

Ойдың неше қилы түріне қызмет ететін тілдің табиғаты өте қызық. Адам адамзат болып қалыптасуы үшін қаншама тәрбиелік баспалдақтан – отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орны, т.б. өтетін болса, тілдің де сондай өз мектебі бар. Алдымен көңіл-күйдің әр алуан сәтіне байланысты неше алуан сөздер қолданылатынын айтсақ та жеткілікті. Тіл адамның туа біткен қаруы болғандықтан, оған жеңіл-желпі қарауға болмайды. Тіл адамның мамандығын, қызметін, т.б. қасиеттерін таңдап, алалап жатпайды. Барша мамандық иелерінің пайдаланатын құралы – тіл. Сондықтан дұрыс сөйлей білу, тілді дұрыс қолдана білу әрбір адамның ой-өрісін, мәдениетін, ана тіліне деген құрметін білдіреді. Халықта: «Белгі болмаса жол бұзылады, білім болмаса сөз бұзылады» деген сөз бар. Жоғарыда әңгіме болып отырған жайттың бәрі түптеп келгенде білімділікке саяды. Оның бәрі еңбекпен келеді. Еңбексіз сөз игерілмейді, сөздік қор байымайды. Сондықтан да ана тіліміздің ертеңіне, тіл мәселесіне бүгінгі таңда ерекше мән берілуі заңды да.

Өлеңдерінде мұң да бар, шер де бар, шаттық та бар, шарасыздық та бар, оқи отырып, достық пен

махаббаттың, қайғы мен қасіреттің, сезім мен ақылдың, әділеттілік пен адамгершіліктің, имандылық пен мейірім-шапағаттың не екенін терең сезінетін, түсінетін Абай өлеңдерін қазіргі жастарымыз оқи ма? Оқыса оны қалай түсінеді? Сол жастарымыз Абай өлеңдерінен рухани жан дүниесінің байып, тазара түсетінін сезер ме екен? Тіл кереметі мен сөз құдіретін осылайша сезініп, түсінуден барып, адамның бойында отаншылдық сезім пайда болады. Атамекен мен ана тілді өміріне тірек еткен жан өзгеше бір қасиет пен қабілетке ие болады. Ол – тілдің қуаты, ол – атамекенге деген асқан махаббат пен шексіз сүйіспеншіліктің салтанаты. Адамға келетін он пайданың тоғызы тілден екені тегін емес.

Тілдің осы тектес қасиетін қастерлей білген тек Абай ғана ма? Бұхар, Махамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Ахмет, Мұхтар, Қаныш, Ілияс, Жүсіпбек, Мағжан, Ғабит, Мұқағали, Төлеген тектес даналарымыз бен сөз әлемінің сиқырларын санамалап тауыса алмаспыз. Бұлардың әрқайсысы әр дәуірдің жүгін арқалап тұрған алыптар ғой. Осы алыптарымыздың қай-қайсысы болса да білім-ғылымды, оқу-өнеге, өнерді ана тілі арқылы игеріп, уызына қанып өскен. Ана тілінің уызына жарып, өмір бойы өзінің жазу және сөйлеу тілін баптап, баулып отырған. Олардың бойынан көрінген осы қасиеттерді біз өз бойымыздың, қазіргі ұрпақ ісінен таба аламыз ба? Елдің тірегі де, тілдің тірегі де келер ұрпақ екеніне дау жоқ. Ал сол жастардың бүгінгі болмысын барлап қарайықшы. Арыға бармай-ақ күнделікті іс-әрекеттердегі келеңсіз жайлардың өзі жаныңды ауыртады. Жалпы тіл біліп, оны игеру – әрбір адамзаттың біліктілігін арттырып, білім бұлағына жетер байлық екені даусыз.



Биылғы жыл Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығымен ел есінде қалмақшы. Атқарылар іс-шараның бәрін осы — мерекеге арнағалы жатырмыз. Ал, осы тәуелсіздігімізді алып келген Желтоқсан оқиғасы кезінде қалғып кеткен ұлттық сананы дүр сілкіндіріп оятып, үлкенді де, кішіні де ойға қалдырғандай болып еді. Алайда оянған санамыз Отан игілігіне қызмет ету орнына ана тілінің күйігін қозғатты. Отбасынан ордалы оқу орнына дейінгі аралықта толассыз жүргізілуге тиіс оқу-тәрбие жұмысына нарық киліккен соң жүйесіздікке жол берілгендей. Осы тұста ана тілінің жағдайы қалай мәз болмақ? Оқу орындарында қазақ тілі сабағында ғана қазақша сөйленеді де, қалған уақытта орыс тілі үстемдік ететін болды. Бұл жайды өздеріне сын көріп жүрген жастарды кездестіре алмадық. Керісінше, баға үшін ғана сабақта қазақша сөйлеп, шыққан соң не айтқанын ұмытып жүре беретін ұрпақтарымыз көбейді. Тәуелсіз ел болдық, енді кез келген мемлекетпен еркін араласып, ел қатарлы әрекет ете аламыз деген оймен шекарамызды ашып тастадық. Сонда біз мемлекеттік шекарамен бірге рухани жан дүниеміздің қасиетті қақпасын да айқара ашып тастап отырмыз. Қазақстанда қандай тілге де, дінге де жағдай бар. Сол діндердің өсіп-өркендеуіне мүмкіндік бар деп артық айтып қойған сияқтымыз. Оның нәтижесін күнделікті басқа діннің шырмауында қалып жатқан жастардан көре аламыз.

Осындай жағдайда қазақстандық отаншылдықты қалай тәрбиелеуге болады? Ұлттық мәдениет, ұлттық тіл, ұлттық сана, ұлттық намыс деген тәуелсіз ұлтқа ерекше қажет нышандарды қалай қалыптастырамыз? Бұларды дамытудың шарттары қандай? Көшеде бос жүрген қаншама жастарымыздың арасында таланттар бар екенін, олардың өз қабілеттерін жұмсайтын өріс

таба алмай жүргенін кім анықтайды? Олардың өзіндік әрекеттері қандай? Кешегі желтоқсандық бауырлардың «Менің Қазақстаным» деп тоталитаризмге қаймықпай қарсы шығып, үн тастаған өжет әрекетінің нәтижесі осы болғаны ма?

Иә, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға мұра болып келе жатқан қасиетті Ана тіліміздің дәл бүгінгідей тынысы тарылып, тығырыққа тірелген жағдайын мен Арал тағдырына ұқсатар едім... Кеше ғана көк толқыны аспанға шапшып жатқан айдынды теңіздің бүгін қу тақырға айналғаны сияқты, күдіретті ана тіліміздің беделі түсіп, қолданыс аясы тарылып отырғаны бойында ұлттық намысы бар азаматтардың намысына тиіп отырғанын жасырмаймыз. Бар үміт күткеніміз-тілімізді сақтап қалудың бірден бір жолы – мемлекеттік қамқорлық екеніне сеніп отырмыз. Тіліміз мемлекеттік мәртебе алды. Арнайы Заң қабылданды.

Міне, бұған да талай уақыт өтті. Әлі де болса «әттеген-айларымыз» таусылмай келеді. Ана тіліміздің беделін көтеруді әр адам өзінен бастау керек. Ақын Олжас Сүлейменов айтқандай «Биік тауларды аласартпай-ақ, даламызды асқақтатайық», Тіл тағдыры өздеріңнің қолдарыңда екенін ұмытпайық, қазақ жастары!



## ТІЛ ТАҒДЫРЫ

Бәрі жақсы, аштан, сірә, өлмейсің,  
Баспана да табылады-ау, не дейсің?  
Бәрінен де тіл тағдыры қинайды,  
Неге оның дімкәс дертін көрмейсің?..

Шолпан СМАҒҰЛОВА,  
Қызылорда экономика және  
құқық колледжінің  
педагог-психологы.

## **МІНЕЗІНДЕ АУЫТҚУШЫЛЫҒЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ РӨЛІ**

Заман қанша өзгерсе де өзінің бағасын жоғалтпайтын ұғым бар. Ол – әрине, білім.

Қандай мемлекет болмасын, оның даму деңгейін, рухани мазмұнын, интеллектуалдық қуатын, өркендеу әлеуетін айқындайтын бірден-бір құдірет – ол білім беру жүйесінің сапасы болып табылады.

Қазіргі заманғы білім дәстүрлі білім беруден біртіндеп алшақтап бара жатқандығы бүгінде ешкімге құпия емес. Оның негізгі мақсаты- білімнің жалпы жиыны емес, қажетті құзыреттілік, яғни, оның ішінде ең бастысы – жеке бастың әлеуметтік белсенділігі, құқықтық мәдениеті, қарым-қатынас жасау және ынтымақтастыққа деген қабілеттілігі, қажетті ақпаратты ала білуі мен оны нақты істе пайдалана білуі болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстанның даму жолында бәсекеге барынша қабілетті Отандық білім беру жүйесін қалыптастыру мақсаты қойылған. Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену міндеттері білім беру мазмұны мен құрылымын жаңарту, білім

беру технологияларын жетілдіру, білім сапасының ұлттық бағалау жүйесіне, білімдегі өзекті мәселелерді шешуге әр педагогтың тікелей қатынасуын міндеттейді. Олар жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, шығармашылықпен айналысатын жастарды дайындауға, оларды әлемдік нарық кезіндегі бәсекелестік жағдайында жұмыс істеп, өмір сүруге, дағдарыс жағдайындағы өзгерістерге икемделуге бейім болуға үйрету керек.

Кәсіптік білім берудің өзекті мәселелерінің бірі – жас ұрпақты тәрбиелеу.

Білім беру процесі жастарды озық үлгіде тәрбиелеумен өзара тығыз ұштасып жатуы тиіс. Бұл жерде тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру күрделі қарама-қайшы жағдайда жүзеге асырылып келе жатқандығын атап өту қажет. Елдегі экономикалық қайта жаңару қоғамдық өмірдің барлық саласына әсерін тигізді, еңбек қызметінің мақсаты мен сипатын, жеке бастың рухани-адамгершілік, қоғам мен адамның құндылықтар жүйесін түбегейлі өзгерткен.

Осының нәтижесінде жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесін қайтадан ой елегінен өткізудің қажеттілігі алдыңғы қатарлы мәселелердің біріне айналды. Қоғамда жүріп жатқан түрлі өзгерістер қазақстандық жастардың қазіргі заманға лайық ұрпағын тәрбиелеу бойынша жаңа мақсаттар мен міндеттерді алға қойып отыр.

Жастарды тәрбиелеу – педагогиканың басты категорияларының бірі болып табылатындығы жалпыға мәлім дүние.

**Тәрбиелеу дегеніміз** – нақты процесс, жалпы нәтиже, әлеуметтік қызметтің бір түрі ретінде, адамзаттық құндылық жүйе, ықпал ету мен өзара қарым-қатынас

ретінде қарастырылады.

**Тәрбиелеу** – рухани-адамгершілік және тәндік құбылыс болып табылады.

Бала – болашағымыз дейміз. Сол болашағымыздың нұрлы болуы – біздің бүгінгі балаларымызға беріп жатқан тәрбиемізге тікелей байланысты.

Бала – ата-анасының, отбасының айнасы. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегенді жиі айтамыз. Десек те, қазір сол айнаға қараған сайын жан ауыртар жағдайлар көп болып барады. Мұндайда «бетің қисық болса, айнаға өкпелеме» деген сөз тағы да еске түседі.

Қоғамның, қоршаған ортаның бет-бейнесін жасайтын – адам. Заманның да, уақыттың да иесі – сол. Онда неге біз, адамдар бойынан өзіміз күткен кісілікті көре алмаған кезде «заманына қарай» деп заманды кінәлаймыз.

Ата-аналарымыз қай заманда болсын тәлім-тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Ұл мен қыздың тәрбиесіне бөлекше қараған. «Қызың өссе, ұлы жақсымен, ұлың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол» деген де – біздің бабаларымыз. Осы сөздердің тамырына үңілсек, тәрбиенің ананың құрсағы, отбасының бесігінен басталатынын аңғару қиын емес. Ал қазір осы тәрбие деген қасиеттің қадірі неге кетіп барады? Неге жастардың, әрине, барлығының емес, көпшілігінің бойынан кемшіліктерді көбірек көріп жүрміз.

«Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» деп айтамыз. Сол баланың қызығын қызықтағанмен де, кейде азабынан іргемізді аулақ салатынымыз алаңдарлық. Сонда «Сәби күнінде бәрі жақсы, ал бұзық қиын бала қайдан шығады?» Осы мәселенің қыр-сырын білмей бас қатырушылар қаншама?

Сонымен, қиын бала қайдан шығады? **«Қиын бала»**

дегеніміз кім?

Осы бір сұрақ көптеген ата-ана мен педагогтарды, жалпы жұртшылықты жиі толғандырады және бір сөзбен жауап беру жеткіліксіз, өйткені баланың «қиын» аталуы аз ғана уақыттың нәтижесі емес.

**«Қиын бала», яғни, «тәрбиесі қиын бала», «педагогикалық назардан тыс қалған бала», «адамгершілік дамуында ауытқушылығы бар бала».**

Орыстың ұлы педагогтары мен ғалымдарының зерттеу жұмыстарының дәлелдеуіне қарағанда, қиын балалардың шығуына үш түрлі фактор себеп болады екен:

1. Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни, тұрмыстағы ұрыс-керіс, маскүнемдік, ата-ананың біреуінің болмауы, дұрыс талап қоймаушылық, т.б. себеп болады екен.

2. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жіберілген кемшіліктер. Оқушының жеке басының мінез-құлық ерекшеліктерін, ынтасын, қызығуын, талап-тілегін ескермеуден.

3. Қоғамдық орта, яғни, достарының алатын орыны ерекше.

Педагогикалық зерттеулердің қорытындысы бойынша үнемі ұрыс-керіс, төбелес, жанжал бірін-бірі жәбірлеу кездесіп тұратын отбасыларында өскен балалардың 40-43 пайызы, ішімдік орын алған ортада өскен балалардың 30 пайызы, жезөкшелік пен моральға қайшы әдеттермен айналысатын ата-ана өсірген балалардың 12 пайызы қиын бала атанады екен.

Оларға тән қасиеттер – дөрекілік, қатігездік, қиқарлық, жалқаулық, т.б. жағымсыз мінездер.

«Қиын бала» атанып, отбасында да, мектепте де,

орта арнаулы оқу орындарында да қиындық тудырып жүрген балалар туралы айтылып та, жазылып та жүр.

Әйтсе де, бұл мәселе әлі де шешімін тапқан жоқ. Адам өмірге келген сәттен бастап, үлкен әлеуметтік ортаға тап болады. Оның осы ортада өзін нық, еркін сезінуі үшін көптеген факторлар қажет. Қазіргі көп мәдениетті заманда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына әсерін тигізеді. С.Т.Холлдың пікірі бойынша, «бала толыққанды даму үшін» өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет. Бұны келтіріп отырған себебім, баланың «қиын бала» атануына өз халқына тән мәдениетпен, салт-дәстүрмен тәрбиеленбеуі де, ғылыми тілмен айтқанда, этнопсихологиялық ерекшеліктердің ескерілмеуі де өз әсерін тигізуде.

Ауытқушы (девианттық) мінез-құлық деп қоғамда қалыптасқан нормаларға сәйкес емес мінез-құлықты айтамыз.

Девианттық мінез-құлық үлкен екі категорияға бөлінеді. Біріншіден, бұл анық немесе жасырын психопатологияның (паталогиялық) барлығын білдіретін психикалық денсаулық қалыптарынан ауытқыған мінез-құлық. Екіншіден, бұл әлеуметтік, мәдени және әсіресе құқықтық қалыптарды бұзатын ассоциалды мінез-құлық. Мұндай әрекеттер аз болса, олар құқық бұзушылық, ал салмақты болса әрі жазаланса, қылмыс деп аталады.

Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Баланың өз отбасы, ата-анасы болғандықтан, оны тәрбиелейтін, болашағына жауап беретін де – солар. Сондықтан да бала тәрбиесіне басқа біреуді жанастырудың қажеті жоқ. Кейбір ата-аналар баласының сабақ оқуын қадағаламай, білім беру тек мұғалімнің міндеті деген теріс пікір айтады.

Бұл дұрыс емес. Бала тәуліктің 4-5 сағатын ғана мектепте өткізеді. «Қиын бала қайдан шығады?» деген сұраққа жауап беретін болсақ, барлық отбасында сондай бала шығады деу бекершілік. Бала үлкейе келе жамандықты үйреніп, қиын балаға айналады. Отбасындағы теріс тәрбиеден де қиын бала шығады.

Қазақ поэзиясының пайғамбары Абай атамыз «Балаға көбіне үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Солардың ішінде қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады».

Баланың тәрбиелі, білімді болып өсуіне де ата-ананың қосар үлесі орасан. Алдымен бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөліне келсек, көз алдымызға көптеген міндеттер мен жауапкершіліктер келетіні анық. Кей жағдайда ата-аналар бала тәрбиесіне немқұрайлы немесе жұмысбастылықпен қарай алмау салдарынан баланың теріс жолға салынуына жол береді. Мысалы, құрамы толық емес отбасының анасы балаларын асырау үшін екі жерде жұмыс істейді, оның өзі бала тәрбиесіне кері әсерін тигізеді. Көптеген ата-аналар өндірістік еңбектен бала тәрбиелеуге қолы босамайтынын уақытының аздығын сылтау етеді. Көпшілік ата-аналар баласының кешкісін немен айналысатынын, кімдермен бірге жүретінін біле бермейді. Сонымен қатар көпшілік ата-аналар жұмысбасты болып жүріп, балалардың тәрбиесіне өз дәрежесінде көңіл бөлмейтіндігіне, **«қарыны тоқ», «көйлегі көк», бұған басқа не керек** деген түсінігінің тереңінде үлкен проблема жатқандығына мән бермейді. Шаршап-шалдығып келген адамның тәлім-тәрбиемен айналысуына уақыты да, құлқы да болмайды. Сондықтан да еркі өзінде болған бала ойына не келсе, соны істеуге бейім. Күні бойы бар «тәлім-тәрбиешісі»



– теледидар, одан қалса, екі құлақты тарс жауып тастайтын шетелдің мән-мағынасы жоқ, ми шайқап, жүйке тоздырудан басқа пайдасы жоқ музыкасы. Одан қалса санасын санға бөлер компьютер мен автоматты ойындар... Бүгінгі көп баланың ермегі – осы. Демек, кей жағдайда «қиын» баланың пайда болуына көбінесе ересектердің өздері себепші болатындығын да ескеру жөн.

Ата-анасының қамқорлығы мен сүйіспеншілігін сезінбегендіктен, қайырымдық пен жылылықты сырттан іздейді. Осының әсерінен олар көшедегі жат қылықтарды бойына сіңіреді. Күні бойы бос жүрген бала әр нәрсеге еліктегіш келеді. Сондықтан болар жасөспірімдер арасында қылмыстың көп болып тұрғаны. Есірткіге, арақ-шарапқа, шылымға құмарлары да аз болмай тұр. Ал, бұл дегеніміз келешегіміз деген жастарымыздың өміріне, алға қойған мақсат-мұраттарына кері әсерін тигізері хақ..

Соңғы уақытта республикамыздың барлық аймақтарында жасөспірімдер қылмысы белең алып, бұған қоғам арасында орынды алаңдаушылық та артып келеді. Шындығына келгенде, ұрпақтың азуы, жастар арасындағы қатігездік пен қанішерлік бүгінгі күні адам айтқысыз көріністерге жеткізіп, жағаны ұстататын оқиғалар адамға түрлі ой салатын болды. Жастар арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың көбеюі, еріккен жастардың өмірден баз кешіп, түңіліп, қайдағы бір секталарға кіруінің басты себебі, айналып келіп бала тәрбиесі мәселесіне қатты назар аударғызып отырғаны ақиқат. Елімізде орын алған әрбір алтыншы қылмыс сол балалардың үлесіне тиеді екен.

Сондай-ақ жасөспірімдер арасында есірткіге әуестенушілер соңғы 4-5 жыл деңгейінде үш есе

артқан. Ал жасөспірімдер арасында адам айтқысыз ауыр қылмыстарға кім кінәлі, жастардың жүйкесінің жұқарып, психологиялық ауытқуларға баратындар неге көбейді деген сауалға келетін болсақ, ең алдымен, бала тәрбиесіндегі кеткен кемшіліктерді алға тартуға болады.

Сол баланың оң тәрбиесі болмағандықтан да, жасөспірімдер арасындағы қылмыс өсе келе ересектер қылмысына айналып, ортадан басбұзар топ шығып, қоғамға қауіпті ағымның жетегіне кете барады. Сонда бұндай қылмыстардың алдын алу қайда қалды?

Шындығына келсек, жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың өсуі тек шырқы бұзылған отбасылардың көбеюінің ғана емес, балалардың соңғы кездері шекара дегенді білмейтін, жан-жақтан ағылып келіп жатқан, бала жүрегіне қатігездік ұрығын себу жағынан бірінен-бірі асып түсетін компьютерлік ойындарға, одан қалса атыс-шабысқа толы, адамды қинау мен азаптап өлтірудің бірнеше эпизоттарын қамтитын сорақы жанрдағы фильмдерге деген ықыластарымен байланыстыруға да әбден болады.

Ал ата-аналардың балаларының ұзақ уақыт компьютерде отыруының ешқандай теріс салдары жоқ деп ойлайтыны мүлдем қате түсінік екені белгілі. Бүгінгі күні батыстың бірқатар ұйымдары психологиялық-әлеуметтік зерттеулер жүргізіп, онда кез келген елдерде орын алатын зорлық-зомбылықтың басты себебін теледидардан келетінін анықтаған.

Мінез-құлқында ауытқушылығы бар оқушыларды тәрбиелеу және оқыту қазіргі таңда психикалық қиындық тудыратын проблема ретінде күн тәртібінде түспей отырғаны мәлім. Мұның өзі «қиын оқушылар» санының жылдан-жылға өсіп отыруымен байланысты

болып табылады. Бұл уақыттарда «қиын оқушыларға» көбінесе жасөспірімдер жатқызылса, бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының арасында да осы категорияға жататындар да аз емес. Сондықтан да қиын оқушыларды ерте жастан бастап қолға алып, олардың саналы білім мен сапалы тәрбие алуларына мүмкіндік жасалуы қажет.

«Қиын оқушыларды» тәрбиелеу жүйесінде адамгершілік тәрбиесі аса маңызды орынға ие болады.

Адамгершіліктің өрісі кең. Бұл қасиет әр адамның еңбекке, қоғам өмірінде, тұрмыста, көпшілік орында өзін ұстауынан, басқалармен қарым-қатынасынан, жүріс-тұрысынан, қимылынан байқалады. Адамгершілігі мол адам бақытты, ел-жұртына қадірлі, қоғамға да пайда келтіреді, яғни, маңайындағыларға үлгі өнеге бола алады. Сондықтан «қиын оқушыларды» жас кезінен адамгершілік қасиеттерге баулу олардың келешекте жақсы азамат болып қалыптасуына кепілдік береді.

**Адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері:**

- а) адамгершілік сананы қалыптастыру;
- ә) адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу және дамыту;
- б) адамгершілік мінез-құлық біліктілігі мен әдеттерін қалыптастыру.

Қиын балалармен жұмыс және тәртіп бұзушылықтың алдын-алу мәселесі қазіргі кезеңдегі маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Осы мәселелермен жұмыс жасай отырып, психологтардың алға қойған мақсаты: «қиын балалармен» жұмыс жүргізу жолдарын жетілдіре отырып, оқушыларға құқықтық білім беру мен жоғары әлеуметтік-құқықтық мәдениетін қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін табу.

Әуелі мына терминдерді ажырата білгеніміз жөн: «қиын бала», «тәрбиесі қиын» бала, педагогикалық назардан тыс қалған бала, әлеуметтік назардан тыс қалған бала, адамгершілік дамуында ауытқушылық бар бала. Осы тұрғыдан қарай отырып, тәртіп бұзушылыққа бейім балалармен дұрыс тәрбие жүргізу жолдарын анықтаймыз.

Қиын оқушыларды қайта тәрбиелеу үшін оның жағымсыз әдеттерін жоғалтып, жағымды әдеттерін арттыру қажет. Сондықтан оларды сыныптан тыс іс-шараларға, спортқа, өнерге, техникаға, қоғамдық жұмыстарға қатыстыру керек. Белсенділігі мен талпынысына қолдау көрсетіп, сыныпта оның беделін көтере отырып, әрбір жасаған істеріне баға беріп, көңіл бөлінсе баланың өмірге деген көзқарасы өзгерер еді.

Мұғалімдер өз тәжірибесінде қиын баланың ар-намысына тимей, жеке ерекшелігін ескеріп, педагогикалық этиканы сақтап, қадағалап отырғаны абзал.

«Халық айтса, қалт айтпайды» дегендей, «қиын» балалармен жұмыста сынып немесе топ жетекшілерінің қағидасына айналған мақалдар бар.

### **1. «Баланы – жастан» немесе «Баланы бесігінен түзе»**

Баланың тәрбиесі жайлы алғашқы мәліметтің жоқтығынан бастауыш сынып мұғалімдеріне бірінші күннен бастап, баламен мақсатты түрде жеке тәрбие жұмысын жүргізу қиынға соғады.

Сондықтан мектепке дейінгі баланың отбасындағы мінез-құлқы жайлы, кейбір жеке ерекшеліктері жайлы мәліметтердің болғаны жөн. Ол үшін арнайы сауалнамалар дайындалады. Тәртіп бұзушылыққа бейімділік белгілері көріне бастағаннан баламен

бірінші күннен саналы тәртіпке және мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеудің жеке жоспары жасалады. Оқушы мінез-құлқындағы теріс белгілердің ең алғаш көрініс беруінен-ақ байқау ауытқушылықтың алдын алуға мүмкіндік береді.

**2. «Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады».**

Тәрбие жұмысындағы тағы бір маңызды нәрсе – баламен сөйлесе білу. «Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады» демекші, баланың көңілін таба білу оның сенімін туғызады. Жас ерекшелігін ескере отырып, жеткіншектермен, жасөспірім балалармен олардың өз тілінде сөйлесу керек.

Қиын балаларды сен «қиынсың» деп кеудесінен нұқымай, жалпы балалар тобынан бөлудің қажеті жоқ. Бұл оларды одан әрі есіртіп жібереді, «көрдіндер ме, бізге ерекше назар аударылады» деп басқалардың алдында әдейі көкірек қаға түседі. Немесе өздері жайлы төмен бағаға үйреніп кетеді. Осыдан барып еш нәрсеге құлқы жоқ, немқұрайлы болады.

**«Қиын» жасөспірімдермен жұмыс әдістемесі.**

**1. Қолдау әдістемесі** – ең алдымен олардың сабаққа деген құлшынысын қолдап отыру, т.б. ой-пікірлерін, ұсыныстарын қолдау.

**2. Жеке талап қою әдістемесі** – оқушының өзіне деген сенімін бекіте түсу үшін оның мүмкіндігіне қарай сабақ жүктемелерін беру.

**3. Жеке тұлғалық қатынас әдістемесі** – өзінің мүмкіндігін ескере отырып, түрлі іс-әрекет түрлеріне қатыстыру арқылы дамуына ықпал ету.

**4. Оқушының жетістігі жағдаяттарын туғызу әдістемесі** – бұл арқылы сынып ұжымында оқушы беделін, оның мектепке деген көзқарасын қалыптастыру.

Абайдың оныншы қара сөзінде, бала, бала тәрбиесі туралы айтылған. Абайдан артылып кім айта білген?! Сол оныншы сөзде... «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік» делінген. Баламыз жанымызға күйік түсірмес үшін біз тәрбие деген тәңірді естен шығармауымыз керек. Қызға да, ұлға да қырық үйдентью керек уақыт қазір. Үлкендер кемшілігі көп, кішілігі жоқ жастарға көбірек өкпелейміз, ал сол қасиеттер өзіміздің бойымызда бар ма? Осыны көбірек ойласақ.

Түйін. Бала тәрбиесі – ерен еңбек, маңдай тер, сүйіспеншілік, жауапкершілік. Ал тәрбиелі бала болашақ бақытты өмірдің, адал азаматтың, сәтті отбасының иесі болатынына еш күмән келтірмейік. «Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы» деп халық қаһарманы, жазушы Б.Момышұлы айтқандай, ұрпақ саналы өмірдің ең басты кепілі. Сондықтан балаларға басты-басты үш дінгектен жан-жақты тәрбие беру – ең негізгі парызымыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мектептегі психология. №5, 2006. Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал.
2. Әдеп және жантану. Ұлттық тәлім-тәрбие. А., «Атамұра», 1998.
3. Ұлықман Асыллов. Жарылқасын Нұсқабайұлы. Инабаттылық дәрістері. А., «Рауан», 1998.
4. Нұржамал Байсақал. «Тәрбие деген тәңір бар». «Алматы ақшамы» газеті 31.01.2006 жыл.
5. Б.Ө.Құрбаналиев, Ж.Ханқожаева. «Қиын балалармен жұмыс».
6. «Бастауыш мектеп». №2, 2007, 7-9 бет.

**Жұмабақыт РАХМЕТОВА,**  
**Өнер мектебінің мұғалімі.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Жарма ауданы,  
Қалбатау ауылы.

## **ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТӘУБӘСІ**

Тәуелсіздікке – 20 жыл. Тәуелсіздіктің 20 жылы – Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы...

Еліміз тәуелсіздік алған жылы туған бала – қазір ел азаматы, ендеше, Тәуелсіздігіміз ақыл – ойы, тұрмыс - тіршілігі толысқан, елді аузына қаратқан, әлем назарын аударған, тілі мен дініне қайта бет бұрған жасқа жетті.

Халықаралық «Қазақ тілі қоғамының» президенті, академик Өмірзақ Айтбайұлы айтқандай:

«Тіл – жеке адамның шаруасы емес,  
Мемлекеттің басыбайлы дүниесі емес.

Тіл – халық қазынасы, ұлттық жаны.

Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі.

Тілдің мәртебесі – ұлттың мәртебесі, елдің мерейі. Мерейімізді асыратын да, құтын қашыратын да – өзіміз. Тіл отбасынан басталады да, Отан аясында дамиды.

Отбасы – өзіміз де, Отанымыз – Қазақ елі. Бұл екі ұғым – домбыраның қос ішегіндей бірлікте.

Отбасы мен Отанның мақсат-мұраты үндесе, ісіміз береке табады, тіліміз қанат жаяды.

Тілді қозғай отырып, діннен айналып өте алмаймыз, өйткені дін – рухани дүниеміздің өзегі».

Аты Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевпен бірге аңызға айналған заман туды, тәуелсіздікпен шамалас

тәуелсіздікпен жасты жастары білім қуды.

Тәуелсіздік алған жылдарда шетелдік біліммен қаруланған болса, енді өзімізде шетелдерден аспаса, кем түспейтін мектептер, арнайы оқу орындары, жоғары оқу орындары пайда болды. Тәуелсіздік...Тәуелді болудан құтылу. Қандай ғажап! Қандай бақыт! Еркімен дамып келе жатқан жасампаздық егеменді жылдар!

Осындай кезде өтіп кеткен жылдарға шегінсең, ойыңа әр түрлі оқиғалар түседі.

«Отарлау кезеңі... бодандық жылдар... «Бодан» сөзінің өзі қазір де тілімізге сіңісіп, төл сөзімізге айналса, бұның негізі – орыс халқының «поданный» сөзінен кірме сөз ретінде кіріп тұрақталып қалған екен.

Тәуелді болудың қиындығы мен халық намысына тиюдiң, басқаға бас июдiң ауыртпалығын алдымен сезген көзі ашық, көкірегі қарақты зиялы қауым болса, соның ішінде ақын-жазушылар жүрегіндегі, көкірегіндегі отаршылдыққа деген запыранын қаламымен, ұлы ақын Абайша айтқанда, «Улы сия, ащы тіл» арқылы жеткізіп, өз өмірлерін кертартпа заманның кеңірдектен қысқан қыспағына тап қылып, қуғын-сүргіннің құрбаны, тәуелділіктің, отаршылдықтың, бодандықтың құрбаны етті, бірақ өкінбеді, өрлік танытты:

Не көрсем де алаш үшін көргенім,

Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім.

Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,

Істей берсін қолдарынан келгенін, - деп жырлаған ақын Мағжан Жұмабаевтың айтқаны келді, қолдарынан келгенін істегенімен, алаш өлмеді, көркейді.

Ақын тағы да:

«Қазақ елім, қалың қара ағашым,

Қайраты мол, айбынды ералашым!

Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,



Ақымақтар байқамаған шамасын».

Ғасырға жуық бұрын жазылған өлеңде қандай көріпкелдік жатыр!

Тәуелділіктің алғашқы жылдарында, ел ішінде, отбасы ошақ қасының өзінде, отаршылдыққа деген кек пайда болды. Ресей отаршылдығы үшін бүкіл орыс халқына улы тілін безеді, сондықтан сол заманның сол халыққа қазақтың берген бағасындай болып, мынандай сөздер қалыптасты:

«Орыс оттай береді!», «орыс ойына келгенін істейді», «орыс, орыс – оңбаған, 10 шошқаға тоймаған», «орыс - кәпір»

Әрине, кейіннен бұл сөздер ұмыт бола бастады, өйткені ұзақ жылдардан кейін халық, бүкіл ел мойнындағы қамытқа мойын ұсына бастаған еді.

Билеуші елдің өкілдері де біздің елге емешегі үзіліп, үздіккен жоқ. Жазушылар шығармаларынан оқығанда кездесетін мына сөзерді жиренішпен айтқандарын байқаймыз: «калбиттар», «азиаттар», «сиырлар», тіпті, қазақтың сүйікті малы жылқыға емес, сиырға балағанын көрмейсіз бе?!

XX ғасырдың басындағы ақын-жазушылар: А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтар тәуелділікті күйінішпен жырласа XIX ғасырдағы ұлы ақындарымыз Абай мен Шәкәрім орыс халқының игі қасиеттерінің ел игілігіне асыру керектігін, орыстың халқы емес, Ресей патшалығының ғана, тәуелді халыққа жасаған саясатының ғана, бұрыстығын дәлелдеп, керек жерінен үлгі алу қажеттігін түсіндірді және соған шақырды.

Мәселен, Шәкәрім «Жасымнан жетік білдім» өлеңінде:

«Оятқан мені ерте – шығыс жыры,  
Айнадай айқын болды әлем сыры.  
Талпынып орыс тілін үйренумен  
Надандықтың тазарып, кетті кірі.

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,  
Алдампаз, арам сопы кәпір қойдың.  
Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,  
Сондықтан ол иесі терең ойдың.

Толстой кәпір емес, кәпір – өзің,  
Дін емес, бәрі алдау – айтқан сөзің.  
Көңілің – соқыр, надансың, бейілің қара,  
Нұр, жарығын қалайша көрсін көзің.

Көнбеймін дінді теріс бұрғаныңа,  
Сопының бара қойман құрбанына.  
Ақиқат сырымды айтсам – Толстойдың

Мың сопыны алмаймын тырнағына», - десе, ақын

Абай:

Орыс теріс айтпайды  
Жаман бол деп оларды.  
Қаны бұзық өзі ойлар

Қу менен сұм боларды, - дейді және «Орыстың білімі  
– дүниенің кілті», - деп бағалайды.

Алғашқы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің де  
«Өнер – білім бар жұрттар» өлеңі арқылы «Өнер, білімі  
бар елдердің бірі – Ресей мемлекеті» екенін меңзейді  
де: «Біз де бекер жатпалық,

Осылардан қалыспай» - деп өнер, білімге үндейді.

Ал тәуелсіздік пен бостандықты аңсаған Мағжан  
Жұмабаевтың:

«Бостандықта өткен күнді сағындым,  
Желдей зулап кеткен күнді сағындым.  
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті,  
Ойдағыны еткен күнді сағындым», -

деген шумақтары арқылы Кеңес үкіметі кезіндегі тәуелділіктің патша үкіметі кезіндегіден де ерекше қиын болғанын байқатады.

Тәубә, 300 жылға жуық тәуелділіктен құтқарған Тәуелсіздік – ел тәубәсі!

Ақын Мұхтар Шаханов жырлағандай:

«Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,  
Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы.  
Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің  
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

Туымыз әрқашан да биік, еліміздің еңсесі жоғары,  
Елбасымыз бен ел басқарған азаматтарымыз аман  
болып, халқы саналы, істері сапалы, қиындықпен  
қиналып, қыршын жастардың қанымен келген, қаншама  
жылғы арманмен арпалыспен келген. Тәуелсіздігіміз,  
егемендігіміз, дербестігіміз мәңгі болғай!

Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай:

«Мен - қазақ, қазақпын деп мақтанамын,  
Ұранға «Алаш» деген атты аламын.  
Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ,  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?!

Ер түрік ұрпағымын даңқы кеткен,

Бір кезде Еуропаңды тітіреткен.

Кешегі хан Шыңғыстың ұрпағына

Талай царь, талай князь тәжім еткен».

Міне, біздің халқымыз – осындай халық, 2030 жылы  
«Азия барысына айналатын» халық.

Менің де айтарым:

«Тәуелсіздік – жырым менің қолдайтын,

Асылым да, асығым да қорғайтын.

Кетті келмес «дауыл» күндер алысқа,

Бұлаңдаған, бұлдыр заман қорлайтын.

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

(Әдеби-музыкалық кеш)

**Мақсаты:** тәуелсіздік жолында ерлік көрсетіп, өмірлерін қиған батырларды еске алу; оқушылардың оларға деген құрмет, мақтаныш сезімін ояту; елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** желтоқсан көтерілісінің құрбандарына қойылған ескерткіштің және Тәуелсіздік монументінің макеті, гүл шоқтары, қазақтың ою-өрнектері, мақал-мәтелдер жазылған плакаттар (Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол. Ердің ісі – елдің мойнында, Елдің ісі – ердің мойнында. Ел барда – ер қор болмас, ер барда – ел қор болмас).

## 1-жүргізуші:

- Қазақ дейтін бастау үшін бір көшті  
Елі үшін жорық жасап қан кешті.  
Бөгенбай да, Қабанбай да, Абылай  
Тәуелсіздік жолын іздеп жан кешті.

Қазақ халқы өзінің ұлт болып қалыптасу жолында талай қиямет күндерді басынан кешті. Ата-баба қонысынан, туған-туысқаннан, барлық байлық, мал-жанынан айырған 1723 жылғы қасіретті халық «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп атады. Осындай қиын-қыстау заманда бар қазақтың жақсы мен жайсаңын, аруақты батырын маңайына жиып, қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған Абылай хан еді.

**Көрініс.** *(Сахна төрінде – Абылай хан, оң жағында – Төле би, сол жағында Қабанбай батыр мен Бөгенбай батыр отыр).*

**Төле би:** - Арманым ата жұртты жау қолынан тазартып, азат-еркін ел болғанын көріп өлсем деуші едім. Өмірі басымызға нөқта кимеген, көзіне қамшы тимеген асау, азат ел едік. Жер жаннаты Жетісу мен Орда тіккен оңтүстікті қашан қайтарып аламыз?

*(Бөгенбай сөйлеуге ишарат білдіреді)*

**Абылай хан:** - Сен, не дейсің, Бөгенбай батыр?

**Бөгенбай батыр:** - Мен не дейін, хан ием. Мені сөз беріп дауға салғанша, қолыма найза ұстатып жауға сал. Бүгін аттан десең де әзірмін.

**Абылай хан:** - Түбегейлі жеңіс жақын тұр, қадірлі би! Батырлардың тілектерін құптаймын. Бата бер, бата!

**Төле би:** - Атасызға – ата бол,  
Батасызға – бата бол,  
Кек сақтамас бала бол,  
Асу бермес дана бол! *Әумин!*

**2-жүргізуші:** - Қасиетті ата-бабамыз «Дұшпан астыңдағы атыңды сұраса аяма. Өйткені Қамбар ата аман болса, тұлпар тумай қоймайды. Дұшпанға бір сүйем жер беруші болма! Өйткені асыраушы Жер-анаң ешқашан үлкеймейді» деген екен. Сондықтан ата-бабамыз атақоныс жерімізді қасықтай қаны қалғанша қорғап өтті.

**1-жүргізуші:** - Елге айналып Қазақ хандық құрғалы,  
Өтті өмірден небір қазақ тұлғалы.  
Махамбет те, Исатай да, Шернияз  
Тәуелсіздік – ұлы жолдың құрбаны.

**2-жүргізуші:** - Біздің ата-бабаларымыз ұлан-ғайыр мол жерімізді талай ғасырлар бойы жаудан қорғап, бостандық пен тәуелсіздікті аңсаумен өтті. Сондықтан

да біз халқымыздың Әз Тәуке, Абылай мен Махамбет сияқты ұлдарын қадір тұтып қастерлейміз. Олардың халқы үшін жасаған ерен еңбектерін үлгі-өнеге, мақтан етеміз.

**1-жүргізуші:**

- Отыз жеті! Есік бұзар кез кірді,  
«Халық жауы!» – естімедік өзге үнді.  
Бірінен соң бірі атылған Қазағым  
Тәуелсіздік Күнді аңсаумен көз жұмды.

*Ән: «Менің елім».*

**2-жүргізуші:** - 1986 жылдың желтоқсан айында империялық саясатқа наразылық білдірген қазақтың жап-жас ұл-қыздары Алматының орталық алаңына шыққан еді. 1986 жылдың 16 желтоқсаны - ерлік пен қайғы мен қасірет араласқан әрі жарқын, әрі қаралы, қасіретті күн болды. Бұл Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхамеджанова, Ләззат Асанова, Қайрат Рысқұлбеков сияқты өрімдей жастардың қанаты қиылған озбырлық күні, өктемдік күні еді.

*(Көрініс: Сахна қараңғы. Өлең оқыған әр оқушыға кезекпен жарық түсіріледі.)*

**1-оқушы:** - Қасқалдақ ұшып көлінен,  
Шүрегей келіп қонған күн.  
Қыранды қуып көгінен  
Қарғалар билік алған күн.

**2-оқушы:** - Нашакор деп, ұлтшыл деп,  
Қазаққа күйе жаққан күн.  
Базары кетіп бір түнде,  
Қайғыға халық батқан күн.

**3-оқушы:** - Қақаған күннің ызғары,  
Сүйектен өтіп кеткен күн.  
Қара көз қазақ қыздарын  
ОМОН-дар бастан тепкен күн.

**1-оқушы:** - Қариялар итке таланып,  
Ер басын күрек шапқан күн.  
Әппақ қар қанға боялып,  
Қып-қызыл мұз боп жатқан күн.

**2-оқушы:** - Озбырлық күшпен тұншығып  
Үміттің оты өшкен күн.  
Жанына таппай бір шындық  
Ер Қайрат қыршын кеткен күн.

*(Әскери киімдегі екі адам Қайраттың екі қолын қайырып, күшпен әкетіп барады).*

**Қайрат:** - Күнәдан таза басым бар,  
Жиырма бірде жасым бар,  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар,

Алам десең, алыңдар!  
Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар,  
«Еркек тоқты – құрбандық»,  
Атам десең, атыңдар! ...

**3-оқушы:**

- Қайғы езіп елдің еңсесін  
Жаншыды-ау жанын батып мұң.  
Енді қайтып келмесін  
Сол бір қарғыс атқан күн. **(Байділда Айдарбеков)**

**1-жүргізуші:**

- Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,  
Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы!  
Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің  
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!  
**(М.Шаханов).**

Талай қыршын жастардың өмірін қиып кеткен  
Желтоқсан көтерілісі – ғасырлар қойнауынан жалғасып  
келе жатқан ұлы тарихтың мәңгі өшпес бір белгісі.

Ән. «Желтоқсан желі». Сөзі: Әбдірахман Асылбековтікі. Әні: Әбиірбек Тінәлиевтікі.

**2-жүргізуші:** - Біз – қазақпыз

Есігі ашық, төрі кең,  
Жылап өттік жылдар, өмір өрінен.  
Жетер енді желпінейік, қарайық,  
Мына өмірге иегердің көзімен.

*Оқушылар сахнадағы тәуелсіздік монументінің жанында тұрып Шәмшібай Сариевтің «Тәуелсіздік монументі» өлеңін оқиды.*

**1-жүргізуші:** 1991 жыл тарихымыздың беттеріне алтын әріптермен жазылары хақ. 1991 жылдың 16 желтоқсанында біздің елімізде «Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы» заң қабылданып, бұл күні мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік болып жарияланды. Биыл Қазақстанның тәуелсіздігіне 20 жыл толады. Осы уақыт аралығында Қазақстан халқы тұңғыш рет өз Президентін сайлады. Қазақстан Республикасы дүниежүзі елдерімен терезесі тең ел болды. Еліміз көптеген халықаралық мүшелікке қабылданды.

**2-жүргізуші:** - Сонымен бірге көптеген тарихи атаулар қайта оралып, қазақ халқының адал ұлдарының (Шәкәрім, Міржақып сынды) есімдері ақталды. Елімізде біздің бойымызға қуаныш пен үміт беретін жетістіктер, оң өзгерістер көптеп орын алуда.

**1-жүргізуші:** - Қазақстан Республикасы 1991 жылдың 16 желтоқсанында өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Президентіміздің «Қазақстан Республикасы Қарулы күштерін құру туралы» жарлығы жарияланды. Бүгінде Республикамыздың егемендігі мен тыныштығын, мемлекеттік шекарасын оның өз Қарулы күштері көзінің қарашығындай қорғауда.



**2-жүргізуші:** - Әрбір елдің саяси, тарихи экономикалық сипатын білдіретін мемлекеттік рәміздері болады. 1992 жылы маусымның 4-інде Қазақстан Республикасының төл туы, елтаңбасы мен әнұраны қабылданды. Олардың сипаттамасы және ресми тәртібі конституциялық заңмен белгіленді.

**1-жүргізуші:** - 1993 жылы Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. Осы жылы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы қолданысқа енді.

**2-жүргізуші:** - 1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы екінші рет қабылданды.

**1-жүргізуші:** - 1997 жылы қазанның 20-сында Нұрсұлтан Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау» туралы жарлыққа қол қойды.

**2-жүргізуші:** - 1998 жылы мамырдың 6-ында Елбасының жарлығымен Ақмола қаласы «Астана» деп өзгертілді.

**1-жүргізуші:** - 2006 жылы 11-қаңтарда Президентті ұлықтау салтанатында Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні Қазақстан Республикасының әнұраны болып қабылданып, тұңғыш рет шырқалды.

*(Әнұранды орындау).*

---

---

## ТӘУЕЛСІЗДІК

Армандаған біздің ата-бабамыз -  
Тәуелсіздік туын күткен даламыз!  
Сондықтан да асқақтатып мерейін,  
Күн астында лаулап оттай жанамыз!

Кәрім АЙНАБЕКОВ,  
ақын, Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі.

## ӨРЕЛІ ӨЛЕҢ ӨРНЕКТЕРІ

*(Аймаханова Гүлсамалдың «Еңлікгүл» жыр кітабы  
хақындағы оқырман ойы)*

Мен ақын қыздың “Еңлікгүл” (Алматы, 2008ж.) деп аталатын екінші Жыр кітабын қаратобыр көзқарастың аумағындағы оймен емес, адами зерденің меридандарына сала отырып, байыппен оқып шықтым...

Аймаханова Гүлсамал Төрединқызының әрбір жыр-өлеңі осы кезеңдегі тіршілік ағымының бүгінгі заманауи шындықтарының арқауына негізделген. Кейіпкер атынан сөйлей отырып, дәл қазіргі шақтың беталысын байқатады. Гүлсамалдың өзіндік ой байламы бар, әр өлеңі өмірде болып жатқан өзгерістердің болмыс-бітімін екшеп, қайсы бір тұстардың себеп-салдарын шындықтың ауылына жеткізе отырып, саңлақ оқырманның жан-жағына зейін сала қарауына түрткі болады. “Өлең рецеппен жазылмайды”, - деген қағидаға жүгінсек, күн сайын болып жатқан өзгерістер мен құбылыстардың ақын жүрегіне салмақ түсіріп, санасына шабыт саңлауының нұрын себездері хақ. Гүлсамалдың көңіл-күйі мен сезім толқынысының бар табиғаты оқырманын иландыра алады.

Айтар болсақ:

...Азық-түлік дүкеніне енгенде,  
Табылмады жөн білетін бір пенде.  
Сөзге келмей шүлдірледі сілкініп,

Бір сатушы сөреден нан бергенде.

Қаракөзім жоғарыдан қарады,

“Кәпейкесін” шұқшыып-ақ санады.

“Ана Тілде сөйлемейсіз бе, құрбым”, -  
дегенімде...

шоқ басқандай, түксиді кеп қабағы.

Сатушыны жылан шағып алғаны,

“Ұлтшылсың!” деп жерден алып-салғаны.

“Шорт побери! Надоели языки...”

деп, сілкініп...

күрт тепсініп...

бірталайға “лекциясын” жалғады... – дейді ақын.

Бұл жыр жолдарын ақынның «Тілім – Наным!!!»  
өлеңінің “Қолымда – НАН...” аталатын бөлігінен  
келтіріп отырмыз. Өз тілімізді өзіміз әлі күнге шейін  
білмей, өзге тілдің соңында жүргенімізге күйінеді.

Осы өлеңдегі: “Тіл байланып, жағы түскір қарысады.  
Қолымда – НАН...”, “Қайран, ТІЛ”, “Намыс әні!” атты  
арнайы бөлімдерінде ана тілінің қадір-қасиетін ой-  
нысанасына байлам еткен Гүлсамал:

Сол бір жерде

Тіл білген мен...

Тіл білмей сен...

Сорладық, - деп күйінеді.

Ана тілінің қадірі мен қасиетін әлі де жете түсінбей  
жүргендерге не түсінсе де атүсті қарайтындарға  
ұғынықты болуы үшін:

Ана Тілім! Киелісің!

Жүрегіммен сүйемін шын!

Өзім үшін: Намыс-Арым!

Ділім... таңым! Әзиз жаным!

Ыстық қаным! Асыл әнім!

Барым...

Тілім – Наным!!! – деп, ағынан жарылады.

Өз тілін білмейтіндерге бұдан артық, қалайша ұғынықты етіп айтуға болады?

Ал, “Еңлікгүл” деп айдар тағылған өлеңінде:

...Жүрегім селт етпестей жалқы күндер,

Жанарым құрғамастай талқы түндер.

Жанымның жұбанышы сезіледі...

Жәудіреп қауыз жарған нәзік гүлдер... – деп тебіренеді.

Шынтуайтқа тоқтар болсақ, Гүлсамал – тегінде жаны да, сазы да қыз балаға тән нәзіктікке толы лирик ақын.

Осы жыр жолдарына үңіле қарасаңыз, қыз түйсігінің биік, асқаралы екенін аңғаратындайсыз. Өлеңдерінен өмір сүйгіштік әуендерін мол кездестіреміз. Қай өлеңін оқымаңыз, өмірге құштарлығын көреміз.

Гүлсамалдың жарық көрген кітаптарына зерделейтіндей зейінді аударар болсақ, бір кітабынан («Көкемарал», 2000ж., Алматы) осы екінші кітабына толассыз ұмтылыспен, ширақ ізденіспен келгендігін байқаймыз. “Еңлікгүл” жырлар жинағында ақын ойларының тереңдігі, өмірден көрген сабақтарының турашылдығы көңіліміздің күйін қандырып, тұжырымдарының беріктілігімен қапысыз иландырады.

Ал, келесі жыр жолдарынан:

...Еңлікгүл...

Күлімдеген көздерімдей,

Құмартқан сұлулыққа кездерімдей.

Елітіп...

Еріп шығып шым тереңнен,

Балқытқан бой тұмарлы сөздерімдей... –

деген суретті сөзден арудың нәзік бейнесін де, арманшыл тұлғасын да көргендей боламыз. Күлімкөз арудың сұлулықтың ауылына құмартуы сезіледі. Мұнда қыз назын, арудың еркелігін, өзі ұнатқан жігіт болмысына елітіп, еріп тұрған сәттерін аңғарамыз.

Гүлсамал осы бір “Еңлікгүл” өлеңінде гүлді – қызға, қызды – гүлге теңеуі арқылы поэзияға тән метафоралармен эпитеттерді қолдану тәсілдерін әжептәуір меңгере білгенін де айқындайды.

Ақынның үйлесімді ойларын мына жыр шумағынан да тап басып, тануға болады.

“Өмір күйі” өлеңінде:

Нәресте боп дүниеге келгенмін,

Жан Анамның уыз сүтін емгенмін.

Сәби, бөбек, бүлдіршінде қаз басып,

Әз Әкемнің ізінен мен ергенмін... – дейді ақын.

Өздеріңіз тұщынып та, сезініп те отырғандай, осы бір жырда өмірде болатын, әлі де жалғаса беретін қарапайым да табиғи шындықтың айқындығы, Алла тағала жаратқан өмірдің мәңгілік заңдылығы бар. Әрқайсымыздың ана сүтін емген сәтімізден басталатын тіршілігіміздің алғашқы апыл-тапыл сәттері, өсіп-өнудегі белестеріміз ақын қыздың үні - «мені» арқылы поэзия тілімен сәтті берілген.

Гүлсамал қай өлеңінде болмасын, қарапайым қазақи тілмен, сабырлы ырғақпен қыз жүрегіндегі терең иірімді, нәзік бұлқынысты баппен ширата алады. Ақын сезімі шиыршық атып, ойын кестелі жеткізе білетіндігімен оқырманын ойландырады. Сыбызғыдай сызылған әуендерінің ауқымы алғы жарқын күндерге бізді ұмтылдырады.

Мысалы, “Намыс” атты өлеңінде:

...Атам Қазақ қуып алмас Намысты,

Желмен жүйрік қапталдасып жарысты.

Жоғын жоқтап, мұңын мұндап Жұртының...

Барсакелмес жер түбіне барысты... – десе,

ал, “Наурыз-нама һәм Жаңа күн – Жыл басы” өлеңінде:

...Беу, Дүрия –

Дүние дөңгеленді!

Көктен көркем мезеттер себеледі.

Жаңа Күннің жарығы Ғаламшардың

Күмбезіне шалықтап өрмеледі...

Тыпыршытып Мезгілді кермедегі... –

деп, жаратылыс ақиқатын дөп басады.

Бұл өлеңді жүрдім-бардым пейілмен, не атүсті судыратып оқып шығу... поэзияға қиянаттау болар еді. Жырдың арнайы басталуы әрі арнайы аяқталуы бар. Жаңа жыл жайлы көзімізді ашып, ес білгелі талай шайырлардың өлеңдерін оқып жүрміз. Өзіміз де жаздық. Десек те, ақын қыз жырлаған Жаңа Күн жүрегіңе де, өзіңе де басқалай әсер етеді. “Жыл таңы” деген айдармен басталып, «жаңа жыл жайлы сүйіншімен» ашылады да, “Алтын Желі”, “Әз Әлем”, “Нәзікен күй” деген бөлімдер арқылы шығыстық жаңа Жыл басының күдіреттілігін, адамзат алдындағы бірлікке бастар шапағатының молдығын әсерлі жыр өрнектерімен кестелейді. Мұнда «Самарқанның көк тасы еріген күннің, топырағы, мұздағы жібiген түннің» үйлесiмдi шындығы бар.

“...Самарқанның  
Көк тасы еріген Күн”,  
Топырақтың  
Мұздағы жібiген Түн.  
Алабұртып  
Сiбiрлеп Таңертеңiм...  
Бабалардың  
Тұяғы – емірендім.  
Мұсылманның  
Баласы – тебірендім.  
Алпыс екі тамырын  
Ақ Әлемнің  
Идіретін...

Өмірді сүйдіретін –  
Көне Көзге бас иіп,  
Сәлемдестім:  
Шығысымның  
Жарықтық, Жаңа Күні –  
Беу, Жыл басы,  
Ассалаумағаләйкүм! –

деп, ақжолтай Жаңа күнге тағзым етеді.

Бұл жасыл шыршаға, орыстық әлемге бас идіретін жаңа жылды қарсы алу тәсілі емес, нағыз қазақтың дәстүрді паш ету шеберлігі дерсің.

Ақын қыздың бұл жинағында көптеген жаңа өлеңдер желісі бар. “Тәубе, тәуелсізбін!”, “Ұлы Мұрат”, “Шын Азатпын!”, “Қарапайым Қазақпын...”, “Тілім-наным!!!”, «Қолымда нан...», “Қайран, тіл...”, «Намыс әні!», т.т. осылай тізбектеліп, жалғаса береді...

Біз пікірімізді білдіріп отырған кітапта өмірде болатын кездейсоқ жайлар, күнделікті болып жататын тіршіліктің ала-құла қайсыбір мезеттері де ақын ойының сүзгісінен өтіп, боямасыз күйінде жырланады. Сөзіміздің дәйектілігін дәлелдеу үшін, “Көктемім!!!” өлеңіндегі уыз қыз жүрегінің тынысына құлақ түрелік.

Келдің бе, қайран Көктемім!

Өзіндей мен де...

Сызынан суып бөктердің,

Жүрегімнен қыс өткердім.

Көкөзегіңе

Сәулесін аңсап Көктердің...

Өзегім сазып жеткенмін... – дейді кіршіксіз пейілмен.

Осы жолдарда өмірдің адам жүрегіне түсіретін сызы, қиыншылығы, қайғы-қасіреті... бәрі-бәрі бар. Ақын өзінің әрбір болмыстың парқын екшей алатын көкірек көзінің де, сарабал санасының да алғырлығын танытқандай. Жинаққа енген өлеңдерінің бағыты

айқын, оқушысына нанымдылығымен қадірлі.

Тақырып жағынан алғанда өлеңдер туған ауыл, құрбы-бауыр, мөлдір сезім, адалдық, бақыт, тағдыр, табиғат, т.б. болып, бірінен-бірі ерекшеленеді. Ақынның әр жырының зерлі жолына байыппен бойлап қарасақ, ақын мақсатының айшықты әрі өрелі екендігін аңғарамыз. Ақын қарындасымыздың сәулелі пікірлерін оқушысын ойландыра алады. «Гүлсамал өлеңдерінің парқы не?» дегенде, алдымен көкейге оралатыны – өзіндік ой-түйсігін жыр жолымен өріп, айтпағының шыншылдығында. Жалаң сөзден құралған ойсыздықтан аулақ. Қай тақырыпқа жырласа да, өлеңін өмірдің өзінен құрап, табиғилығымен өзінді өзіне баурайды.

Айталық:

Көрмедім ғой өзінді көптен бері,  
Күннің нұрын шалқытып Көктем келді.  
Сағындың ба сарғайып Сен де мені...  
Қызғалдақтар қаптады сары белді.

Күткен едім қыраулы қыс кешінде,  
Орағанда борасын көшені де.  
Өзіңменен қоштасқан күн есімде...  
Бәрі көрген түстей боп көшеді ме? –

дейтін жыр жолдарында («Мөлт еткен сезім») нәзікен қыз сезімінің сырлы сәттері тұнып тұрған жоқ па?

Негізінде, ақын қыз қай ой орманына соқпақ салса да, шынайы сезім мен ақиқат шындықтың аумағынан асып, бет-алды төгілмейді. Оның өлең жолдарына үңіле түскен сайын біз қыз жүрегінің нәзіктігін, ақынның психологиялық тынысының ауқымдылығын аңғарамыз.

Тағы бір айтар жай: біз әңгіме етіп отырған “Еңлікгүл” атауына ие болған жыр кітабының алғашқы беттерінде “Ақ рауан” атты өлеңі бар. Осы өлеңнің құрылысы жағынан өзге ақындарға ұқсамайтын, сезіміңді идіретін бір құдіретінің барлығын көкірекпен түйсінесің. Ару-



дың таңғы шықтай таза, пәк көңілінің ақ рауанға деген құмбылдығы, беторамалға кестеленгендей бедерлі. Бояулары әрі қанық, әрі айқын. Мұнда алғаусыз қыз жүрегiнiң отты лүпiлiн, iшкi бұлқынысын түйсiкпен сезiнесiң.

...Бейуақ шошып...

тереземдi тықылдатса сарсаң мұң,

Балғын досым,

балбыраған дидарыңды аңсадым.

Кей сауалдың

таппағанда қырық құрау астарын ...

Назаланып,

тек өзiңе жүгiндiм мен, бал-балым! –

деп ақтарылады ақын Гүлсамал.

Осы шумақтағы өлең жолдарының астарынан ғашықтықтың қызуынан лап-лап жанып, әлсiн-әлсiн қызуы жоғарылаған сезiм шоғындағы қыздың көңiл-күйiн ұғынасың. Өлеңнiң қай жолына зер салсақ та, жарық әлемге iңкәр жанның әлеуеттi сезiмдерiмен санамызды сабақтастырамыз. Осы өлеңiнде:

...Сарылдырып

сағы сынық кертағалы төзiмдi,

Сағындырып

Сағым қылық самалдары өзiңдi...

Дәру қылып

Сiмiртетiн сертке татыр сөзiңдi –

Өрекпiген

Өмiр-өзен...

өрнектерi өзгердi.

...Көкседiм мен

Дала кезген...

Елiк-кие кездердi! – дейдi ақын қыз.

Өмiр таңындағы ақ рауан жайлы жырдың сәнiн орамды оймен келтiрiп, мөлдiр сезiммен астастырып,

ғашық жанның іңкәрлігін риясыз жүректің қылы  
пернесінде бебеулетте білген.

Махаббат тақырыбына қалам тербемеген ақынды  
көре алмағанымыз рас. Өзіміз де жаздық. Бірақ  
Гүлсамал ақындай жырдың шырайын келтіріп,  
жүрекпен жазғандары некен-саяқ. Тұщынып оқыдық.  
Ақын сағынудың іңкәрлігін, күте-күте сарылғанын  
“шүберектей сәуірдегі саф арман” деп түйіндейді.

Ақын қайсы жырында болмасын, жеке басынан  
өткерген қилы-қилы кезеңдегі тіршіліктің қиясы мен  
жотасындағы қайсыбір сәттерін жыр жолдарымен  
меңзейді.

...Өмір сүрсем кінәсіз де күмәнсіз,  
Адамдарды алдамай-ақ, алданбай.  
Барар жері, басар тауы мәлімсіз,  
Бейуақытта безберекет сандалмай... –

деген өмірлік ұстанымын ортаға жайып салады  
“Ағымнан жарылу” атты өлеңінде.

Сезімтал ақын тіршіліктің қалай боларын осы жыр  
жолдары арқылы кестелейді. Өлеңдерінің қайсысында  
болсын, серттен таймау, ізгілікке ұмтылу, имандылық  
қағидасына беріктілік бағыты сезіледі. “Алтын бесік”,  
“Жұлдыздарға жүгіну”, «Көкемарал жылдарым!», “Тал  
бесік” тебіреністерінде оның туған жерге, ата-анаға  
деген перзенттік махаббаты шынайы суреттелген.  
Өлеңнен өлеңге ауысқан сайын Гүлсамалдың  
дараланып, тұлғаланып көрінетінін ұғындық. Ол  
өлеңдерін өмірдің өзінен алып жазады дедік. Сыр-  
Жыр», “Таңғы тілек!”, “Апыр-ау!”, “Бүгін тағы...”, т.б.  
өлеңдері – осы ойымыздың айғағы.

Тағы да айтарымыз:

Тым-тырыс дүние сүреңсіз,  
Бейада нәзікен сезімнен.  
Сіз кейін өкініп күлерсіз...

Сәттерге Бақыттай сезілген.

Төңірек тып-тыныш мүлгіген,

Жайлаған марғаулық, білерсіз.

Сезімге тақырда сүрінген...

Су бүркіп, тамшы шық ілерсіз.

Күйбең де күйбеңге көнерсіз,

Үргіштеп үргедек кекілді.

Тәңірі бұйыртқан өнерсіз...

Ұшпаққа шығатын секілді, –

деп, әдемі астармен өрнектелген өлеңін («Бір досқа») сүйсініп оқып шықтық. Бар-жоғы үш шумақ өлеңді арамызда жүрген қайсыбір тоғышар жандарға қатысты білдірген азаматтық көзқарасы десек, қателеспейміз. Мұндағы “бейада”, “нәзікен”, “марғаулық”, “үргедек”, «ұшпақ» сөздері өздерінің қадірлігімен жыр жолдарына айшықты келбет-көрік пен жарасым беріп тұр. Асылы, ақын қыз ұлттық тіліміздің терең қайнарынан сусындап өскендігін айғақтап отыр...

Десек те, жырлары «төрт аяғын тең басып тұр» деуден аулақпыз. Мақсатымыз – ақын қыздың жыр кітабының ұңғыл-шұңғылына үңіліп, кемшін тұстарына жітілей назар салмай, «жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасыту». Гүлсамал осы «Еңлікгүлінде» өрелі өлең өрнектерін өруде тым-тәуір өскендігін дәлелдей алған. Өлең ұйқастарына, үйлесіміне жауапты қарайды. Жинақтан жинаққа ауысқан сайын, өзіндегі ой қарымдылығын әрі дарындылығын таныта білген. Ақын қызға: «Зердеңе ұялайтын ойларың – келісті, жырларың – өрісті болсын!» демекпіз.



Зоя МАТАН,  
Ақмола облысының  
Шортанды ауданындағы  
Новоселовка орта мектебінің  
мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ХАНТӘҢІРІ

**Мақсаты:** ақиық ақынның өмірінен мағлұмат алу, өлеңдерімен таныстыру, өлеңдерді мәнерлеп оқыту арқылы оқушының жүрек сезімін ояту және әндерін нақышына келтіре орындату.

**Тәрбиелік мәні:** Ақынның өлеңдерін оқыту барысында Отанды, елді, туған жерді, өз дінін, өз тілін сүйуге, адалдыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Ақынның портреті, бүктемелер, қанатты сөздер, кітап көрмесі, слайдтар.

**Мұғалім сөзі:** - Көзінің тірісінде-ақ поэзия әлемін дүр сілкіндірген өзіндік құбылыс иесі – Мұқағали Мақатаев өлеңдері бұл күндері бүкіл қазақтың арасында жатқа айтылып, әнге айналып кетті. Иә, ол рас, Мұқағалидың әнін білмейтін, өлеңін жатқа оқымайтын оқушылар, сірә, жоқ шығар. 9 ақпанда халқына сұлу да ойлы жыр сыйлаған, мұзбалағы Хантәңірі атанған ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың туған күнін барлығымыз білетін шығармыз. Өзін тауға балаған ақиық ақынымызға арналған кешімізді бастаймыз.

Өлең оқитын оқушыларға кезек берейік.

*(1, 2, 3, 4 оқушы ақынның өлеңдерін оқып шығады).*

**1-жүргізуші:** - Құрметті ұстаздар, оқушылар!  
Жыр дүлдүлі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығына арналған “Қазақ поэзиясының Хантәңірі” атты әдеби кешімізді ашық деп жариялаймыз.

**2-жүргізуші:**

- Қуат алып Абайдың тіл күшінен,  
Жыр жазғанмын Абайдың үлгісімен.  
Абай болып табынсам бір кісіге,  
Абай болып түңілем мың кісіден.

Өлмеу үшін, құлқынды жемдеу үшін,  
Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,  
Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін,- деп Абайды үлгі тұтып, сөз құдіретін, сөз сарасын ақындық сезіммен қабылдап, өзі поэзиясында Абай салған соқпақ жолды жалғастырған Мұқағали Мақатаев қазақтың қара өлеңін ой мен сезімге байытып, оның құдіреттілігін таныта білді. Қазақтың қарапайым қара өлеңінің құпиясын ашу тау тұлғалы ақынның табиғи талантының құдіретінен болса керек. Сондықтан біз Мұқағали ақынды Хантәңірінің мұзбалағы, талантты тұлға деп айтсақ – артық етпес. Енді бір сәт оның өміріне кезек берейік.

Оқушылар ақынның өмірбаянымен таныстырып өтеді. Слайдтар арқылы көрсетіледі.

*Ән: Арулар.*

**Көрініс:** “Менің анкетам”.

**1-жүргізуші:** - Қарасаздың қыран ұлы, жампоз жырдың дүлдүлі Мұқағалидың халық жүрегінен терең орын алған өлеңдері көпшілік сүйіп салатын әндерге айналды. Ақын шығармаларына ән жазбаған сазгер кемде-кем шығар, бір сәт әндерге кезек берейік.

Ән: «Қара саз».

**1-оқушы:** «Отан».

**2-оқушы:** «Үш бақытым».

**4-оқушы:** «Қара саз».

**2-жүргізуші:** - Мұқағали қанша үлкен ақын болса да, өзін халық алдында кішірейтеді, халықсыз ақындықты мойындамайды.

Ақынмын деп мен қалай айта аламын,

Халқымның өз айтқанын қайталадым.

Күпі киген қазақтың қара өлеңін

Шекпен жауып өзіне қайтарамын.

Мұқағали мен халықтың арасында үзілмейтін кең тынысты рухани, табиғи байланыс бар. Мұқағали поэзиясында тереңдік, сұлулық, қарапайымдылық, асқақтық шалқиды. Оның көңіл-күй сезімі табиғат мезгілдерімен үндесіп жатады. Ендеше табиғат туралы жазған өлеңдеріне кезек берейік.

**5-оқушы:** «Табиғат», «Ей, Табиғат».

**6-оқушы:** «Қайырлы таң», «Япыр-ай, неткен көктем!».

**7-оқушы:** «Хантәңірі» өлеңі.

**Слайдтармен бір оқушы толық таныстырып өтеді.**

Ән: “Бақыт іздеймін”.

**1-жүргізуші:** - Мұқағали ақын енді өлеңдерін анаға, әкеге арнады.

**8-оқушы:** «Бесік басында», «Сәби ана».

**9-оқушы:** «Әке» өлеңі оқылады.

Ән: «Құттықтаймын, мама, туған күніңмен», 2 «а» сынып оқушылары орындайды.

**2-жүргізуші:** - Мұқағали поэзиясы ана мен бала махаббатын, қыз бен жігіттің ғашықтық сезімін, адамның ары мен тазалығын жырлайды.

**10-оқушы:** - «О, махаббат, сен әлі тірі ме едің?».

**Көрініс:** «Махаббат диалогы».

*Ән: «Сағындым».*

**1-жүргізуші:** - Мұқағалидың “Аққулар ұйықтағанда” поэмасын оқыған жазушы Ғабит Мүсірепов ақынға қатты риза болып, алтын қаламсабын сыйлаған екен.

**11-оқушы:** «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді оқылады.

**12-оқушы:** «Сәлемдеме».

**13-оқушы:** «Өмір сүрейік алмасып».

**14-оқушы:** «Жазылар мен туралы естеліктер».

*Ән: «Қара сазым». Мұғалімдер орындайды.*

**2-жүргізуші:** - 2000 жылы, кештеу болса да, асыл ақынның жырлары өз бағасын алды. Көзі тірісінде ресми билік тарапынан тиісті бағасы берілмей келген ақынға “Аманат” атты жыр жинағы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл — бүкіл қазақ халқы үшін үлкен қуаныш болды.

**Ақын:**

Өлсе – өлер Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім!- деп өлең өнерінің мәңгілік екенін айтып кетті.

Жалғасы бар жырымның жалғасы бар,

Жырларым, жылдарыммен жалғасыңдар.

Сел-жырым ақтарылса арнасынан,

Селкілдеп тау мен тасың зорға шыдар,

Жалғасы бар, жырымның жалғасы бар,- деп тебіренген ақын жырының жалғасындай болып, біздің мектебімізде Мұқағали жырынан үлгі алып, өз сезімдерін жырмен өрнектеп жүрген талантты шәкірттеріміз бар. Ендеше кезекті сол жас ақындарға берейік. Жас ақындар ақынға арнаған өлеңдерін оқып шығады.

1. Сонғыбай Балдәурен – 6 «а» сынып оқушысы.

Мұқағали оқуларының жүлдегері.

2. Жарқынбай Нұргүл – 6 «а» сынып оқушысы. Абай оқуларының жүлдегері.

3. Ербол Жездібек – жас талапкер, 9-сынып оқушысы. Махамбет оқуларының жүлдегері.

### **1-жүргізуші:**

- Білемін, керемет бір күн келеді,  
Жайнайды, жасыл бағым, гүлденеді.  
Көремін – керемет бір күн кешемін,  
Болашағым сенімен бірге өсемін,- деп өз заманымен  
ғана емес, болашақпен бірге өмір сүретінін ақын білді,  
ол жырларының болашағына сенді.

*Би: 6 «а» сынып оқушылары.*

Енді ақынның өз естелігіне кезек берейік.

**1-оқушы:** - «Аққулар ұйықтағандаға» тебіреніп пікір  
айтты, сүйсініп қалды, мен ыңғайсыздандым, онымды  
түсіне қойды да, қоя қойды. Өлеңдер оқыдым. Кетерде  
маған қалам сыйлады (алтын қалам).

**2-оқушы:** - Мен өлеңді ойдан құрастырып  
жазбаймын. Әлдекім құлағыма сыбырлағандай болады.  
Соны көшіремін, сенесіз бе?

### **2-жүргізуші:**

- Жазылар естеліктер мен туралы,  
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.  
Біреулер тұлпар еді деуі мүмкін,  
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.

Иә, естеліктер де жазылуда, зерттеулер, пікірлер,  
дастандар жазылып, лебіздер де айтылуда. Ақынға  
халық болып баға берді.

Жылдар өтер... әлі небір ақындар дүниеге келер.  
Бірақ қара өлеңнің күдіретін аспанға бірақ көтерген  
Мұқағали есімі қашан да биіктен көрінеді деген



ойдамыз. Мұқағали поэзиясы әрбір адамның, әрбір оқушының жүрегінен жол табады. Ақынның өлеңдері ешқашан өлмейді, мәңгі жасайды. Ақын әр жүрекке сәуле түсірер жырларымен ғана мәңгілік емес, өз ұрпағымен де мәңгілік. Ендеше соны жалғастыратын ұрпақ сендерсіңдер құрметті оқушылар! Мұқағали поэзиясы әрбір мезгілмен бірге, әр ұрпақпен бірге мәңгілік жасай береді деп ойлаймыз. Сондықтан қазір біз ақын сөзіне жазылған “Есіңе мені алғайсың” әнімен әдеби кешімізді аяқтайық. Мұқағали сияқты жас ақындарымыз көп болсын!

*Ән: «Есіңе мені алғайсың».*

---

---

## МҰҚАҒАЛИ

Текті халқың – жырлағаның өлеңмен,  
Жүрген жоқсың қу Жантықтай төбеңмен.  
Асқақтадың Хантәңірі шыңындай  
Соған ұқсап тау тұлғалы денеңмен!

Шіркін, қазір тірі болсаң сен егер,  
Тілдің бағы гүлдей жайнап көгерер!  
Әттең, бірақ ұяттымыз алдында,  
Өңкей қорқақ қырттар елге не берер?!

Ұлдана МЕЛДЕБЕКОВА,  
Абай атындағы Жамбыл  
гуманитарлық колледжінің  
«Педагогика және психология»  
ПЦК-ның оқытушысы.

## БАЛАДА ҚИЯЛДЫҢ ДАМУЫ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – білімгерлердің қиял туралы алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыру; **дамытушылық** – инновациялық технологияны пайдалана отырып, білімгерлердің танымын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – білімгерлерді өз міндетіне, іскерлік дағдыларын қиял процестері арқылы тәрбиелеу және жолдарын үйрету.

**Түрі:** практикалық сабақ. **Типі:** білімді бекіту. **Әдістері:** сұрақ-жауап. **Пәнаралық байланыс:** өзін-өзі тану, әдебиет. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, бейне таспа, суреттер.

*Сабақтың барысы.*

### **I. Ұйымдастыру кезеңі:**

Білімгерлерді тынышталдырып, түгелдеу.

1-топ: Қиял.

2-топ: Шығармашыл.

3-топ: Арман.

### **II. Үй тапсырмасын сұрау:**

I. Миға шабуыл:

1. Қиял дегеніміз не?

2. Адамдарды қиялына тән қандай ерекшеліктермен топтастыруға болады?

3. Қиялдың қандай түрлері бар ?
  4. Актив қиялдың түрлерін ата?
  5. Арманның қандай айырмашылығы бар?
  6. Адам өмірінде қиялдың қандай айырмашылығы бар?
  7. Агглютинация дегеніміз не?
  8. Шығармашылық қиял қандай болады?
  9. Қиялдағы Дара айырмашылықтар?
  10. Балада қиял қай жастан бастап көріне бастайды?
- Үйге берілген тапсырма бойынша білімгерлер жұмыстарын қорғайды.*

**1-тапсырма: «Балалар қиялының ерекшеліктері»**

1. Мектепке дейінгі балалар қиялының дамуы туралы түсінік беру.
  2. Бастауыш сынып оқушыларының қиялының дамуы туралы түсінік беру.
  3. Жасөспірімдер қиялының дамуы туралы.
- Тапсырма: Кестені толтыру.*

Мектепке дейінгі балалар қиялын дамыту.	Бастауыш сынып оқушыларының қиялын дамыту.	Жас өспірімдер қиялын дамыту.

**II. Шығармашылық жұмыс.**

1. Берілген суреттерге қарап әңгіме құрастыру (Білімгерлер қарсылас топқа суреттер таңдап, соған аңыз әңгіме құрастыру керек).

**III. Тапсырма: берілген мәтінді оқып, талдау.**

Бір кісі көп армандайды екен. Ол сол арманның іске асқан игіліктерін көрудің түрлі тәсілдерін ойлап, ұзақ-

ұзақ қиялдайды екен. Бірақ көз сүзгеніне жеткізетін бағдарды да, жолды да таба алмай сарыла береді.

*Қиялшыл кісі:* - Мен қиялыммен әлемді кезіп, түрлі-түрлі игіліктерді иеленуді көксеймін, - дейді әлгі қиялшыл кісі қасына келін отырған көршісіне. Осының мәнін түсінуге көмектесіңізші, не істеуім керек?

*Көршісі:* - Өзім де білмеген соң, сізге не айтамын. Бұл жайды ғұламалардан сұрағаныңыз жөн шығар, - дейді көршісі.

*Қиялшыл кісі:* - Сонда қай ғұламаға барғаным жөн? - Ғұламалардың ғұламасы Фараби дейді ғой жұрт. Әлгі қиялшы адам Әбу Насырды арнайы іздеп барады. Аман-саулықты айтысқан соң, Әбу Насыр қиялшыл кісіден:

- Маған не айтпақ едіңіз? – жөн сұрайды.

- Ғафу өтінем, ұстаз, - дейді қиялшыл кісі, - менің сізден сұрайын деген бір жайым бар еді.

*Әбу Насыр:* - Сұраңыз, білгенімше көмектесейін.

*Қиялшыл кісі:* - Мен қиялыммен әлемді шарлап, небір игіліктерді көруге құмартамын. Бірақ қолым жетпейді. Қиялға қалай жетудің жолын таппаймын. Осының бағытын нұсқап жібермес пе екенсіз, мәртебелі ұстаз.

*Әбу Насыр:* - О, мұныңыз ұшып жүрген жел сияқты құбылыс екен.

*Қиялшыл кісі:* - Соның тұтқасы бар ма?

*Әбу Насыр:* - Қиял – сезім мен ойдың арасындағы дәнекер ғана.

Қиял адамды бостан-босқа еліктіре береді, тұрлаусыз. Қолға ұстар тұтқасы жоқ. Сондықтан сезіміңіз бен ойыңызды бір мақсатқа бағындырып, өз мүмкіндігіңізді ескеріңіз. Сол мүмкіндіктеріңізден айырылып қалмауға талаптаныңыз. Содан кейін мақсатыңызға жету үшін әрекеттеніңіз. Сонда армандаған мұратыңызға жету

үшін әрекеттеніңіз.

*Қиялшыл кісі:* - Е, түсіндім, арманың орындалып, мақсатқа жету үшін күш-қайратты сарқа жұмыс істеу керек екен ғой.

- Иә, тынбастан қимылдаңыз, ойыңыз орнықты болсын! ...

Әлгі адам тұңғыық ойға шомады.

### ***VI. Бейне фильмнен үзінді:***

1. Берілген фильмдегі үзінді бойынша фильмнің аяқталу жобасын жазу.

**VII. Таспырма.** Өзіңіздің бойыңыздағы қиялдау қабілетін анықтау. (Тест)

Нұсқау. Берілген сұрақтарға жауап берулеріңізді өтінеміз. Жеке бетке өз жауаптарыңызды жазыңыз (мысалы, 1а, 2 ә, 3 а, т.с.с.)

Сауалнама:

#### **1. Қоршаған әлем жақсарады деп санайсыз ба?**

а) иә;

ә) жоқ;

б) иә, бірақ барлығы емес.

#### **2. Қоршаған әлемді айтарлықтай өзгертуге өзіңіз қатыса аламын деп ойлайсыз ба?**

а) иә, көп жағдайда;

ә) жоқ;

б) иә, кей жағдайда.

#### **3. Сіздің ойыңызша, сіздің кейбір ойларыңыз өзіңіз таңдаған салада айтарлықтай прогресстүтуғызады деп ойласыз ба?**

а) иә;

ә) менде ондай идеялар қайдан болсын;

б) айтарлықтай пррогресс емес, бірақ табыстың болуы мүмкін.

**4. Сіз болашақта түбірінен өзгеріс жасауда соншалықты маңызды рөл атқарамын деп санайсыз ба?**

- а) иә;
- ә) мүмкіндігі өте аз;
- б) мүмкін.

**5. Сіз бір нәрсе жасайын дегенде ісіңіздің орындалатынына сенімдісіз бе?**

- а) әрине;
- ә) жасай алатыныма жиі күмәнданамын;
- б) сенімсіздіктен сенімім жоғары.

**6. Егер сіз сәтсіздікке ұшырасаңыз:**

- а) ақылға қонымсыз болса да, біраз уақыт табандылық көрсетесіз бе?;
- ә) істің өнбейтінін сезісімен, қолыңызды бір-ақ сілтейсіз бе?;
- б) кедергілердің алынбайтынына көзіңіз әбден жеткізгенше, ісіңізді жалғастыра бересіз бе?

**7. Сіз әңгіме аяқталғаннан кейін бірден әңгіменің не туралы болғанын еске түсіре аласыз ба?**

- а) иә;
- ә) жоқ;
- б) маған қызықты көрінгеннің бәрін еске түсіремін.

**8. Бос уақытыңызда сіз ..... қалайсыз:**

- а) жалғыз қалып, ойланғанды;
- ә) бір ұжымда болғанды;
- б) жалғыз боламын ба, әлде бір ұжымда боламын ба, маған бәрібір.

**9. Сіз жалғыз болғанда:**

- а) қандай да бір, мүмкін абстрактілі нәрселер туралы армандағанды жақсы көресіз;
- ә) өзіңіз қалай болған күнде де нақты жұмыс, іс тапқыңыз келеді;

б) кейде өзіңіздің ісіңізге байланысты нәрселер туралы армандауды ұнатасыз.

**10. Сіздің басыңызға бір ой келгенде, сіз ол туралы ойлай бастайсыз:**

- а) қайда және кіммен бірге болғаныңызға қарамастан;
- ә) тек жеке қалғанда;
- б) тыныштық болған жерде.

### **VIII. Өзіндік жұмыс:**

Еліміздің болашағы туралы бағдарлама жасау.

**Қорытынды:**

**Сабақты бекіту:**

<b>Ішіне</b>	<b>Сыртына</b>
Білетінім	Білгім келетінім

**Бағалау.**

**Үйге тапсырма:** бала қиялының дамуына тренингтер, ойындар жазып келу.

---

**Карима МҮРСӘЛІМБАЕВА,**

**Қалбатау ауылындағы**

**Өнер мектебінің қобыз**

**сыныбы мұғалімі.**

**Шығыс Қазақстан облысы,**

**Жарма ауданы.**

## **ХАЛЫҚ ӘНДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Мақсаты:** халық әуендерінің ерекшеліктерімен таныстыру; халық әндері туралы түсінік беру. **Көрнекіліктер:** музыкалық аспаптар, кәртішкелер, иллюстративті суреттемелер. **Типі:** ізденіс

сабағы. **Түрі:** ұжымдық.

## **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

а) Оқушылармен сәлемдесу.

ә) Сабақ жүйесін хабарлау.

## **II. Шығармашылық кезең.**

**Мұғалім түсініктемесі:** - Халық әндері – сөзі мен әнінің авторы сақталмаған, халықтық шығармаға айналған әндер. Қазақ халқының халық әндерінің орыны ерекше. Сенің жасыл жайлауды, әсем даланы, биік тауларды көрген кезде оны түрлі бояулармен суретке салғыларың келеді. Әнші-күйшілер осы табиғаттың сұлулығын өздерінің ән-күйлерімен суреттейді екен. Оларды табиғатқа арналған әндер мен күйлер деп атайды екен. Мысалы: «Саржайлау» күйі, «Алатау», т.б. Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салтында бесік жыларымен қатар, қайғылы, мұңды, қоштасу, жоқтау және үйлену әндері де бар екен. Бұны тұрмыс-салт жырлары деп атайды. Мысалы: «Жар-жар», «Бесік жыры». Төрт түлік малға арналған әндер мен күйлер болады.

Мысалы: «Тор айғыр», «Көк дөнен». Қазақта халық әндері өте көп, соның ішінде «Қамажай», «Жайдарман», «Еркемай», т.б. Осы орындалатын әр халықтың ұлттық әндерінің ішінде әр түрлі ырғақтармен ойналатын өзін-өзі тән өрнектік ерекшеліктері бар. Осы әуендерді қобыз аспабында тыңдаумен қоса, тақтада кәртішке түрінде (ноталық жазбалар) көрсетілген әуен ерекшеліктеріне көңіл аударындар.

Қазір Бектұрғанова Дина

«Еркемай» атты қазақ халық әнін қобыз аспабында орындайды.

Келесі, Есенғалиева Айымның орындауында қазақтың халық әні – «Қызыл бидай».



**Мұғалім түсініктемесі:** - Халық әндері тек қазақ халқында емес, барлық халықта бар және әрбір халықтың ауыз әдебиетімен тікелей байланысты. Келесі таныстыратын халық әндерінің бірі — Беларус халқының әндері. Беларус халқының музыка мәдениетінің орыс, украин, Батыс және Оңтүстік славяндар музыкасымен ұштасып жатады. Ән жанры халқының салт-дәстүрлеріне, егін шаруашылығы жұмыстарына, жыл мезгілдеріне байланысты болып келеді. Сондай-ақ хорға, түрлі ойындарға, билерге және әзіл-оспаққа арналған әндер де кездеседі. Беларус музыкалық аспаптарының кең тарағандары: цимбол, баян, гармоника. Үрлемелі аспаптарына: дудка, жалейка. Ұрмалы аспаптар: бубен, шағын барабан.

Беларус халық әні — «Перепелочка». Қобызда орындайтын — Қабдулина Диана.

**Мұғалім түсініктемесі:** - Келесі Чех халық әндерімен танысайық.

Чех халық әндері мажорлы ладта ойналады.

Чех әндері мен билері тығыз байланысты.

Билері: кроковьяк, мазурка.

Чех халық аспаптарына мыналар жатады: скрипка, тенсле, мазанка.

Ұрмалы аспаптарына: калатушкалар, бубен, ысқырғыш аспаптары.

Чех халық әні — «Пастушок». Қобыз аспабында екі дауыста орындайтындар: Есенғалиева Айым және Қалижарова Мақпал.

**Мұғалім түсініктемесі:** - Сабағымыздың жалғасын Поляк халық әндерімен жалғастырамыз. Поляк музыка өнері аса ерте замандағы славяндар музыка өнерінің негізгі бөлімі болып табылады. Дәстүрлі поляк

әндерінің басқада славян халықтары әндерімен ортақ екендігі анық. Поляк әндері мен билері бір-бірімен тығыз байланысты. Хадзон, полька тәрізді билері поляк халқына, көпшілікке кеңінен таралған. Поляк халқының ежелгі музыкалық аспаптары. Ысқышпен ойналатын: генсле, марине. Ұрмалы аспаптарға: ағаш шытырлақ, үлкен және кіші бубен. Поляқтың халық әні – «Висла». Орындайтын – Қалижарова Мақпал.

**Мұғалім түсініктемесі:** - Келесі сабағымыздың жалғасын Орыс халқының әндерімен жалғастырамыз.

Орыс халқының әлеуметтік-тұрмыстық өмірінде халық әндерінің алатын орыны ерекше. Олар: тұрмыс-салт, халықтық, лирикалық, тарихи тақырыптарда болып келеді. Сонымен бірге орыста және басқа да славян халықтарында скоморохтар (сайқымазақтар) болған. Орыс халық музыкасында жеке ән айту және би билеу өнері, хор айту жанры, батырлар жыры, көп дауысты хор айту әндері, аспаптық капеллалар жанырлары болған. Орыстың халық аспаптары: гусли, домра, балалайка, барабан, бубен, баян, жалейка, т.б. аспаптары бар.

Орыстың халық әні – «Во саду ли, в огороде». Орындайтын – Бектұрғанова Дина.

Орыстың халық әні – «Светит месяц», орындайтындар: Есенғалиева Айым, Қалижарова Мақпал.

### **III. Бекіту.**

- Балалар, сонымен, халық әндері әрбір халықта бар екен, олардың өзара ұқсастығы неде? Ұқсастық бар ма?

### **Балалардың жауабы:**

1. Халықтық шығармаға айналған.
2. Әр ұлттың, әр халықтың өз әндерін қосып орындайтын ұлт аспаптары бар.

3. Сол әндер мен аспаптардың әуенімен орындалатынын билері, күйлері бар.

- Ендеше, балалар, қазір осыған байланысты сызба сызып, кесте жасайық.

Қазақ халқы		Орыс халқы		Беларусь халқы		Поляк халқы	
әндері	аспаптары	әндері	аспаптары	әндері	аспаптары	әндері	аспаптары
«Еркемай», «Қамажай», «Жайдарман», «Бір бала», «Дедім ай ау», «Бекзатым», т.б.	Домбыра, Қобыз, Сырнай, Асатаяқ, Шергер, Шаңқобыз, т.б.	«Светит месьяц», «Не летай соловей», «во поле береза стояла», т.б.	Гусли, Домбыра, Барабан, Бубен, Баян, т.б.	«Перепелочка», «Купалинка», «Веснянка».	Цимбал, Баян, Гормоника, Жалейка, Дутка.	«Висла», «Кукушка», «Марыся», «От куста до куста».	Генсле, Марине, Ағаш шытырлақ, Бубен.

- Балалар, сендер бүгінгі сабақта халық әндерінің ерекшелігін байқадыңдар.

#### IV. Бағалау кезеңі.

##### Үйге тапсырма.

- Кестені дұрыс жасап, дұрыс толтырдыңдар, балалар.

Бүгінгі сабақта әнді де жақсы орындадыңдар.

Бағалау кезеңінен соң үйге тапсырма беремін.

Біз бүгін бірнеше халықтың әнімен таныстық, келешекте басқа халықтардың да әнімен танысамыз, ал сендер қазақ халқының тағы да бірнеше әнін іздестіріп келіңдер.



## **БАУБЕК БҰЛҚЫШҰЛЫ. «АНА»**

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – шығарманың тақырыбын, негізгі идеясын ашу, талдау жұмыстарын жүргізу, мазмұнын меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың көркем сөзді, көркем ойды өз сөздік қорларына қолдана алу, соның нәтижесінде ауызша сөйлеу дағдылары мен жазба тілдерін жетілдіру, шығармашылық ізденіске баулу; **тәрбиелік** – бала бойына ананы сыйлау, құрметтеу, өнеге тұту сияқты ізгі қасиеттерді сіңіру.

**Түрі:** кіріктірілген сабақ. **Әдісі:** дидактикалық ойын – «Гүл сыйлау», топтастыру, сұрақ-жауап, түсіндіру, сызбамен жұмыс, Венн диаграммасы, шығармашылық жұмыс. **Техникалық құралы:** интерактивті тақта. **Көрнекілігі:** сызбалар.

**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.**

1. ҚР-ның мемлекеттік гимні орындалады.
2. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.
3. Психологиялық дайындық, жақсы көңіл-күй орнату.

**II. «Қайталау – білім анасы». Өткен материалдармен жұмыс.**

- Үйге қандай тапсырма берілді?
- О.Бөкей. «Апамның астауы» (Мәтінді түсініп оқу, ұнатқан үзіндіні жаттау, шығарма жазу – «Әже» тақырыбына).

1. «Гүл сыйлау» ойыны арқылы сұрақтарға жауап алу.

Әңгімедегі әженің өнерлі екенін неден аңғаруға болады? Жазушы қонаққа барған кезін қалай еске алады? Жазушы отынға барған сәтін қалай еске алады? Автордың балалық шағында ойнаған ойындары қандай? Жазушының ілтипатпен, ыстық сезіммен еске алып отырғаны кім? Әңгіме кімнің атынан баяндалған? Анасына деген сағыныш сезімі, аңсағаны қалай берілген?

2. Шығармадан ұнатқан үзінділері жатқа сұралады.

3. Оқушылардың жазып келген шығармалары оқылады.

### III. «Жаңа сабақтың құпиясын ашу».

1. Жаңа сабақтың тақырыбымен таныстыру (1-слайд).

- Үйге берілген тапсырма бойынша әрбірің өз апаларың жайлы жақсы-жақсы ой толғап келіпсіңдер. Бүгін сабағымызда ана тақырыбын ары қарай жалғастырамыз. Жалпы ана атаулыға тән, бәріміздің анамызға ортақ оның бойындағы ізгі қасиеттері мен ананың құдіретін әсем де әсерлі жолдармен суреттеген оқулығымызда тамаша бір шығарма беріліпті. Ол – Баубек Бұлқышұлының «Ана» деп аталатын шығармасы.

2. Бүгінгі сабақтың мақсатын хабарлау.

3. Автордың қысқаша өмірбаяны.



#### 4. Мәтін мазмұнымен таныстыру.

Мәтінді мәнерлеп оқып беремін (Мәтін оқылып жатқанда «Көңіл толқыны» күйінің әуені ойналып, слайдтар (3-6 слайд) көрсетіліп тұрады).

#### 5. Мәтінге сұрақтар қою:

- Мәтіннің негізгі идеясы не?
- Адамның есінен не нәрсе ешқашан кетпейді?
- Ананы қай кезден бастап іздейсің?

#### 6. Оқулықпен жұмыс:

- Мәнерлеп оқу.
- Тізбектей оқыту.

#### 7. Мәтінге талдау жұмыстарын жүргізу.


- Мәтінде қандай теңеу бар? (Ананың тілі, ананың махаббаты, ананың тілегі тіл жетпес бір жатқан теңіз емес пе?)

- Осы жолдағы ананың тілі, ананың махаббаты деген тіркестерді қалай түсінеміз? (Сызбасын құру)

#### Топтық жұмыс.

I топ:

**Ананың тілі**




II топ:

**Ананың махаббаты**



III топ:


**Ана**



## 8. Сөздік жұмыс.

- Жылап уанбай, шырылдағанда кімді іздейсің?
- Уанбай сөзімен мағыналас қандай сөздер бар?

7-слайд.




- Анаға деген махаббат қай күннен басталады?

(құндақта жатқан кезден)

- Құндақта сөзін қалай түсінесің? (жөргекте жатқанда нәрестелік шақ)

8-слайд.



Мәтінде «Ананың жолы басқа» делінген. Басқаны қалай түсінеміз? (Бұл – ананың өмір жолы басқа деген сөз. Яғни, бәрінен ерекше, ешкімге ұқсамайды. Ол бізге жарық өмір сыйлаушы, сондықтан өмірде ананың орыны бөлек. Ананы ешкіммен теңестіре алмаймыз.)

- Ана деген сөздің өзі ыстық. Себебі ана деген сөз бойға жылу таратады. Сондықтан да ыстық. Сол себепті де «Ана дегенде толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сезбейтін сезім болуға мүмкін емес!

- Осы тіркестерді қалай түсінуге болады?

1. Толқымайтын жүрек тіркесіне келейік. (9-слайд).


- Адам жүрегі қай кезде толқиды? (Қуанғанда, шаттанғанда)



2. Тасымайтын қан тіркесі. (10-слайд).

-Бұл тіркесті тура мағынада қабылдауымыз керек, себебі шын мәнінде қан тасымайды ғой. Не тасиды? (Су).

- Ол неліктен тасиды? (Су көбейген соң көптігінен тасиды, яғни молшылықтан күштілік туады да тасиды).



Сол себептен адам бойында анасына деген махаббаттың молшылығынан, күштілігінен «қан тасиды» екен.

3. Сезбейтін сезім. (11- слайд).

- Алдымен сезім дегеніміз не? (Ол сыртқы дүниенің, құбылыстың адамның ішкі жан дүниесіне әсер етуі).

- Ендеше ана деген сөздің өзі біздің жан дүниемізге әсер етпеуі мүмкін емес. Сонда жүрек толқығанда, қан тасығанда адамның ішкі жан дүниесінде шаттық сезім пайда болады.



- Жалпы, осы үш тіркестің мағынасы біреу. Яғни, баланың анаға деген махаббаты шексіз.

## 9. Дәптермеп жұмыс.

Осы тіркестерді дәптерге жазып алу.

Ана туралы жырламаған ақын жоқ. Ана туралы әндер де көп. Ендігі кезекті музыка пәнінің мұғалімі Анар апайға беремін.

## 10. Музыка пәні бойынша «Анашым» әнін үйрену.



## II. Ой толғанис. Шығармашылық тапсырма.

а) «Ұйқасын тап» ойыны. 12-слайд.

Аялап, әлпештеген аяулы анам,  
\_\_\_\_\_ қарайды оған.


Айналып, толғанасың мені анам,  
\_\_\_\_\_ асыл анам.

ә) «Ана» тақырыбына шығарма жазу, өлең құрастыру.


## IV. Сабақты бекіту.

Үй тапсырмасы мен жаңа тақырып арасындағы ұқсастықты салыстыру.

**Венн диаграммасы.** (13-слайд).



## Қорытынды:



Ана – ұлы, қымбат, ана – күдіретті жан. Олай болса, күдіретіне бас иейік!

## Бағалау, баға қою.

**V. Үйге тапсырма:** Б.Бұлқышевтің «Ана» шығармасын жаттау, анаға байланысты қосымша материалдар (мақал-мәтел, нақыл сөздер) жинастыру.

Дәмеш ТОҒАЙБАЕВА,

Алматы қаласындағы

№166 «Арман» бөбекжай-балабақшасының  
тәрбиешісі.

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН – ЕЛІМ

**Мақсаты:** қазақ халқының ғасырлар бойы талпынып, аңсап келген асыл арманы – еркіндік, бостандық егемендік тәуелсіздік екенін ұғындыру; ұлттық сана сезімді ояту, қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекетін жетілдіру; Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерге, рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Қазақстан елімен сиқырлы саяхат картасы, «Бәйтеректің» суреті салынған плакат, қаламыздың суреттері, кеспе әріптер, сандар.

**Барысы.** Әнұран орындалады.

Шаттық шеңбері.

- Тәуелсіздік деген – тәтті ұғым, қастерлі сөз. Қазақстан 20 жылдың ішінде тәуелсіздік туын биік ұстап, алға басып барады.

- Балалар, еліміздің рәміздерін білесіңдер ме?

**Балалар:** - Рәміздерім – елдігімнің белгісі,

Білу керек баладағы ең кіші.

Рәміздерім – әнұран, ту, елтаңба,

Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

- Қазақстан Республикасының Президенті кім?

- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

- Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер?

- Астана, Алматы, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Орал, Жезқазған,

Қарағанды, Көкшетау, Семей, Өскемен, Павлодар,  
Қостанай.

- Балалар, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні екенін біле отырып, Отанды сүйетін, өз тілін құрметтейтін азаматтар болайық. Қазақстан Республикасының Елордасы – Астана қаласын білесіздер.

Біздің елтаңбамыз: екі қос тұлпар, ортасында шаңырақ күн тәрізді шұғыласын шашып тұр, астында «Қазақстан» деген жазу бар.

Туымыз түсі көк, пішіні тік бұрышты, ортасында күн сәулесі, астында қыран құс, шетінде ою-өрнек бейнеленген.

**Жания:** - Елтаңбасы елімнің,  
Ортасында – шаңырақ.  
Мемлекеттік туымнан  
Күн шығып тұр жарқырап.  
Әнұраны елімнің  
Шақырады бірлікке.  
Егеменді халқымның  
Болашағы – бірлікте! **А.Әспембетова.**

**Жігер:** - Көк байрағы бабамның –  
Бүгінгі ұрпақ жалауы.  
Тірегі әпке, баланың –  
Қазақстан жалауы!

**Гәуһар:** - Астана – арман қала,  
Бағы бір жанған қала.  
Тұрады ол жап жас болып,  
Мен үлкен болғанда да.

**Маржан:** - Төкті оған нұрын дала,  
Астана – сұлу қала.  
Біз оны анамыздай  
Сүйеміз шынында да.

**Ернұр:** - Отан – асыл анамыз,  
Ана сүтін ақтаймыз.  
Есейгенде ер болып,  
Елді жаудан сақтаймыз.

**Мейрамбек:** - Отан – тарих, Отан – тіл,  
Жасаған елің, өз халқың.  
Отан – өлең, Отан – жыр,  
Көтерген көкке ел даңқын!

**Бақытжан:** - Қазақ тілі – ата-анаң,  
Қуат алар Отан да одан  
Дүниенің бар асылы  
Тең келмейді ешбір оған.

- Балалар, енді санамаққа көңіл бөлейік.

**Елжас:** - Бір – бақытты бөбектер,  
Екі – ата-анам өбектер,  
Үш – үйлерім сәулетті,  
Төрт – туған ел дәулетті,  
Бес – бұлағым мөп-мөлдір,  
Алты – алтын күн төккен нұр,  
Жеті – жасыл бауларым,  
Сегіз – сеңгір тауларым,  
Тоғыз – туған топырағым,  
Он – Отаным.  
Аман болса осылар,  
Жасыма жас қосылар.  
Қадірменді дос ұғар,  
Кезім болмас тосылар.

**Дарын:** - Он ойланып,  
Тоғыз толғанып,  
Сегіз рет созып,  
Жеті рет бұзып,  
Алты рет қарап,  
Бес рет санап,

Төрт түйме қадап,  
Үш тал үкі қадап,  
Екі қолым талып,  
Бір бөрік тіктім,  
Әзер деп біттім.

- Кім кеспе әріптерден сөз құрап, сол сөздерді буынға бөліп айтып береді? (Балалар әріптерден сөз құрайды)

- Отан, туған еліміз туралы кім мақал-мәтел айтады?  
Көңілді әуен ойналып, есіктен Көгершін әуе шарларын алып келеді.

- Балалар, қандай әдемі шарлар, шарға хат ілініп келіпті, қане, оқып берейін.

### **Қымбатты жас достар!**

Қазақстанымыздың Тәуелсіздік күні құтты болсын!  
Елімізде бейбітшілік, береке-бірлік болсын деген ниетпен сендерден бейбітшілік құсы – көгершіннің бейнесін жасап беруіңізді сұраймыз.

*Хат иесі – астаналық достарың.*

- Қалай, балалар, астаналық достарымыздың өтінішін орындаймыз ба? (Балалар көгершін бейнесін жапсыруға кіріседі).

Көгершін бейнесін жапсырып болған соң сергіту жаттығуын жасап, серуенге көгершінмен бірге шығып, әуе шарларын ұшырып жібереді.

- Балалар, бүгінгі оқу, іс-әрекетімізге көп атсалысып қатысқандарыңа рахмет. Енді бәріміз серуенге шығайық. Оқу, іс-әрекетіміз аяқталды.



П.Ә.АХМЕТОВА,

Ғ.Қ.БИЖАНОВА,

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық  
мемлекеттік педагогикалық институтының  
аға оқытушылары.

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ: ТҰЛҒАСЫ, ІСІ, ІЗІ.**

*(Жалғасы. Басы өткен санда)*

*5-кезең.*

«Рухани істер» – қайырымдылық акциясын ұйымдастырып өткізген 4-курс студентерін-институт бітіруші болашақ мамандарды Ыбырай ата аруағы қолдап жүрсін деген ниетпен баба басына тағзым еткізіп, гүл шоқтарын қойдырып, Қостанайдағы музейін аралату.

**3. «Ы.Алтынсарин» айдарымен жергілікті бұқаралық ақпараттық құралдарға мақалалар, телекөріністерді жариялап көрсетуге болады:**

*Қыркүйекте – Ыбырайдың таза бұлағы* (Ыбырай сабағы)

*Қазанда – Зайырлы білімнің бастауы* (Ы.Алтынсариннің туған күнін атау)

*Қарашада – Кәсіптік білім – заман талабы* (Кәсіптік білім беру мектебінің тарихы мен бүгінгі және болашақ болмысы )

*Желтоқсанда – Ыбырай жаққан жұлдыздар* (Оқушылары мен ізбасарлары)

*Қаңтарда – Ыбырай жаққан шырақ* (Тұңғыш мектебінің ашқан күніне орай (8 қаңтар 1864 ж.)

*Ақпанда – Ыбырай – халықтар достығының*

**Әдәнекері** (Ыбырайтанушы Ә.Ламашевтің туған күні мен «Ыбырайдың орыс достары» – еңбегінің жарыққа шығуы)

**Наурызда – Ыбырай – балалар әдебиетінің атасы** (Халықаралық балалар әдебиетінің апталығына байланысты «Қырғыз хрестоматиясынан»)

**Сәуірде – Ыбырай салған сара жол** (Ыбырай атындағы ЖОО ашылу, даму тарихына байланысты)

**Мамырда – Ыбырайдың үн парағы** (Баспа күніне байланысты)

**Маусымда – Ыбырай және ыбырайтанушылар** (Ыбырайды зертеушілерге сәйкес)

**Шілдеде – Даланың дана қоңырауы** (Қайтқан күніне орай Ы.Алтынсаринді еске алу)

**III.ЖОО студенттерімен жүргізілетін тәрбие жұмысында:**

Куратор сағатында, аймақ, қала, институт, факультет ішкілік іс-шараларында қарастырылады.

Мысалы:

**1. «Ыбырай мұрасы – таусылмас қазына» атты апталықтың бағдарламасы:**

- *Ұлағат сәті.*
- *Гүл шоғын-себетін қою.*
- *Сауалнама жүргізу.*

*Ыбырай мұражайына саяхат.*

*«Дананың ойы – шәкірт қиялында» – суреттер көрмесі.*

*«Өнеріңмен, біліміңмен заңғарсың!» – кітаптар көрмесі.*

*«Бүгінгі күн, бүгінгі өмір – жарқын жол, Ұрпағына беріп кеткен жыр әні» – Ыбырай шығармаларын оқу сайысы.*

«Ыбырай танымы – тағылым көзі» – студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының (рефераттар, арнау өлеңдері, т.б.) жарысы «Ыбырай ізбасарлары» фестивалі.

**2. «ЫБЫРАЙТАНУШЫЛАР»** (Педагогика және психологиялық дәстүрлі пәндік олимпиада).

Педагогика және психология пәндерінен өтетін олимпиаданың ЕРЕЖЕСІ.

**Жалпы ережесі:**

1. Педагогика-психология пәндерінен өтетін олимпиада ережесінің мақсаты, міндеттері мен өткізілу тәртібін анықтау.

2. Студенттер ортасында педагогика-психологиялық білімін бағалау және психология-педагогика ғылымына дарынды жастарды бағыттау. Студенттер ортасында педагогика-психология білімін қалыптастыру негізінде олимпиада ерекшелігін ашу.

3. Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика және филология факультетінің педагогика және психология кафедрасын Ы.Алтынсарин туғанына 170 жыл толу мерекесімен ұштастыру.

4. Олимпиадада күндізгі бөлімде оқитын студенттер жоғары кәсіптік Мемлекеттік білім стандартына сай педагогика және психология пәні бойынша тест тапсырып, нәтижесі қазылар алқасының шешімімен бағаланады.

**Олимпиада мақсаты мен тапсырмалары:**

1. Олимпиада мақсаты: студенттердің педагогика және психология пәндері бойынша кәсіптік білім деңгейлерін саралау, қызығушылықтарын арттыру.

**2. Олимпиаданың негізгі міндеттері:**

- дарынды жастарға қолдау көрсету және педагогикалық білім деңгейін жетілдіру;



- студенттердің оқу процесіндегі шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасау;
- педагог-психолог студенттерін педагогикалық шығармашылыққа баулу.

**Олимпиада мақсаты:** Ұлы ағартушының тарихи орынын, ғылыми-ағарту істері мен ойларының бүгінгі күнмен құнды сабақтастығын көрсету.

### **Олимпиаданы өткізу тәртібі:**

1. Олимпиадаға педагогика және психология мамандығында оқитын студенттер қатысады.

2. Олимпиаданы өткізу уақыты.

3. Олимпиадаға қатысушылар мәлімдеме арқылы тіркеледі. Олимпиада бағдарламасы, міндеттері мен бағалау өлшемдері арқылы жүргізіледі.

4. Олимпиада қатысушылардың білім деңгейін әр сайысқа бөлінген әділқазы мүшелері сараптайды, бағалайды, қорытындылап, жеңімпаздарды марапаттайды.

5. Олимпиадаға қатысушылар барлық сайыс қорытындысынан жинаған ұпайы арқылы жеңімпаз атанады.

6. Жеңімпаздарды құттықтау.

### **Олимпиаданың бағдарламасы:**

- Қатысушыларды тіркеу.

- Олимпиаданың ашылуы.

- Сайыс-1. «Эссе»

- Сайыс-2. «Эрудит» (Теориялық білім)

- Сайыс-3. «Белсендіру» (Жағдаяттарды шешу)

- Сайыс-4. «Не? Қайда? Қашан?» (Қызықты психология)

- Сайыс-5. «Түсіну – көмектесу» (Кеңес беру)

- Олимпиаданың жабылуы.

### **Сайыс-1. «Эссе».**

Қатысушылар тақырып тапсырмаларына сәйкес

жазу:

«*БІЫрай мұрасы – таусылмас қазына*»,

«*Болашақ педагог-психологтардың кәсіптік білім сапасы*».

*Мақсаты:* Жастарды тұлғалық және кәсіби дамыту мәселесінде кәсіптік көзқарасын қалыптастыру.

*Түсініктеме:* Эссе – ассоциациялық ойлау негізінде басты бейнеде әсер қалдыратын очерк түрі. Эстетикалық стильде ерекшелігі бейнелілік, нақылдылық және сөйлемдердің үйлесімділігі.

*Бағалау өлшемдері:*

- тақырыпты түсіну адекваттылығы;
- педагогикалық аппарат түсінігіне сүйену;
- педагогикалық, психологиялық, философиялық білімдердің интеграциялануы;
- қаралған мәселенің қайнар көзі және дәлелдігі;
- бейнені баяндау айқындылығы (қолданған амалдардың бейнелеу көркемділігі);
- баяндау шынайылығы;
- ойдың креативтілігі.

*Бағалау шкаласы:*

1-3 ұпай – қаралған мәселе нақты емес және дәлелсіз, стилистикалық мәтін құрылымы мен логикалық түсінік қателігі, жеке қабылдауы нашар көрінуі.

4-5 ұпай – қаралған мәселе толық емес, автор пікірі, негізгі ойын білдіру, бірақ логикалық құрылымы нақты емес.

6-7 ұпай – автор қарастырған мәселенің мәнін түсіну, өз көзқарасын білдіру, бірақ әсерлі бейнеленуі жеткіліксіз.

8-9 ұпай – қойылған тақырып мәнін ашу, жеке пікір дәлелдігі және жақсы бейнеленуі, мәтін мазмұндылығы, сауаттылығы.

10 ұпай – таңдалған тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығы, өз көзқарасын нақты жеткізуі мен бейнеленуі, баяндау шынайылығы.

### **Сайыс-2. «Эрудит».**

Бұл сайыс «Жалпы педагогика», «Жалпы психология» пәндерінен тест түрінде өткізіледі.

*Мақсаты:* Қатысушылардың теориялық кәсіби білім деңгейін саралау.

*Бағалау өлшемдері:* Қойылатын ұпай тест санына байланысты.

### **Сайыс-3. «Белсендіру» (педагогикалық тапсырмалар)**

*Мақсаты:* Қатысушылардың педагогикалық жағдаяттарды болжауы, сараптауы.

*Түсініктеме:* Педагогикалық жағдаят – пайда болатын педагогикалық жағдайды мақсатқа сәйкес түсіну, өзгерту, шешу.

*Бағалау өлшемдері:*

- педагогикалық тапсырма мәнін түсіну;
- педагогикалық мәселені тұжырымдау;
- мәселені шешу тәсілін анықтау;
- нақты дәлелдемелер;
- педагогикалық білгірлік.

*Бағалау шкаласы:*

1-5 ұпай – автор педагогикалық мәселеге тұжырым жасай алмаған, қатысушының педагогикалық және психологиялық қыры ашылмаған, практикалық білім, білік дағдылары қалыптаспаған, өз пікірін жеткізе алмаған.

6-10 ұпай – педагогикалық мәселені шешудің тұрмыстық деңгейде орындалуы; студенттің педагогикалық мәселені тұжырымдай алмауы және шешу жолын ұсынбауы, өз пікірін білдірмеуі, педагогикалық

заңдылық білімі қалыптаспағандығы.

11-15 ұпай – автордың «педагогикалық жағдаят мәнін түсіну» дағдысы шыныққан және өз пікірін жүйелі баяндауы; педагогикалық ұғымдарды жоғары деңгейде пайдалана білуі, тапсырмаларды шешуде болжау дағдылығы, мәселені шешу нұсқасы дәлелді, педагогикалық ойлау қабілеті қалыптасқан.

### **1-нұсқа.**

*1-жағдаят.*

Арманның қалаға бірінші рет келуі. Қала тіршілігіне үйрене алмаған Арманды бірге оқитын топтық досы – Жанар сабақты бірге оқуды, бірге сабаққа баруды әдетке айналдырды. Кейін Арманның таңдаған оқуы өзі қаламағанын білді. Жанардың әрекеті...

*2-жағдаят.*

Данияр 1 курс студенті. Ертеңгі сабаққа дайындалған Данияр ұйықтап қалды. Бірінші сабақтан кешікті. Данияр 2-ші сабаққа келді. Кенет 1-ші сабақта болған мұғалімді көрді. Даниярдың әрекеті... ..

*3-жағдаят.*

1-ші қыркүйек. Мақсат 1 курс студенті. Өз мамандығы бойынша бірге оқитын топтық жолдастарын іздеуде. Сабақ кестесі бойынша аудитория жанына келді. Бірақ ол аудиториядағы студенттер басқа топ студенттері болып шықты. Мақсаттың әрекеті... ..

### **2-нұсқа.**

*1-жағдаят.*

Жанар мен Айым 1-ші сыныптан бастап дос. Сабақ бітуіне аз уақыт қалды. Екеуі бірін бірі қимай бірге бір қалаға, бір мамандыққа тапсырады, бірақ Жанар басқа қалаға оқуға түсті. Жанардың әрекеті... ..

*2-жағдаят.*

Айнұр қазақ тілін өте жақсы біледі. Ал, оның досы Мариям орыс тілді. Мариямның достарымен араласқан Айнұр барлық жауаптарды орыс тілінде жеткізуге тырысты. Бірақ Мариямның достары қазақ тілін үйренгісі келеді. Мариямның әрекеті ... ..

*3-жағдаят.*

Дамир ығы-жығы автобус ішіне кірді. Ол мінген аялдамадан қарт кісі де мінді. Қарт адамға орын тауып бермекші болған Дамир ешқандай орынның бос еместігін көрді. Дамирдің әрекеті ... ..

**Сайыс-4. «Не? Қайда? Қашан?»** (Қызықты психология кеші)

Сайысқа қатысушылар педагогикалық-психологиялық тапсырмаларды орындайды, эмпирикалық зерттеулер нәтижесін анализдеу, график түрінде тапсыру.

*Мақсаты:* Студенттердің педагогикалық-психологиялық жағдаяттарды болжау және түсініктеме беру, анализдеу дағдысын қалыптастыру.

*Бағалау өлшемдері:* педагогикалық және психологиялық ұғымдарды ғылыми тұжырымдау, түзету, жүйелеу, нақтылау.

*Құрметті ұлағатты ұстаздар және студенттер!*

Олимпиада басталғалы біз білімдар болдық, сонымен қатар теориялық білімімізді тестілер арқылы сараптадық, болашақты болжап, жағдаяттарды шештік. Ал, бүгін біз қызықты психологияның сөз жұмбақтарын шешеміз!

**Көрнекілік:** интерактивті тақта, ортада қызықты психология суреттері.

Антипатия – адамның тартымдылығы жоқтығын анық көрсететін теріс қатынас.

Қосымша көмек: эмпатия антонимы.

**IV. Тәжірибелік бағытта:** болашақ педагог-маманның кәсіптік іс-тәжірибесінде қолдануға болатын жұмыстар.

*Есімі оқу орнымызға берілген ұлы ағартушы Б.Алтынсаринның өмірі мен шығармашылығын оқушылар арасында болашақ маманның насихаттап, оқып-үйретуі – жас ұрпақ үшін асқаралы міндеттердің бірі. Ұлы ағартушының өз халқын озық мәдениетке, өнер-білімге шақыруын, еңбекке деген ерекше көзқарас қалыптастыратын тағылымы зор әңгімелері мен педагогикалық мұраларын оқып үйрету мақсатында бітіруші студент портфолясында (қоржынында) әдістемелік жабдықтармен қамтамасыз етіледі: БЫбырай Алтынсариннің өмірі, еңбектері, оқу-тәрбие үрдісіндегі өңдемелер. Осыған сәйкес кез келген мектепте іске асыруға болатын мектептегі және мектептен тыс тәрбиелік-тағылымдық істердің бағыттары мен жоспарларын, тақырыптарын ұсынып отырмыз.*

Мысалы:

**1. Мектепішілік «Ыбырайтану»** жұмысын үш бағытта жүзеге асыруға болады:

*1-4 сынып:* «Даланың тұңғыш қоңырауы».

*5- 9 сынып:* «Көңілдерге ғылымның шамын жаққан»

*10-11 сынып:* «Әлемнің алға тартар сырын ұққан».

Бұл шаралардың мақсаты: баланың жеке бас ерекшелігіне сай халқымыздың рухани-мәдени байлығын игеру арқылы ынтымақтастықта, бірлікте іс-әрекет ете отырып, тәуелсіз еліміздің азаматын тәрбиелеу.

Ыбырай шығармашылығын жан-жақты қарастыра отырып, оқушылардың вербальды танымдық іс-әрекеті жағдайында сапалы, еңбекқор, шығармашыл тұлға

ретінде қалыптастыру процесін жүргізуге болады, оның міндеті: адамдармен қарым – қатынас мәдениетін үйрету, адамгершілік пен парасаттылыққа, салауатты өмірге, имандылыққа, жан және тән сұлулығын ұштастыруға баулу.

Ыбырай мұраларын оқып-үйрену бағытындағы жұмыс жоспары:

- Кабинеттерде, мектеп кітапханасында тақырыптық бұрыш ұйымдастыру.
- Сабақтарда Ыбырай мұраларын тиімді пайдалану:
  - пәндік әдістемелік бірлестікте;
  - үлгілі сабақтарда.
  - «Ыбырай тағылымдары», 10-11-сыныптарда;
  - «Ы.Алтынсарин – тұңғыш ағартушы», 9-сынып;
  - Ыбырай оқулары:
    - «Ұлылыққа тағзым» 4-7 сыныптарда;
    - «Санаға сәуле шашқан -ұлы ұстаз!» Онкүндікті 1-4 сыныптар арасында өткізу;
    - «Білімге бастап ел-жұртын»;
    - «Қазақстан – 2030 бағдарламасы және білім беру ісі», 5 – 9 сыныптар;
    - «Қалдырған ізің мәңгілік!»
  - «Ыбырайдың шәкіртіміз – бәріміз!...»
  - Ы.Алтынсарин өмірін оқып үйрену сағаттары:
    - «Ыбырай тағылымдары»-Әңгімелері бойынша көріністер.
    - «Кел, балалар, оқылық» (бастауыш сыныптар бойынша көркемсөз сайысы).
  - Үлгілі пәндік, сыныптық сабақтар, 4-2 сыныптарда.
  - Ата – аналарға арналған лекциялар оқу:
    - «Ыбырайдың ағартушылық көзқарастарының

бүгінгі замандағы маңызы».

- «Ыбырайдың тұңғыш жаққан шырағы...»

• Ы.Алтынсарин өмірбаяны негізінде:

- «Ғасырдан жеткен ұлылық» танымдық ойыны:

- «Ұрпағына ұлы мұра қалдырған» сахналық көріністер.

- «Таза бұлақ» (Ыбырай шығармаларынан сурет көрмесі).

- «Ұлылардан қалған сөз» (көркемсөз байқауы):

• Оқушылар шығармашылығының көрмесі.

• Шығармалар:

- Мектебім – менің мақтанышым.

- Ұстаздық еткен жалықпас.

- Жалғасын тапқан ұлы ойлар.

• Рефераттар:

• Үкілі үміт (оқушылар өлеңдері).

• Ыбырай туралы кітаптар көрмесі.

• «Ізденген жетер мұратқа»(тәрбие сағатары) - 10-11-сыныптар.

• «Білімменен басталған жол» оқушылар шығармаларының байқауы.

• «Ұлылыққа тағзым» – Ыбырайдың туған күнін (20.10.1841 ж.) атап өту.

• Қабырға газеттерін шығару.

• Кітап оқушылар конференциясы.

• «Жасынан оқу оқып, білім қуған, Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге» (озаттар сайысы).

• «Ұлағаттылық – отбасынан» (ата-аналар сайысы).

• «Қазақ даласының жарық жұлдызы» (әдеби-танымдық кеш).

• «Ыбырай ізбасарлары».

• «Ыбырай аруы» байқаулары.

• Ыбырайды еске алу күні (17.07.1889 ж.):



«Ыбырай оқуларын» туған күніне орай қазан айында өткізуге болады. Оған оқушылармен бірге ұстаздар және ата-аналар қауымы атсалысуы керек. Әрбір мұғалім өз сабағын Ыбырайдың шығармасымен байланыстырса, ата-аналар арасында оның көзқарастарын насихаттау ісін жүргізуге болады. «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деген Ыбырай сөзі – ұстаз еңбегіне берілген ең жоғары баға. Осы жоғары деңгейдегі атағына сай мұғалім өз жұмысының негізін әлемдік тәжірибені үйрене және пайдалана отырып, баланың ұлттық сана-сезімін жетілдіруге бағыттайды, ал саналық деңгей оқушы тұлғасының даралығын анықтайды. Кезінде Шоқан, Ыбырай, Абайлар көтерген ұлттық тәлім-тәрбиелік, психологиялық, педагогикалық мәселелерді кейіннен А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, т.б. жалғастырғаны белгілі.

Біздің мақсатымыз – мектептің оқу-тәрбие процесінде болашақ маманның Ыбырай мұраларын қолдана отырып, ұлттық тәлім мен дүниетанымды оқушының бойына сіңіру жұмысында мына жағдайларда тиімді қарастыруы:

- ұлттық ой мен дүниетанымды жалпы адамзаттық құндылық тұрғысынан пайымдауы;
- оқушылардың өмірлік көзқарасын, дүниетанымын жетілдірудің пәрменді құралы ретінде пайдалануы.

**2. Дөңгелек үстел – 15.11.1887 жылы Ырғыз қыздар мектебі мен 15.11.1883 жылы Торғай қолөнер мектептерінің ашылу күндеріне орай «Кәсіптік білім – заман талабы» тақырыбында аймақтық оқу бөлімдері мен мұғалімдерінің қатысуымен өткізу.**

*Бағдарламасы:*

Теориялық бөлім.

- «Ы.Алтынсарин ашқан кәсіби мектептерінің ерекшелігі мен мазмұндық толығының ұлттық айшықтары».

- «Қазақстандағы білім беру жүйесін жасаудағы Ы.Алтынсариннің орны».

- «Нарықтық қатынастардағы кәсіптік-техникалық мектептердің маңызы және қажеттілігі».

«Современные состояние и стратегические задачи школы-лицея в рамках программы «Казахстан-2020».

*Тәжірибелік бөлім.*

- «Елдің атын – ер, Ердің атын – ел шығарады» (Мектеп түлегінің еске түсіру сәті).

- «Торғай қаласындағы Н.Иванов орта мектебінің тарихы, бүгінгісі мен болашағы» – панорамалық көрме.

- «Қазақстандағы кәсіби білім беру орындарының даму тарихы» – көрме.

- «Оказание образовательных услуг в частном послесреднем учебном заведении» – қолөнер жәрмеңкесі.

- «Ұстаздан – ұлағат, ұлыдан – өнеге» – ашық сабақ.

- «Проблемы социализации учащейся молодежи среднеспециальных профессиональных учебных заведений» – әлеуметтендіру жұмыс тәжірибесінен.

- «Ы.Алтынсариннің идеялары негізінде білім береті отырып, білікті маман тәрбиелеу» – пікіралмасу.

**3. «Ы.Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы» тақырыбындағы әдеби қонақжайлылық (литературная гостиная).**

Бағдарламасында:

- «Әдеби қонақжайлылықтың» ашылуы

- Студенттер мен мектеп оқушыларының дайындаған Ы.Алтынсарин әңгімелері: «Мақта қыз бен

мысық», «Түлкі мен қарға», «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ», «Құмырсқа, өрмекші, қарлығаш», «Асыл шөп», т.б. бойынша театрландырылған қойылымдар.

- Көрсетілген қойылымдардың атын анықтау.

- Ыбырай мысалдарынан, өлеңдерінен үзінді оқу.

- «Қырғыз хрестоматиясынан» жұмбақтар шешу.

- Ыбырай шығармаларындағы мақал-мәтелдердің жартысын жасырып, жалғасын табу.

- Конкурс қорытындысы бойынша қонақтарды марапаттау.

#### **4. Оқушылар олимпиадасы.**

*Мақсаты:* Ұлы ағартушының тарихи орынын, ғылыми-ағарту істері мен ойларының бүгінгі күнмен құнды сабақтастығын көрсету.

*Олимпиада шарттары.*

*Сайыс түрлері:*

- «Тұғыры биік тұлға» (Ыбырай өмір жолы мен шығармашылық тарихи еңбектерінен тест сұрақтары);

- «Ыбырай жаққан шамшырақ...» (Ыбырай жұмбақтары және әңгімелері мен мысалдарынан жағдаяттарды шешу);

- «Ыбырай мұрасы – таусылмас қазына» (орыс тілінде эссе жазу);

- «Кел, балалар, оқылық!» (Ыбырай өлеңдерін мәнерлеп оқу);

- «Шариат-ул-ислам» еңбегінен руханиятты білім сайысы.

#### **Қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- әр мектептен 5-11 сынып оқушылары арасынан 1 команда;

- әр команда да 3 оқушыдан;

- екі тілде (қазақ, орыс) жүргізіледі.

#### **3. Теориялық білім:**

- Ы.Алтынсариннің өмірбаяны;  
 - Еңбектері: «Қырғыз хрестоматиясы».  
 «Қырғыздарға орыс тілін үйретудің басты құралы».  
 «Мұсылманшылықтың тұтқасы» тест арқылы  
 өлшенеді.

### **5. Үш ғасыр – үш Ыбырай (сот – айыптау сабағы)**

**Мақсаты:** Болашақ маман-студенттердің Ыбырай-тануға арналған зерттеу жұмысына сәйкес талаптар қойып, ізденістік әрекетке баулу.

**Сабақтың негізгі құрылымы:** сот залының безендірілуі, сот, Ы.Алтынсаринді жақтаушы жақ – қорғаушы, куәгерлер; қаралаушы жақ-заң қызметкері, куәгерлер. Куәгерлер қарапайым халық өкілі, ғалым, үкімет өкілдері болуы мүмкін. Сот соңында міндетті түрде сот шешімі шығуы керек.

**Сабақтың барысы:**

**Ы.Алтынсарин** – айыпталушы,

**Қорғаушы** – XIX, XX, XXI ғасырлар.

**Қаралаушы** – патша кезіндегі, кеңес үкіметі кезіндегі, қазіргі заман өкілдері.

<b>Ғасырлар</b>	<b>Ыбырайды айыптаушылар</b>	<b>Ыбырайды қорғаушылар</b>
XIX ғасырда.	Молдалар, Татарлар, бай-шонжарлар.	И.Я.Яковлев, Бірімжан, Н.И.Ильминский, В.Григорев.
XX ғасырда.	НКВД, Атеизм, Білім саласы.	А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Әуезов.
XXI ғасырда.	Кері тартпа ұлтшылдар.	Ыбырайтанушылар, Ғалымдар, Заман ағымының талабы.

*I көрініс.*

Сот залы XIX ғасыр талабымен бейнеленген:

Ресей империясының гербі, патша суреті, қоңыр түсті дастархан жабылған үстел. Төрде *сот мүшелері* – 3 адам.

*Айыптаушы мәлімет:* Ы.Алтынсарин патша өкіметінің құйыршығы болып, өзінің шоқынғанымен қоймай, балаларымызды да бұзды, татар мұғалімдері мен молдаларды жұмыссыз қалдырды. Мектептерің жағып, кітаптарын лақтырып, қайтадан бұрынғы білім жүйесіне келтіру керек. Жаңалықтарыңда жамандықтан басқа ешнәрсе жоқ. Медресені оқығандар қайда барады? Екі тілді үн парактың қажеті жоқ, әйел затыңда оқытып керегі жоқ, атам заманнан бері әйел отбасы, ошақ қасында келе жатқан, Ыбырай бәрін бүлдіріп, бұзуда.

*Қорғаушылардың сөздері:*

*Куәгерлер –*

*2 көрініс.*

*XX ғасыр-кеңестік кезеңге байланысты бейнеленген:* кеңес үкіметінің гербі, Ленин суреті, қызыл түсті мата жабылған үстел.

*Айыптаушы мәлімет.*

Ыбырайды Кеңес мемлекетінің өкілі деп санауға болмайды «Бір аллаға сыйынып»-шақырыпты оқуға, ол атеист емес, «Мұсылмандықтың тұтқасы» оқулығын жазды, дін сабағын енгізген. Қазаққа табиғи ортаға бейімдеп, ауыл мектебінің «бағдарламасын» жасады, көшу, мал, тіл, дін – болмауы керек еді. Байдың баласы, отбасын жер аударып жіберу керек. Халықтың (ұлттық) ерекшелігін, тілін, дінін сақтау дегені – қате. Барлық тәрбие, білім бірегей, кеңестік болады. Ол – бай-феодалдың қалдығы. Шын жүректен Россияға жаны ашыса, Балғожа атасының ақылымен «шен» алып, «службада» болар еді. Мектеп ашып, қазақтар білімді

болып, бөлек мемлекет боламыз деп қаншама әлек салды.

*Қорғаушылардың сөздері:*

*3-көрініс.*

*XXI ғасыр-тәуелсіз Қазақстан қазіргі кезеңге байланысты безендірілген:* герб, ҚР Президентінің портреті, көк-аспан түсті дастархан жабылған үстел.

*Сот:* айыптаушылардың шағым-арызымен, қолдануға қажетті жаза түрлерімен таныстырады.

*Тыңдалды:*

***Айыптаушы мәлімет.***

XX ғасырдағы Ы.Алтынсарин қазіргі заманның талабына сәйкес келмейді. Тәуелсіздік алдық, орыс тіліндегі мектептерге қажеттілік жоқ. Халықтың орыстануын-да тілін, дінін, салт-дәстүрін ұмытып, шылым, арақ-шарапқа әуес болуына, еркіндіктің бастауын салған, халықты бұзған. Орыс тілін мектебіне енгізбегенде, ешқандай бас ауыртпай, бір тілді, дінді мемлекет болып отыра берер едік. Алфавитті ауыстырып, тағы да қиындық туғызды. Көп қателіктер жіберді, олардан 10 жыл емес, 40-50 жылда арылсақ сол. Орыс пен үкіметке жағып, атағы жайылғаны сонша: ғылым академиясы, ЖОО, мектеп, гимназияларға, көше мен ауылдарға атын беруге қарсы болмай қоштады. Қазақстанның қай түкпіріне бармасаң оның атындағы мектеп, көше, ауылды табасың. Бірде-бір қазақтың аты бодандаушы халықтың Ыбырайдай көңілдерінен шыққан емес, орыс достары да көп өзінің.

*Қорғаушының сөзі:*

Әр ғасыр сайын ақтаушылардың сөзі Ыбырайды қорғап, қолдап, ақтап алып отырады.

Орын тасталған, бос жерлерді студенттер өздері шығармашылықпен ізденіп, тауып толтырулары керек.

*Осындай сабақтарды өткізудің маңызы* — оқушылардың танымдық қызметін, жалпы және арнаулы қабілеттерін дамыту, ұлы ғалым, қазақтың біртуар азаматы, ағартушы Ыбырай Алтынсариннің тұлғалық тарихи маңызын көрсету.

Ыбырай мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, өнегесін үлгі етіп, үйрете беру ұстаздар еңбегінің бір қыры болуға тиіс. Ал педагогикалық идеяларын ұстаздар арасында насихаттау, бүгінгі күн талабына сай оқу мен тәрбиенің бірлігін сақтай отырып, саралай білу, ілгері дамыту — бәріміздің де ортақ іс, қасиетті борышымыз! Осындай игілікті істер бүгінгі жастарды шынайы ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге үлес қосады деп есептей отырып:

*«...Біз болмасақ, Сіз барсыз,*

*Үміт еткен достарым,*

*Сіздерге бердім батамды»- деген Ыбырай ата қасиетін іске асырайық!*

---

---

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИНГЕ

Бітті лайлап «Таза бұлақ», «Өзенді»,  
Деп тұрғандай Алла: «Құлым, төз енді».  
Сіз жырлаған мейірімнен адастық,  
Шошисыз-ау көргенде қу кезенді...

Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,  
Тараз инновациялық-гуманитарлық  
университетінің доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
Қазақстан Журналшылар одағының мүшесі.  
Тараз қаласы.

## «БІЗ ДЕ СІЗДЕЙ ӨМІР СҮРДІК КЕРЕМЕТ...»

Автокөлік теп-тегіс тақтайдай тас жолмен зымырап келеді. Сағатына 140 шақырым жылдамдықпен жүйткіп келе жатқан автокөлік кенет жүрісін бәсеңдетіп, тасбақа жүріске салды. Спидометрге көзім түсіп еді, жылдамдықты сағатына 30 шақырымды көрсетіп тұр екен. Мен:

- Жайшылық па, жүрісіміз мандымай қалды ғой,- дедім жүргізушіге. Ол:

- Бейітке жақындадық. Бейіт жанынан зулап өтіп кету – әдептілікке жатпас...-деді.

Бұрын бұл тас жолмен жүріп көрмегендіктен байқамаппын, оң жағымызда бейіт басына салынған үлкенді-кішілі күмбез ескерткіштер, темірден жасалған ескерткіштер тұр. Кейбір бейіттерде тас кірпіштермен қаланған ескерткіштер о дүниелік болып кеткендерге жасалған құрмет белгісіндей адамға түрлі ой салады. Менің риза болғаным – жүргізушінің көлік жылдамдығын бәсеңдеткені болды. Бұл – пәни дүниеден бақи дүниеге аттанған адамдарға құрмет еді. Сонан соң маған өте қатты әсер еткені – жолға жақынырақ орынға көк қаңылтыр темірге ақ бояумен жазылған екі



жол өлең:

«Біз де Сіздей өмір сүрдік керемет,  
Ей, жолаушы, аттың басын тежеп өт...»

Адам өмірінің қамшының сабындай қысқа екенін сездіретін, «кұдайын ұмытқан» адамды тәубеге келтіретін, ойлы да әсерлі сөздер жүйткіп келе жатқан жолаушыны ойландырмай қоймайды. Санаға ерекше әсер етіп, жасаған пенделік істерінді есіңе түсіріп, қия басқан қадамыңды ойландырып, «Әттеген-ай...»-дегізеді. Аттың басын тартуға, автокөліктің тежегішін тежеп, жүрісін бәсеңдетуге мәжбүр боласың.

Қасиетті Құранның «Тахрим» сүресінің 8-ші аятында: «Әй, мүміндер! Аллаға шынайы тәубе етіндер, әрине, құтыларсыңдар», «Нұр» сүресінің 31-аятында: «Әй, мүміндер! Аллаға түгелдей тәубе етіндер, әрине, құтыларсыңдар» деп жазылған. Қасиетті Құранда тәубеге арналған бірнеше аяттар бар.

Қайтыс болып кеткен адамның сыртынан оны даттап әңгімелер айту мұсылмандыққа жатпайды. Ал, өмірден өткен адамның жақсылығын еске түсіріп,оның үлгілі істерін жастарға өсиет ретінде ұсыну – адамгершілік пен имандылықты ұлықтауға жатады.

Мен жүргізушіге: «Құраннан аят оқып жіберейін...»-деп ыңғайлана бергенімде, жүргізуші: «Ағай, автокөлікті жол шетіне іркейін...»- деді. Біз автокөлікті тас жолдың шетіне тоқтатып, бақи дүниеге аттанғандарға Құраннан аят бағыштадық. Жүргізуші: «Құранды жүріп бара жатқан автокөлікте оқу – әдепсіздік деп ойлаймын...»- деді. Мен оның бұл ұсынысын мақұлдадым.

...Бұрынғы өткен заманда бір қаланың қатыгез әкімі болыпты. Әкімнің зұлымдығы соншалықты қала халқының тыныштықта өмір сүруіне кедергі келтіріп, жақсы адамдарға жала жауып, абақтыға отырғыза беріп-

ті. Ол тек өз мүддесін ғана ойлайтын жағымпаздардың айтқанын тыңдап, сол жағымпаздардың айтқан ұсыныс-тілектерін іске асыра беріпті. Жасы үлкен қариялардың өсиеттерін тыңдамапты. Қаланың тұрғындары қатыгез қала әкіміне наразылықтар білдіре бастапты. Қалада пайда болған наразылықтардың алдын алу мақсатында қала әкімінің жасы 96 ға келген әкесі әкім баласын қала сыртындағы бейіттерге ертіп апарыпты. Бейіттерді аралатыпты. Сонда қала әкімі әкесіне: «Әке, мен де осылардай болып о дүниеге аттанып, қара жерге баратынымды ұмытыппын...»- деп тәубеге келіпті. Сонан бастап әкім қатыгездікті қойып, төңірегінде жүрген жағымпаздардың бәрін қуыпты. Жанына ақылды адамдарды кеңесші етіп алып, сол ақылды адамдардың ұсыныс-тілектерін есепке алып өмір сүре бастапты. Қала халқы тыныш, бейбіт өмірге қайта келіпті. Қала әкімінің өзі ұрлық жасаған, адам өлтірген қатыгез адамдарды ұстатып, бейіттерді аралатып, оларға жаза қолданып отырыпты. Бейіт аралаған адам тәубеге келеді екен. Сонан соң қала әкімі жыл сайын қала халқын бейітті аралатып, бақи дүниеге аттанған адамдарға дұға оқу туралы жарлық шығарыпты дейді ескіден қалған аңыз әңгіме.

Алла Тағала күнә істеген адам пенделеріне тәубе етіп кешірім сұрауды қалаған, сөйтіп бірнеше сүрелер мен аяттар жіберген. Адам баласы істеген күнәларын мойындап, ондай жаман әдетті енді қайталамау үшін тәубеге келуі – мұсылманшылықтың шарттарын орындаймын деп жүрекпен сезіне білуін айтады. Тәубеге келу – Ислам дініндегі адам пенделеріне арналған ең негізгі ерекшелік екенін атап айтуға тиіспіз.

Біздің Елбасымыз дүниеден өткен ата-бабаларымызды еске алып, құрмет көрсету үшін жыл

сайын бір жексенбіні «Еске алу күні» деп белгілесе — нұр үстіне нұр болар еді. Сол күні мазар басына барып, мазар басын тазалап, Құран бағыштап, ата-бабаларды еске алып құрмет көрсету мүмкіндігіне ие болар едік. Мұндай еске алу күні тек ғана өз қалтасын ойлайтын, тек байлыққа ғана қызығатын, дүние қоңыз боп кеткен, рухани байлықтан жұтаң болған адамдарға, ұрлық істеп, адам тонайтын баукеспелерге тәрбие көзі болар еді.

Республикамыздың қалаларын, аудан орталықтарын, ауылдарды бір-бірімен тұтастырып тұратын тас жолдар бойында ірі-ірі мазарлар бар. Сол мазарларда әр түрлі адамдардың жатқанына мән бермейміз. Кейбір мазарларда әулие адамдар, көреген, киелі адамдар жатыр. Көп жасаған һәм көпті көрген ақсақал қариялардың айтуынша ол адамдар іргедегі тас жолдан үлкен жылдамдықпен жүйткіп өтіп бара жатқан жолаушыларға ренжитін көрінеді. «Бізді менсінбей бара жатыр, түбінде біздің жанымызға келетінін ұмытқан...»- деп ренжитін көрінеді. Тіпті, кейбір киелі адамдар жоғары жылдамдықта жүйткіп бара жатқан автокөлікті апатқа ұшырататын көрінеді. Еліміздің тас жолдарының бойында киелі адамдар жатқан мазарлар көптеп кездеседі және ол жерлерде апаттар жиі болады.

Белгілі ақын Серік Томанов «Эпитафия» (құлпытастағы жазу) атты өлеңінде:

«...Ей, тірілер!

Өлім жоқ, өмір барда.

Тілегім сол: соқпасын жолың жарға.

Қу тірліктің бағасын білгің келсе,

Көз қырыңды салып қой қорымдарға...»

(С.Томанов, «Пәруана», «Үш қиян» баспасы, Алматы, 2004-жыл, 5-бет),- деп жырлады емес пе?

Кең байтақ Қазақстанымыздың үлкен қалаларын тас жолдар байланыстырып отыр. Астана-Алматы, Алматы-Тараз, Тараз-Шымкент, Шымкент-Түркістан, Түркістан-Қызылорда, т.б. қалалардың арасын жалғастыратын тас жолдардың бойында көп жылдардан бері бой көрсетіп тұрған мазарлар бар. Осы тас жолдардың бойындағы мазарларға жақындаған кезде жүргізушілердің автокөліктің жүрісін баяулату дәстүрі қалыптасса, біздің ұлттық дәстүрімізде өліні сыйлау дәстүрінің тағы бір түрі пайда болар еді. Бұл да біздің өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі мұсылманшылық сезімді оятуға септігін тигізер еді. Тас жол бойындағы мазарларға жақындағанда жол апатынан сақтандыруды көздейтін «Сағатына 30 шақырым жылдамдықпен», «Сағатына 40 шақырым жылдамдықпен», «Сағатына 50 шақырым жылдамдықпен» деген белгілер қойылса да артықтығы болмас еді. Осыған орай жол жүру ережелеріне «Мазар бар» деген жаңа белгі тағайындалып, ол белгі тас жол бойларындағы мазарларға қойылса деген ұсыныс жасағым келеді.

---

## ДҮНИЕ КЕЗЕК

Қорықпайтын болып алды ажалдан  
Қайтып бара жатса да адам базардан.  
Жүйткіп өтті темір тұлпар мінген дәу  
Жол бойында үнсіз тұрған мазардан.

Мұндай жаннан шықпайды деп жас мүлде,  
Соған, бәлкім, қапаланды-ау тас мүрде.  
Бір күні орға жығары анық сол дәуді  
Дүниеге бәсекелес қас күнде...

Бектас БОСТАНОВ,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
аға оқытушысы, п.ғ.к.  
Жасұлан Оразбеков,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
магистранты.

## **ЖООМЛА-НЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ЖАСАУҒА ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру – еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Білім беретін мектеп реформасының қайсысы болмасын, оның мүлтіксіз жүзеге асырылуы сапалы оқулыққа тікелей байланысты. Себебі, мектеп оқулығы барлық оқу үрдісінің өзіндік озық үлгісі болып табылады. Ол оқытудың мазмұнын ғана емес, сонымен қатар, жұмыстың әдістемелік тәсілдерін, жалпы бағытын және оқытушы мен оқушының көңіл-күйін анықтап отырады.

Қазіргі кезде мектептерде жай оқулықтармен қатар электрондық оқулықтарды жиі қолданады. Электрондық оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электрондық оқулықпен оқыту оқытушының оқушымен жеке жұмыс істегеніндей болады.

Қазіргі кезде білім беру мақсаты – оқушыларға барынша көп ақпарат беруде ғана емес, сонымен қатар оқушыларға өз бетінше пәндік ақпараттарды өзі тауып қолдануға үйрету. Оның бәрі электронды оқулықтарда әр түрлі тапсырмалар, жаттығулар арқылы беріліп отырады. Осындай жаттығуларды, тапсырмаларды орындауда оқушы өз бетінше алдыңғы өтілген тақырыпқа оралуына, кейбір сілтемелерге, анықтамаларға оралып қайталауына мүмкіндіктер бар.

Информатика пәнінің орта білім беру жүйесіндегі рөлі ақпараттық білімнің, ақпараттық орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді етудегі және жаңа ақпараттық қоғамда кәсіпкерлік қызметтің басты құрамды бөлігі болып табылатын ақпараттық бейнесін қалыптастырудағы алатын орнымен қамтамасыз етіледі.

Бүгінгі таңда компьютерлік дизайн, Web-дизайн, жүйелік бағдарламалаушы, әкімші және тағы басқа мамандардың қажет екендігін түрлі жарнамалық газеттерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан да көруге болады. Аталған мамандықтарды қалай дайындап, оларға қандай бағдарламалық құралдарды үйрету арқылы жетілдіруге болатыны әдістемелік жұмыстың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Мектеп бітірушілер компьютерлік сауатылықты меңгеріп шығады, бірақ келешекте олар бағдарламашы, инженер, жүйе әкімшісі болуы міндетті емес. Дегенмен, кез келген шығармашылық мамандық сізден қазіргі заманға сәйкес компьютерлік технологияларды меңгеруді талап етеді. Шығармашылық жұмыстың қорытындысы әрқашан жаңа білім, жаңа ақпарат, ал осы ақпаратты таратудың ең жеңіл әдісі – Интернетте жариялау.

Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде қолданылатын электрондық оқулықтарды көптеген

арнайы мазмұнды басқару жүйелерінде құруға болады. Менің алда ұсынып отырған электронды оқыту құралым Joomla мазмұнды басқару жүйесінде жасалған. Joomla – арнайы сайттарды басқаратын бағдарлама.

(CMS) Joomla! контентті басқару жүйесі атақты Mambo (бұрынғы MOS,;Мамбо) жүйесінің көп жылдық нәтижесі ретінде пайда болды. Өңдеушілер командасы Mambo 4.5.2.3 негізінде Joomla! 1.0 -ді құрды және осы жерде екі жүйенің жолдары айырылды. Бұл бағдарламада контент деген термин жиі кездеседі

*Контент дегеніміз (ағылшынша content – құрамы, мазмұны) – ақпараттық ресурсты кез келген ақпараттық мәнді (мазмұнды) толтыру (мысалы, веб-сайт) — мәтін, графика, мультимедиа. IT-саласында веб-сайтты мәтінмен толтыру жайлы айтқанда осы термин жиі қолданылады. Бұл термин ұялы телефондарды ойын-сауық мазмұнды ақпаратпен толтыру үшін де қолданылады.*

Joomla – бұл интерактивті , , , мен коммерциялық жобаларды оңай құруға арналған тегін басқару жүйесі Джумла мен Жүйе сайттың сыртқы келбетін, форматтау, басқа қосымшалармен админстративтік және жылдам интегралдау секілді баптауларды енгізуге мүмкіндік береді Joomla сайт құрамын өзгертетін ең жақсы басқару жүйесі ретінде көп рет мойындалған.

Joomla мазмұнды басқару жүйесінде жұмыс жасау өте жеңіл және ыңғайлы. Оған арнайы бағдарламалық тілдерді білу міндетті емес. Қазіргі таңда мектеп қабырғаларында заман талабына сай білім беретін электронды оқыту құралдары жеткіліксіз. Ой-өрісі дамыған шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу қажет деп ойлаймын.

**Қалай жұмыс істейді?**

Атауынан көрініп тұрғандай, Joomla – бұл мазмұнын басқару жүйесі. Бұл веб-сайттың құрылымы мен мазмұны туралы, нәтижесінде желіде сайт қалай көрінетініне қарағанда көп ойлану керектігін білдіреді. Сайттың соңғы түрі немесе дизайны оның мазмұнымен анықталмайды. Қаріп түсі, туралау, позициялау, т.с.с. – дайын контенттен тұратын шаблон (template), көмегімен басқарылады. Мазмұнын өзгерпей-ақ, сіз әртүрлі шаблондар көмегімен сайтқа кез келген дизайнды қоя аласыз.


Шаблондарды құру – бұл HTML, CSS және PHP сияқты нақты білімдерді талап ететін таза техникалық операция. Егер сіз осы тілдер туралы ештеңе білмесеніз, онда сізге тегін шаблондардың бірін қолданған жөн, немесе мамандарға сіздің қалауыңызша немесе корпоративті стильге сәйкес арнайы кәсіби шаблонға тапсырыс беруіңізге болады. Тағы да аралық жол бар, дайын шаблонды сатып алуға болады. Веб-дизайнның Joomla үшін шаблондарды құратын көптеген кәсіби студиялары кішігірім төлемге абоненттік жазылуды ұсынады. Олар айына бірнеше бірегей шаблондар шығарады, ал жазылғандар ешқандай төлемсіз тегін алады.

Ары қарай Joomla әкімшілік панелі қарастырылады. Joomlaға сайтты қалай локализациялау және оның әкімшілік панелі туралы айтылады. Joomla-ның әкімшілік панеліне кіру. Жоғары сол жағында жүйенің логотипі, ал оң жағында нұсқаның нөмірі орналасқан.

Төменде әртүрлі элементтерден тұратын мәзірдің негізгі жолы орналасады.


Осы жолдың оң жағында төрт элемент орналасқан:






- Сіздің веб-сайтыңызға ауыстыратын сілтеме (Front End);
- Сізге жіберілген хабарламалар саны туралы ақпарат;
- Сайттағы онлайн қолданушылар саны туралы ақпарат;
- Әкімшілік панельден шығу.

Сол жақта нақты ішкі бөлімдер санынан тұратын мәзірдің жеті негізгі бөлімдері бар.




Солдан оңға қарай реті бойынша пункттарды қарастырайық


«Сайт» бетбелгісі – басқару мәзірі, оның көмегімен сайттың жалпы конфигурацияларымен, қолданушылармен, арнайы менеджерді пайдаланып, медиа-файлдарды басқаруға болады.



«Барлық мәзір» – сайттағы барлық мәзір түрлерін басқаратын менеджер.




«Материалдар» бетбелгісі – сайтты ақпаратпен толтыруды басқаратын мәзір. Бұл жерде біз бөлімдер, категориялар, мақалалар құрып, оларды басқара аламыз.




«Компоненттер» бетбелгісі – Joomla функционалдығын кеңейтетін жүйенің негізгі құрамдас бөліктерін басқару мәзірі. Оның ішіне баннерлер менеджері, байланыстар, жаңалықтар таспасы (RSS каналдар), дауыс беру және іздеуді ұйымдастыру компоненті, сілтемелерді ұйымдастыру компоненті кіреді. Бұл жерде жүйе орнатумен бірге орнатылатын

компоненттер қарастырылады. Бірақ Joomla басқа да компоненттерді орнатуға мүмкіндік береді. Ал орындалатын қызметіне қарай өте көп болғандықтан, қандай да бір сайттың әртүрлі талаптарын берілген жүйеде өзгертуге мүмкіндік береді.




«**Кеңейтілу**» бетбелгісі - бұл мәзір CSM қосымша функцияларын басқарады, ал дәл айтсақ, модульдер, шаблондар, плагиндер, тілдер менеджеріне ауысу жүзеге асырылады. Осыдан басқа осы компоненттердің барлығын жою/орнату менеджеріне де ауысуға болады.




«**Құрал-саймандар**» бетбелгісі – бұл мәзір арқылы біз жүйенің қызметші хабарламаларын оқи аламыз,

сайтқа тіркелген басқа қатысушылармен хабарласа аласыз, жүйенің барлық қолданушыларына электрондық хаттар жібере аласыз, сонымен қатар жүйенің блокқа түскен элементтерін блоктан босатып, кэшти (уақытша файлдар) тазарта аласыз.



«Көмек» бетбелгісі - осы мәзір арқылы әкімшілік Joomla көмекші сайтына ауысып, тағы да оның «жүйе туралы ақпарат» ішкі мәзір көмегімен сайттың барлық қызметтік ақпаратын басқаруға көшуге болады (мәліметтер қорының параметрлері, PHP нұсқаның параметрі, жүйе бумасына орнатылған ережелер, конфигурациялық файл және т.б.).




Мәзірдің осы пунктарынан төмен сол жақта Joomla-ның әртүрлі басқару облыстарында жиі қолданылатын сілтемелер бөлімі орналасса, оң жақта талап етілген жүйе ақпараты орналасады (атақты мақалалар, сайттағы

жаңа мақалалар, онлайн тіркелген қолданушылар саны, мәзір бөлімшелері туралы ақпарат).

Берілген ақпарат блоктарымен әкімшілік керегінше басқарып, өзгерте алады.

Сайт мазмұны Компоненттер және Модульдер көмегімен ұйымдастырылады. Компоненттер – бұл Joomla құрайтын элементтер немесе сайтқа жаңа функциялар мен мүмкіндіктерді қосатын жеке қосымшалар (мысалы, форум, сурет галереясы, қонақ кітапшасы және т.б.).



Joomla ядросының компоненттерінің құрамына кіреді: Баннерлер, Байланыстар, Жаңалықтар таспасы, Сұхбаттар мен Web-сілтемелер. Орнатқан соң пайда болатын ядро компоненттерінен басқа ұйымның мүшелерімен жасалатын және қолданатын компоненттер бар. Бұл компоненттер жеке жүктеліп, бөлек орнатылады. Толық мүмкін болатын кеңейтілу каталогын [extensions.joomla.org](http://extensions.joomla.org) адресімен табуға болады. Әдетте, компоненттер сайтты орта бөлігінде орналасады. Модульдер Joomla мүмкіндіктерін кеңейтіп, бағдарламаға жаңа мүмкіндіктерді қосады.

Модульдер – рұқсат етілген шаблонның кез келген жерінде орналасатын кішігірім объектілер. Модульдер компонентте ақпаратты түрліше бейнелеуге мүмкіндік беретін компоненттерге қосымша ретінде қолданылады. Мысалы, жаңалықтар компонентінде (content) автоматты түрде соңғы, көп оқылатын және кездейсоқ ретпен көрсететін модульдер бар. Joomla-да бірнеше модульдер бар: Бас мәзір(Main Menu), Жоғары мәзір(Top menu), Шаблонды таңдау (Template Chooser), Сұхбаттар (Polls), Басу есептегіші, т.с.с. Модульдер, әдетте, сайттың шеттегі бағаналарында орналасады. Органың жоғарғы немесе төменгі жағында, әдетте, компоненттер орналасады. Әрбір бет (немесе беттер тобы) бір компоненттен және бірнеше модульдерден тұруы мүмкін. Компоненттің мазмұнын веб-беттің ортасында, ал модульдер оның шеттерінде орналасады. Алайда бұның бәрі шаблондармен анықталады. Компоненттер мен модульдердің орналасуы кез келген позицияны қабылдауы мүмкін. Joomla үшін кеңейтудің тағы бір түрі – мамботтар болып табылады.

Мамбот – кішкентай, мазмұнын бейнелеу және басқару әрекеттерін орнындайтын нақты бір міндетке бағытталған функция.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Колисниченко Денис Николаевич. Joomla! 1.5. Руководство пользователя. М., «Диалектика», 2009.
- 2 Хаген Граф. Создание веб-сайтов с помощью.
3. Дэн Рамел Joomla! Самоучитель = Beginning Joomla! From Novice to Professional. Санкт-Петербург., «БХВ-Петербург», 2008.
4. Максим Карелин. Многофункциональный сайт на Joomla! 1.6.

Роза ҒАЙСАҚЫЗЫ,  
Батыс Қазақстан облысындағы  
№3 Жаңақала жалпы орта білім  
беретін мектептің мұғалімі.

## «СӨЗІҢДІ САҚТАРМЫН, АТА ТӘРБИЕНДІ АҚТАРМЫН»

**1-жүргізуші:** - Құрметті қонақтар, ұстаздар мен шәкірттер! Ұлы жазушымыз М.Әуезовтің шығармашылық қызметіне байланысты «Сөзіңді сақтармын, ата тәрбиенді ақтармын» атты ХХІ ғасыр көшбасшысы интеллектуалды шоу ойын сабағын бастауға рұқсат етіңіздер! Бүгінгі кеште Абай, Мұхтар рухымен жүздесіп, сыр шертіп, ой толғаймыз.

**2-жүргізуші:** - Ұлт ұғымы – ұлы перзенті ұғымымен ұлағатты. Ұлыларды белгілі бір дәуір туғызады. Осыдан бір жарым ғасыр бұрын Шыңғыстауда Абай дүниеге келсе, араға уақыт сала сол Шыңғыстауда белгілі жазушы, драматург, академик М.Әуезов дүниеге келді.

**1-жүргізуші:** - «Абай жолы – халық жолы». Қазақ халқының ұлы ақыны Абай өмірі мен еңбегі – Әуезовтің шығармашылығында үлкен орын алған тақырыптардың бірі. Абай – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының бас кейіпкері, биік шаңырағы, арнамыстың асқар шыңы бола білген кемеңгер ақын.

**2-жүргізуші:** - Қазіргі қоғам талабына сай, өз бас бостандығын қорғай алатын, білімді, рухани байлығы мен мәдениеті жоғары адамгершілік, имандылық, ізгілік, мінез-құлқы қалыптасқан, жаңаша ойлау қабілеті жоғары дәрежеде дамыған, өз елінің

болашағына зор жауапкершілікпен сезіне қарайтын, Абай, Мұхтарлар көксеген ұрпақ – егеменді еліміздің – тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі – білімді ұрпақ сайысын бастайық.

**Бәйге.** (Шарты: сұраққа тез жауап қайтару, 10 ұпай жүйесімен бағаланады)

1. М.Әуезовтің 1937 жылы жазған әңгімесі қалай аталды? (*Татьянаның қырдағы әні*)

2. 1939 жылы Л.Соболевпен бірге жазған шығармасын ата. (*«Абай» трагедиясы*)

3. М.Әуезов «Абай» атты операның либреттосын және «Абай жырлары» атты көркем суретті фильмнің сценарийін қай жылы жазды? (*1945 жылы*)

4. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының бірінші кітабы қашан жазылды? (*1942 жылы*)

5. Екінші кітап нешінші жылы жазылды? (*1947 жылы*)

6. Үшінші кітап қай жылы жазылды, қалай аталды? (*«Ақын аға», 1952 жылы*)

7. Төртінші кітап қай жылы жазылды, қандай атпен жарияланды? (*«Абай жолы», 1956 жылы*)

8. Төрт томдық роман-эпопеяға қандай сыйлық берілді, нешінші жылы? (*1959 жылы, «Лениндік сыйлық»*)

9. Жазушы «Абай жолын» алғашқыда қалай атағысы келді? (*Телқара*)

10. «Қараш-қараш оқиғасы» повесі қашан жазылды? (*1927 жылы*)

11. Ғазиза қай шығармасының кейіпкері? (*Қорғансыздың күні*)

12. Қасым атты баланың қасіретті тағдыры қай шығармада сомдалған? (*Жетім әңгімесі*)

13. Жазушының буырқанған халық қайратын, күреске



толы әрекетін кең әңгімелеген шығармасын ата. («Қилы заман», 1928 жылы)

14. «Қараш-қараш оқиғасы» повесіндегі Бақтығұл шындық өмірде кімнің бейнесі? (Т.Рысқұловтың әкесі Рысқұлдың бейнесі)

15. Абайдың қыстауы қалай аталады? (Жидебай)

16. «Абай жолын» орыс тіліне аударған орыс жазушысы (Анов)

17. «Абай жолын» өзбек тіліне аударған кім? (Зумрад)

18. «Абай жолын» қырғыз тіліне аударған кім? (Суванбердиев)

19. Абай оқыған өзбектің ұлы ақыны. (Науаи)

20. Семейдегі порт жұмысшыларының тұрағы қалай аталады? (Затон)

**1-жүргізуші:** - «Халқының қадірлі ұлы, қамқоры, беймезгіл замандағы ауыр күндер қайраткері қазір ол бізбен бірге және біздің нәсілдерімізбен бірге болашаққа қарай қадам басқалы келеді. Сол болашақ, ұлы бақытты болашақ жөнінен бұл ақын өзінің көрегендік ақындық қиялымен бұлдыр сағым арасынан да аңдаған еді» - деп Мұхтар ағамыз жазса...

**2-жүргізуші:** - «Мәскеу бармай, Петербор бармай, Алматы келмей, Семей мен Жидебай арасында әлем, дүниенің күре тамырын басып көріп, бәрін байқап біліп отырған Абай бар» деген Асқар Сүлейменовтің сөз шындығына үңілсек, Жидебай да Лермонтовтың жиырма өлеңі және «Вадим» поэмасын аударса, ал Крыловпен еркін табысып, заманның кеселі мен кесірін, ұрпақ болашағына тиер кінәратын ортақтаса сынап, 14 шығармасын аударыпты. Қазақ даласына беймәлім Полонскийді де қазаққа танытып кетіпті.

**1-жүргізуші:** - «Әкенің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың» деген түйіннен достық

пен ынтымаққа бастап – өнерде әлемдік, өмірде барар болашаққа орыс халқы, орыс тілін байланыс көпір өрісі деп ұсынған.

Әр халықтың тілін, өнерін білген адам сонымен бірдейлік теңдікке кіреді, ешкімге арсыздана жалынбайды деп сол кездің өзінде ұлт теңдігінің, халықтардың өзара түсінуі арқылы бірін-бірін сыйлап, құрметтеуінің түйінін айтты. Орысқа табынуды, құлшылықты ұсынбайды, адам қоғам даму барысындағы атқарар қызметін, қадір мен құрметті, білімділікті мегзепті. «Жеті жұрттың тілін білген жеті жұрттың қамын жер» деп халқын білімге үндеген екен.

**Сайыс: Полиглот.** (Шарты: Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, оны орыс және ағылшын тіліне аудару.)

1. Абай жалғыз болмайды, алмағайын кезеңде арқа сүйері ... (халық-народ-people)

2.«М.Әуезовтің Абай романы – көркемдік дәрежесі ... шын мәніндегі энциклопедиялық шығарма».

**Қ.Сәтпаев.** (биік-высокий-big)

3. 1949 жылы «Абай жолы» романы жоғары бағаланып, бірінші дәрежелі ... сыйлық берілді. (мемлекеттік-государственная-country)

4.«Эпикалық роман – Абай, менің ойымша ... ең үздік шығармалардың бірі». **Луи Арагон.** (XXI ғасырдағы-век-century)

**1-жүргізуші:** - Абайдың шешендігі туралы өте сирек айтылады. Мектеп оқулықтарында, тіпті, жоқ деуге болады. «Өзім де басқа шауып төске өрледім, қазақтарға сөзге дес бермедім» деп өзі айтпақшы, шешендік өнерді жастай бойына сіңіріп өскен, өлеңмен де, қара сөзбен де оның ғажайып әдемі өрнегін салған Абайдың өзі артында қалдырған алғыр ой, өткір тілі мен жеріне

жеткізе айтқан ұшқыр әзіл-қалжындарымен, қиядан қиып түсер шешендік толғамдарымен «Абай жолында» Салиқа қыздың дауын, кедей жатақтарының, мал дауын шешуде жандандыра әңгімеленген.

**2-жүргізуші:** - Иә, Дина, Абай Бақанас деген жайлауда төбе би болып, (Салиқа қыздың дауы) керей, найман елінің жесір дауына билік айтып жатқанда, Байкөкше ақын есіктен кіріп келгенде Абай:

Тақыр жерге қауындап шөп бітеді,  
Кей адамға мал мен бас көп бітеді,-дегенде, Байкөкше:  
Пысықсыған жігітті болыс қойсаң,  
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді,-

деп Абайдың жанына келіп отыра кетіпті. Отырған би-болыстар «Мына Байкөкше Абаймен келісіп қойғандай қалай сөйлейді?» - дегенде, Байкөкше:

Сөз деген су емес қой ағып жатқан,  
Байлардың малы емес қой бағып жатқан.  
Парашыл би-болысты талай көрдік,  
Халықты сұр жыландай шағып жатқан, -депті.

Рақым деген болыс: «Абай-ау, мынау ақының кім еді, бәрімізді масқаралады ғой, жөн сөйлесе болмай ма? - дегенде, Абай: «Қазақ» десін-десін» деп жүріп «демесінді» ұмытып кетеді емес пе? Ақынның бәрімізге ой салып ескерткені шығар» - деген екен.

**Сайыс: Көкпар.** (Шарты: таблодағы нөмірлерді таңдап, жауап береді)

**№1.** Көзіңнен жақсы жанар көрдім ғой, шырағым! Ендігінің жүгі сенде қалар, балам! Жолың болсын! Жалғыз-ақ – өзгені берсе де, әкеңнің қаттылығын бермесін. Қай тарауда, кімнің сөзі? («Жолда», Бәсей сөзі)

**№2.** Құнанбаевтың білімге ұмтылу талабы аса зор. Құнанбаевта мені қызықтыратын бір қасиет бар. Көп

мәжілістес болдым. Жақын таныстым. Сонда Абай ауызынан: әділет, халық, халыққа адал қызмет деген сөз көп қайталанды. Онысы және тұрақты ой боп, көңіліне бекіген. Мені осы адамның бойындағы гуманизм қызықтырады. Мынау кім? Кімнің сөзі, қай тараудан?

*(«Еңісте», Михайлов)*

**№3.** Тобықтының атқамінерлері жиналған жиында «Тобықтының мырзасы, шешені, жомарты кім деген әңгіме болыпты, осы әңгімені әрі қарай өрбітсең.

**№4.** Ауыл аймақ болсын, ағайын ортасы болсын, Құнанбайдың іс-әрекетін, сәлемдерін әрқашан жіберген кісілеріне қарай салмақтап таниды екен. Сондай кісілері кімдер болыпты? Әңгімелеп бер.

**№5.** Көшбикеде жасалған қастандық туралы әңгімеле.

**№6.** «Қастықта» тарауында Дәрменнің сөзін айт.

**№7.** «Абай жолы» романында қазақтың салт-дәстүрінің қандай түрлері суреттелген, біреуін әңгімелеп бер.

**№8.** Салиқа қыздың дауы қалай шешіледі? Қай тарауда айтылған?

**№9.** Оразбайдың озбырлығы қай тарауда, қандай оқиғадан көрінеді?

**1-жүргізуші:** - Айдос, Мұхтар Омарханұлы айтқан ұлағатты сөздерді білесің бе?

**2-жүргізуші:** - Неге білмейін, білемін.

1. Жауға жалынба, досыңа тарынба.

2. Қыл өтпестей татулықты бір ашуға сатпа.

3. Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса – оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

4. Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім.

*(Жалғасы бар.)*

Ерлан ІБІТАНОВ,  
Шекара академиясының Мемлекеттік тіл  
басқармасының бастығы, полковник.

## ШЕКАРАШЫЛАР ҰСТАХАНАСЫ

Ел болып, егемендік алған жылдардан бастап Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздікті қорғау, қазақ даласының тыныштығы мен аумақтық тұтастығын сақтау, шекара шебін берік ұстау мәселесіне баса назар аударып келеді. Өйткені, шекара дегеніміз – тәуелсіздіктің тұғыры, мемлекеттің мәртебесі, ұлттық қауіпсіздіктің негізі. Елбасымыз атап көрсеткендей: «Мемлекеттік шекара – ата-бабамыздан қалған ұлы мұра». Демек, бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған, келешек ұрпаққа аманат етіп жеткізген қасиетті шекараны күзету, сол мақсатта сауатты мамандар дайындау – ардың ісі.

Бүгінде мыңдаған шекарашы ел шебінде қырағы қызмет атқаруда. Ал Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы шекара қызметін қажетті мамандармен қамтамасыз етіп келе жатқан әскери жоғарғы оқу ордасы болып табылады.

1931 жылғы 26 желтоқсанда құрылған әскери оқу ордасы өз тарихында білімді де білікті, мамандығын жан-жақты меңгерген шекарашы офицерлерді мыңдап шығарды. Олардың ішінде академиямыздың 300-ден астам түлегі «генерал» жоғары әскери атағына ие болды. Академия іргесінде білім алған офицерлер мемлекеттік шекараға бөгде қолдың сұғылмауын қамтамасыз ете отырып, Ұлы Отан соғысы мен

Ауған соғысының сұрапыл жылдарында, Даманск аралындағы, Жалаңашкөлдегі қанды оқиғаларда ерліктің ұмытылмас үлгісін көрсете білді. Одан бері тәуелсіз Қазақстанның қасиетті шекарасын күзету мен қорғау жолында да шекарашылар жанқиярлық ерліктермен қажымас қайсарлық танытып, ел аманаты мен бейбіт тыныштықты сақтауға зор үлес қосты. Отан үшін от кешкен сол батырлардың өшпес ерліктерінің үлгісімен қазіргі жауынгер ұрпақ тәрбиеленуде. Бүгінде ТМД елдеріндегі шекара әскерлері қолбасшыларының басым көпшілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің басшылық құрамы – түгелдей дерлік Шекара академиясының түлектері.

Біздің түлектеріміз – еліміздің мақтан тұтар азаматтары. Генерал-лейтенант Б.Зәкиев, генерал-майор Т.Бұзыбаев, А.Москалев, А.Ілиясов, Б.Қырғызбаев, Е.Жаңабергенов, М.Марденов, Ш.Өтепов, М.Мәжитов, Н.Алдаев, полковниктер Т.Стамбеков, А.Брекешов, Р.Зәкиев, М.Коломеец, Н.Касаманов, А.Сәрсембеков, С.Курилов, М.Дайшов, Е.Иманәлиев, В.Абрамов және басқа да елі үшін туған ерлер тәуелсіз Қазақстанның шекарасын қайта қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру мен жүзеге асыруда жетекші рөл атқарды.

Тәуелсіз жас мемлекетіміздің әрбір даму кезеңі «шекарашылар ұстахансының» әр күнімен тығыз байланыста көрініс тапты. Шекара академиясының ұжымы әртүрлі қиындықтарға қарамастан аға буынның озық дәстүрлерін сақтап, оқу орнының педагогикалық және ғылыми әлеуетін, оқу және материалдық-техникалық базасын арттыра білді. ҚР ҰҚК Шекара академиясында жоғары лауазымдарда қызмет атқарған генерал-майор Н.Асыллов, полковниктер П.Таратута, С.Жұпқазиев, В.Лайко, С.Галлиев сияқты біздің

түлектеріміз өздері білім нәрімен сусындаған оқу ордасының қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттерін жоғары деңгейде ұйымдастыра отырып, Шекара қызметіне білікті кадрлар дайындауға айтарлықтай үлес қосты.

Еліміз егемендік алғалы алты мыңнан астам шекарашы-офицер өз білімдерін жетілдіріп, Шекара қызметіне жолдама алды. Сондай-ақ, мемлекетаралық келісімдер негізінде тәжік, қырғыз, ауған елдеріне сол елдің азаматтарын оқыту арқылы мамандар дайындалуда. Осыған орай, әскери жоғары оқу орнында оқу-тәрбиелік жұмыстарымен қатар қайта жасақтау, Шекара қызметінің бөлімдері мен құрылымдарынан білікті әскери кадрларды тарту, олармен тәжірибе алмасу, оқу үдерісінің жаңа әдіс-тәсілдері мен материалдық-техникалық базасын жетілдіру сияқты келелі істер атқарылуда.

Әскери қызмет ретінде педагогикалық, стратегиялық, тактикалық және оперативтік тұрғыда сала-салаға жіктеліп, ғылыми зерттеулер жүргізу ісінде оң жолға қойылды. Соның нәтижесінде 2008-2010 жылдар аралығында академияның ғылыми әлеуеті 10 әскери және педагогика ғылымдарының докторы және 26 ғылым кандидатымен толыға түсті. Қазіргі таңда Шекара академиясының оқу үдерісінде білім берудің жаңа жүйесіне негізделген «бакалавр-магистр-PhD» бағыты бойынша оқытудың барлық сатылары қамтылған.

Бүгінде оқу-тәрбие үдерісі мен материалдық-техникалық базаны дамытумен қатар, профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби деңгейін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатта біздің офицерлер Ресей Федерациясы ФҚҚ Шекара академиясында, ФҚҚ

Академиясында, АҚШ кеден-шекара қызметі Шекара академиясында, Австрия полициясы Кинологиялық орталығы мен Қазақстанның басқа да оқу орындарында біліктілікті арттыру бағытындағы арнайы дайындық курстарынан өтіп, өзара тәжірибе алмасуда.

Мұндай толағай табысқа жетуде Шекара академиясына парасатты ұйымдастырушылық қабілетімен жетекшілік жасап, оның жан-жақты өркендеп өсуіне білікті мамандармен, ғылыми-педагогикалық ой-өрісі кең, өз ісінің кәнігі шебері атанған ұстаздармен толықтыру ісіне зор жауапкершілікпен қарап, ерекше үлес қосып келе жатқан Шекара академиясының бастығы, генерал-майор Есетов Талғат Малғаждарұлының сіңірген ерекше еңбегін атап айтқан орынды.

Міне, ел ертеңі мен жарқын болашақ үшін аянбай тер төге отырып жеткен осындай жетістіктері мен табыстары үшін 2011 жылы біздің осы оқу ордасына Елбасының Жарлығымен «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы» деген мәртебелі атау берілді. Бұл сенім жоғары әскери оқу ордасына жаңа міндеттер мен жауапкершіліктер жүктейді.

2008 жылғы тамыз айында мемлекеттік тіл бөлімінің мемлекеттік тіл басқармасы болып қайта құрылуы — мемлекеттік тілдің кеңінен өріс ала бастағанының жарқын айғағы. Бүгінде осы басқарманың жемісті қызметін майор Д.К.Аманов, капитан С.Н.Садықов, аға лейтенант Б.Ж.Диханбаев, сержант Г.М.Әмірбаева және қызметші Р.Т.Жұманазарова одан әрі абыроймен жалғастырып, көпшіліктің құрметіне бөленуде.

Мемлекеттік тіл басқармасы қазіргі уақытта қызметін ұлттық қауіпсіздік органдарында және ҚР ҰҚК Шекара академиясының басқа бөлімшелерінде



игілікті істерімен көркейтп, ел алғысын арқалаған қызметкерлерін әрқашан мақтан тұтады. Олар: С.С.Дүйсенова, Ж.А.Байназаров, Т.Д.Тұрлықожаев, Қ.М.Солтанов, Б.Үсен, Р.Б.Әбділдинов, Р.С.Карасев, Н.Ф.Әлмен, Е.А.Адамқұлов, Е.С.Мақаншин, Г.Б.Мамаева, А.Н.Мұқышева, С.Қ.Қайролданова.

Сөз соңын ақынның көңіл тербер жыр шумақтарымен түйіндегенді жөн көрдім. Ол былай дейді:

Нағыз бақыт – еш адаспай жолда айқын  
Ұрпағымыз еркін жүзсе көлде айдын!  
Халқымыздың тыныштығын қорғайтын  
Шекарашы жауынгерлер – елге айбын!

Ұстамды ұстаз дәрісіне тоймайтын  
Қыран шәкірт қос қанатын қақты алыс!  
Жас ұрпақтың болашағын ойлайтын  
Шекарашы генералдар – мақтаныш!

Жүрегінде сөз құрышын балқытқан,  
Паналамай мықты дәулер тасасын,  
Мемілекет тіл мерейін шалқытқан  
Басқарманың мамандары жасасын!

Тілек айтып ата-баба жолымен,  
Бірге тойлап мерекелік қызығын,  
Құттықтаймын 80 жылдық тойымен  
Шекаралық Академия ұжымын!



**А.ДУШАНБАЕВА.**  
преподавательница  
Каспийского государственного  
университета технологий и  
инжиниринга им. Ш.Есенова.

## **СТРУКТУРА И СОДЕРЖАНИЕ, УМЕНИЕ САМООБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ**

Самообразование-категория, широко востребованная в различных областях человеческого знания. В философии её понимают с позиций индивидуально личностного процесса познания человеком окружающего мира с помощью сбора и переработки информации о свойствах объективной деятельности.

В психолого-педагогических исследованиях самообразование представляет собой деятельность, которая разворачивается во внутреннем плане и осуществляется с помощью различного рода мыслительных операций, производящихся человеком над идеальными объектами, вследствие чего происходит усвоение знаний.

При этом знания детерминируются, окрашиваются личностным отношением и включаются в личностную систему знаний. Самообразование, таим образом, есть интеллектуальная деятельность по

самоизменению, саморазвитию, результатом которой являются те изменения, которые происходят в самом субъекте.

Возрастные психофизиологические особенности студентов обуславливают достаточно содержательный, всесторонний и реалистический проход к самообразовательной деятельности. Основным мотивом выбора становятся определенные студентами цели. Проводимый или выбор цели и содержание предмета самообразования во многом обусловлен объективными факторами.

Психологами подмечено, что в этом возрасте характерно попытка развивать свои качества в общественно-значимой деятельности, добросовестно выполняя свои основные обязанности. Опираясь на это мнение, следует отметить, что выбор содержания предмета самообразования, студенты осуществляют по значительному влиянию учебного процесса. Свобода выбора содержания предмета самообразования фактически обуславливает общественно-значимой системой деятельностью преподавателя и студента в процессе обучения.

Участвуя в учебном процессе, студенты выражают свое отношение к нему. Усваивая определенное содержание обучения, они соотносят его со своими потребностями в самообразовании с поставленными задачами. В результате у студентов появляются конкретные мнения о роли и месте предмета-самообразования профессиональной

деятельности, о его содержании. На этой основе у них складывается определенные представления о том, на что необходимо определить дополнительное внимание, на чем сосредоточить свои усилия. Через преподавателя студенты могут получить информацию о дополнительных источниках, овладение которыми позволили углубить их знания о предмете самообразования или рекомендации о способах приобретения определенных предметов и навыков.

Таким образом, под влияние внутренних мотивов, сформированного мировоззрения, полученного образования и условия учебного процесса студенты принимают решения о содержании предмета самообразования.

В педагогической науке самообразование как предмет исследования предполагает изучения условий и средств развития личности, пути и средства управления и самоуправления самообразовательной деятельности. Это систематическая, познавательная, добровольная деятельность, осуществляемая по инициативе и при внутреннем побуждении личности, основывающаяся на предшествующих формах обучения и управляемая самим учеником.

Разные исследователи по-своему трактуют самообразование как целенаправленную систематическую познавательную деятельность, управляемую самим учеником, как познавательную деятельность, основывающуюся на предшествующих

формах обучения и являющуюся их следствием и диалектическим продолжением, как деятельность, осуществляемую по инициативе самой личности, как добровольное, систематическое добывание знаний, основанное на познавательном интересе.

Как особый вид познавательной деятельности самообразование, по мнению ученых предполагает наличие положительных мотивационных активности, проявление значительных волевых усилий, наличие целеустремленности и самоорганизованности, достижение высокого уровня интеллектуального развития, сформированность, определенная совокупности познавательных умений, достижений высокой самостоятельности, наличие адекватного уровня самооценки. Кроме того, как уже отмечено, основы самообразования являются учение, которое осуществляется в современных условиях в различных учебных заведениях при управляющей функции педагога.

Самообразовательная деятельность осуществляется при самоуправлении личности, самообразование есть нечто иное, как переход от системы управления к самоуправлению.

Нужно отметить, что, несмотря на разнообразие в понимании сущности самообразования, все авторы считают, что самообразование является познавательной деятельностью, что самообразование не может осуществляться само по себе. Основой самообразования является знания, приобретенные в

процессе организованного обучения.

Эти выводы указывают на тесное единство учения и самообразования, так как учения и самообразования являются познавательной деятельностью.

Несмотря на то, что проблема самообразования относится к числу вечных проблем, в которые никогда не перестают волновать человека, а также и то, что термин самообразование, довольно часто употребляется в научной литературе, его теоретический статус и специфика определены еще недостаточно точно. Причина состоит не в том, что этих определений мало, а в многогранности изучаемого явления.

Настоящее время исследованием проблемы занимаются представители различных наук: философы, социологи, психологи, педагоги. Философия ученых подходит к пониманию самообразования, как индивидуально-личностного процесса познания человека окружающего мира. А потому ключом к философскому пониманию объективных предпосылок и закономерности самообразовательной деятельности является диалектико-материалистическая теория познания.

Кроме того, должен быть преодолен еще один недостаток существующего положения дел. Высшие учебные заведения в настоящее время сталкиваются с очевидным противоречием: требования к качеству подготовки специалиста растут, диапазон индивидуальных различий студентов ширится, а

условия обучения в большинстве своем остаются прежними, сильна, к сожалению, тенденция ориентации процесса обучения на некоего среднестатистического, обобщено воспринимаемого студента, реально вряд ли существующего и представляющего собой совокупную модель, тип субъекта учения. Это приводит к нивелированию индивидуальных проявлений каждой личности обучающегося, соответственно, схоластичности многих предлагаемых подходов и теорий организации педагогического процесса в университетах.

### **Использованные литературы:**

1. Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев Теория деятельности.
2. В.А.Сластенин, В.Г.Рындак. Теория непрерывного образования.
3. А.К.Громцева. Понимание сущности самообразования.
4. В.В.Сериков, В.В.Юдин. Педагогическая технология.
5. В.Г.Богин, И.С.Ладенко. Теория рефлексивной деятельности.
6. Ю.К.Бабанский, В.С.Ильин. Концепция целостного процесса формирования личности.



**Бас редакторы - Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.**

**Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

**Жауапты редакторы – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6552-Ж Куәлігі** берілген.

Басуға 20.12.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 485.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер: 256-06-46. Факс: 256-13-41.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru**

**Басылатын жері – «Алматы – Болашақ» акционерлік Қоғамы.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ  
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА  
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ  
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №6, 2011ж., 144 бет, Алматы.